

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

**«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы**

**Казахский язык и литература
в русской школе**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ**

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

4/2013 СӘУІР

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ**

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

***Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.***

<i>Басшылыққа алар тірегіңіз</i>	
Баянғали ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ.	Ана тіл – арым, иманым.....3
<i>Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі</i>	
Съездің ұйымдастыру комитеті.	Ақпараттық хабарлама.....13
<i>Сиезге сіңімді сыйлықтар</i>	
Жанат АЙТБАЕВА, С.ҚАЙЫРБАЕВА.	Грамматиканы меңгертудегі жаттығу жұмыстарының тиімділігі16
Шолпан ТҮКТІҒҰЛОВА, Ұлжалғас ЖИРЕНБАЕВА.	8-9-сыныптарға арналған құрмалас сөйлемдердің үлгілері.....19
Ботакөз ҚОЖАХМЕТОВА.	6-сынып оқушыларына арналған қазақ әдебиеті пәнінен жұмыс дәптерінің 16-19-беттері.....25
Әлия МҰҚАТАЕВА.	Диалект және әдеби тілді қолдану нормалары.....30
<i>Қызықты грамматика</i>	
Гүлнұр ОСПАНОВА.	Грамматикалық жаттығулар.....35
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Нұргүл ШАЯХМЕТОВА.	Тіл дамытқан құдірет – туған жер.....40
Бақыт МУТАИРОВА.	Сөздік қоры мол Қазыбек шешен.....44
Жібек ТІЛЕУҚАБЫЛОВА.	Сөйлеу мәдениетін қалыптастырған алғашқы қазақ газет-журналдары.....48
Салтанат ОРАЛҚЫЗЫ. Роза БЕКЕШОВА.	Құрмалас сөйлемде – Бібырай Алтынсарин.....54
Махаббат ДЮСЕМБАЕВА.	Сауатты сөйлем құратқан – әл Фараби еңбектері.....59
Дина БАЛМҰХАНОВА.	Етістіктің шақтары.....64
Алмагүл ФАЗЫЛОВА.	Жаңа сөздер және тұңғыш Елбасы.....68
	Есімдікті қайталауда – «Табиғатты қорғау» тақырыбы.....72
<i>Бір тақырыпқа – екі мақала</i>	
Ардақ МАРАТҚЫЗЫ.	Дұрыс сөйлеуге үйреткен Астана.....75
Ләззат ЕРСАРИНА.	Дұрыс сөйлеуге үйреткен Астана.....80
<i>Білім негізі – бастауышта</i>	
Анар ДАЙЫРОВА.	Жаңа сөздерді меңгерткен – менің бөлmem.....88
Жұмабике ОРАЗБАЕВА.	Ауызекі сөйлеуге дағдыландырған Қазақстан.....92
Тиыштық ӘБЕТАЕВА.	Жіктік жалғауын оқытқан шын дос.....97
<i>Сабақта – М.Мақатаев</i>	
Меруерт ТАБЫЛҒАНОВА.	Шығармашылыққа баулыған «Үш бақытым».....102
Назгүл БОЛАТБАЙ.	Сөйлеу мәдениетінде – жанға жақын жырлары.....107
<i>Сыныптан тыс тәлім</i>	
Арайлым СЕРІКБАЕВА.	Құрғақ сөзге жоқ ұлттық салт-дәстүр.....112
Балжан ТОЙКЕНОВА.	Тіл тағдырын ойлатқан – ел мен жер.....115
<i>Білім сынағында</i>	
Гүлмира ӘЛІМЖАНОВА.	11-сыныпқа арналған бақылау диктанттары.....123
Қарлығаш ТАГИМАНОВА.	ҰБТ-ға дайындық кесте.....131
<i>Ептілік сабағы</i>	
Айнұр НАҒАШЫБАЕВА.	Тың сөз бен қимылға бай акробатика.....141

Баянғали ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ,
«Өрлеу» Біліктілікті арттыру
ұлттық орталығы АҚ
Астана қаласы бойынша
педагог қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты
Мұғалімнің кәсіби дамуын
педагогикалық-психологиялық қолдау
кафедрасының доценті.

АНА ТІЛ – АРЫМ, ИМАНЫМ

*(орыс тобындағы қазақ студенттеріне арналған
элективті (таңдаулы) курс бағдарламасы)*

Пікір берушілер:

Т.М.Артықова – п.ғ.к., доцент, С.Бәйішев атындағы
Ақтөбе университетінің аға оқытушысы;

Н.Садуақасов – ф.ғ.к., доцент, Ақтөбе мемлекеттік
педагогикалық институтының аға оқытушысы.

Бұл бағдарлама университеттің 1-курс студенттеріне
(орыс тобында оқитын) арналған. Бағдарлама ұлты
қазақ балаларының ұлттық танымын өз ана тілінде
қалыптастыруды көздей отырып, ұлттық тәрбие арқылы
ұлтжандылыққа тәрбиелеуді мақсат тұтады.

Астана қалалық Білім беру жүйесіндегі кадрлар
біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының ғы-
лыми кеңесінде мақұлданған. Хаттама № 22, 05.05.2010 ж.

Түсінік хат

Ана тілін ардақтау – әрбір адамның міндеті. Ана тілін
еркін меңгеру – ұлт сипатын сақтаудың басты шарты. Бұл
басқа ұлт тілдерін меңгеруге бөгет жасамайды. Қайта шетел

тілдерін меңгеруге пәрменді көмек жасайды. Сондықтан да орыс тобында оқитын ұлты қазақ студенттерді ұлтымыздың тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, әдебиеті мен мәдениетін жете білуге баулу негізінде осы

«Ана тіл – арым, иманым» деген тақырыпта элективті курстың бағдарламасы жасалып отыр. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – студенттерге ұлтжандылық, отансүйгіштік, ұлттық тәрбие беру. Студенттердің қазақ тілі мен әдебиетіне, қазақ халқының мәдениеті мен өміріне сүйіспеншілігін арттыру, шығармашылықпен жұмыс жасауға бейім студенттерді баулу, олардың тіл байлығын байыту, өз ойларын еркін, орамды тілмен жеткізе білуге дағдыландыру. Студенттерді ізденіске, ғылыми зерттеулерге баулу, өз ынтасымен білімін толықтыруға жетелеу.

Бағдарлама он бөлімнен тұрады:

1. Мен – қазақпын.
2. Отаным – алтын ордам.
3. Қазақстан – көне қоныс.
4. Даналар сөзін жатта.
5. Қазақты әлемге танытқан зиялылар.
6. Ұлттық салт-дәстүр – тәлім-тәрбие көзі.
7. Қазақ халқының ұлттық саз аспаптары.
8. Қазақ – өнерлі халық.
9. Тарих көшіменен әрі асу.
10. Қазақ – осы.

Бағдарламаның соңында қысқаша әдістемелік нұсқау және осы бағдарламамен жұмыс жасау барысында пайдалануға болатын әдебиеттер тізімі берілген. Элективті курстың тақырыптық-күнтізбелік жоспары қазақ әдебиеті мен Қазақстан тарихы пәндерімен байланыста құрылды.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалды.

1. Элективті курстың тақырыбы мен мақсат, міндеті туралы жалпы мағлұмат (әр тақырыпқа шолу, 1 сағ.).

2. Мен – қазақпын (Ана тілінің қадір-қасиеті; қазақ тілі туралы ой-пікірлер, бір бәйтерек бұтағымыз, туыс тілдер, қазақ тілін зерттеуші ғалымдар, тіл білімінің негізін салушылар туралы. 3 сағ.).

3. Отаным – алтын ордам (Қазақстан Республикасы жөнінде, «Кір жуып, кіндік кескен жер» туралы толғаныс, туған жердің қадір-қасиеті; Қазақстан мемлекетінің негізгі заңдары, рәміздер, елдегі саясат, қалалар, Қазақстан табиғаты, кинотеатрмен байланыс жасап, туған жер туралы киноға бару, талқылау. 3 сағ.).

4. Қазақстан – көне қоныс (Көне Отырар, Түркістан, т.б. көне қалалар, тарихи ғажайыптар, мұражайлар, хандар, билер, даналар, тарихи-өлкетану мұражайларымен байланысқа шығып, саяхаттар жасау, т.б. 3 сағ.).

5. Даналар сөзін жатта (Халық ауыз әдебиеті; батырлар жыры, шешендік өнер, аңыздар, Шығыс ойшылдары (Мұхаммед әл Хорезми, Ғаббас әл Жауһари, әл Фараби, Ахмет Иассауи, Әбу әли Ибн Сина, Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари, Омар Хайям, т.б. Көне түрік әдебиеті; қазақ халық поэзиясы. Поэзия кешін ұйымдастыру. 3 сағ.).

6. Қазақты әлемге танытқан зиялылар (Қазақ тарихын зерделеушілер, қазақтың әдет-ғұрыптары, қазақ елі туралы өзге ұлттардың пікірлері, олардың қазақ тіліне қосқан үлестері, т.б. Ғаламтормен жұмыс. 3 сағ.).

7. Ұлттық салт-дәстүр – тәлім-тәрбие көзі (Қазақ отбасы, жеті ата, ұлттық тәрбие, туыс-жекжат қарым-қатынасы, қазақтың тойлары, ырымдары, дәстүрлері, ата-кәсібі, ұлттық тағамдары, киімдері, ойындары, бұйымдары, қонақ күту рәсімдері, тыйым сөздер, т.б. Қазақтың тойына қатысу, ой бөлісу. 3 сағ.).

8. Қазақ халқының ұлттық саз аспаптары (Ұлттық аспаптардың шығу тарихы, қасиеті мен құдіреті, киесі, қазақтың күйшілері, әншілері, ақындары мен жыраулары, т.б. Дәстүрлі ән-күй кешіне бару. 3 сағ.).

9. Қазақ – өнерлі халық (Халық өнерін зерттеушілер, жалғастырушылар, өнер адамдары, т.б. Өнер адамдарымен кездесу ұйымдастыру, театрмен байланыс жасау, қойылымдар тамашалау, ой бөлісу. 3 сағ.).

10. Тарих көшіменен әрі асу (Қазақтың құнды шығармаларын насихаттау, дамыту, ұрпаққа жеткізу, солар арқылы ұрпақты рухани жағынан байыту (әдебиет, мәдениет, өнер, тарих, т.б.), тәуелсіз мемлекетіміздің әлі талай асулардан өтуіне қызметтер істеуге арналған жұмыстар. Шетелден білім алған қазақ азаматтарымен кездесу ұйымдастыру. 3 сағ.).

11. Қазақ – осы (Қазақ халқын кең көлемде тану, білу, құрметтеу, өз Отанын сүю, ұлтжандылық қасиетті қалыптастыру, «Мен – қазақпын» деп әр уақытта елінің болашағы үшін қызмет істей алатын ұрпақ тәрбиелеу). Элективті курс бойынша портфолио дайындау. Мемлекеттік тіл туралы байқауларға, жобаларға қатысу. 3 сағ.).

Орыс тобындағы қазақ тілі пәні бойынша элективті курстың тақырыптық-күнтізбелік жоспары

№	Бөлімдер	Тақырыптың мазмұны	Шығ. жұмыстар	Тіл дамыту	Сағ.
1	Кіріспе сабақ.	Сабақтың тақырыбы мен мақсаты, міндеті туралы жалпы мағлұмат.		Әңгімелеу.	1

2	Мен – қазақпын.	Ана тілінің қадір – қасиеті; қазақ тілі туралы ой-пікірлер, бір бәйтерек бұтағымыз, туыс тілдер туралы, қазақ тілін зерттеуші ғалымдар, тіл білімінің негізін салушылар, т.б.	Тақырып бойынша иллюстрациялар.	Әңгімелеу.	3
3	Отаным – алтын ордам.	ҚР, «Кір жуып, кіндік кескен жер» туралы толғаныс, Қазақстан мемлекетінің негізгі заңдары, рәміздер, елдегі саясат, қалалар. Кинотеатрмен байланыс жасап, туған жер туралы киноға бару, талқылау.	Тақырып бойынша альбом дайындау.	Әңгімелеу.	3
4	Қазақстан – көне қоныс.	Көне Отырар, Түркістан, т.б. көне қалалар, тарихи мұражайлар, хандар, билер, даналар. Тарихи-өлкетану мұражайларымен байланысқа шығып, саяхаттар жасау.	Тақырып бойынша буклет дайындау.	Сұхбат.	3
5	Даналар сөзін жатта.	Халық ауыз әдебиеті, Шығыс ойшылдары (Мұхаммед әл – Хорезми, Ғаббас әл – Жауһари, Әл Фараби, Ахмет Иассауи, Әбу әли Ибн Сина, Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари, Омар Хайям, т.б.), көне түрік әдебиеті, қазақ халық поэзиясы. Поэзия кешін ұйымдастыру.	Ертегілер бойынша иллюстрация жасау.	Әңгімелеу.	3

6	Қазақты әлемге танытқан зиялылар.	Қазақ тарихын зерделеушілер, қазақтың әдет-ғұрыптары, қазақ елі туралы өзге ұлттардың пікірлері, олардың қазақ тіліне қосқан үлестері, т.б. Ғаламтормен жұмыс.	Эссе жазу.	Мән-жазба.	3
7	Ұлттық салт-дәстүр – тәлім-тәрбие көзі.	Қазақ отбасы, жеті ата, ұлттық тәрбие, туыс – жекжат қарым – қатынасы, қазақтың тойлары, ырымдары, дәстүрлері, ата кәсібі, ұлттық тағамдары, киімдері, ойындары, бұйымдары, қонақ күту рәсімдері, тыйым сөздер, т.б. Қазақтың тойына қатысу, ой бөлісу.	Тақырып бойынша альбом жасау.	Сұхбат.	3
8	Қазақ халқының ұлттық саз аспаптары.	Ұлттық аспаптардың шығу тарихы, олардың қасиеті мен күдіреті, киесі, қазақтың күйшілері, әншілері, ақындары мен жыраулары, т.б. Дәстүрлі ән-күй кешіне бару.	Тақырып бойынша альбом жасау.	Әңгімелеу.	3
9	Қазақ – өнерлі халық.	Халық өнерін зерттеушілер, жалғастырушылар, өнер адамдары, т.б. Өнер адамдарымен кездесу ұйымдастыру, театрмен байланыс жасау, қойылымдар тамашалау, ой бөлісу.	Өнер адамдары туралы материалдар жинау.	Әңгімелеу, ән жаттау, шырқау.	3

10	Тарих көшіменен әрі асу.	Қазақтың құнды шығармаларын насихаттау, дамыту, ұрпаққа жеткізу, солар арқылы ұрпақты рухани жағынан байыту (әдебиет, мәдениет, өнер, спорт, тарих, т.б.), тәуелсіз мемлекетіміздің әлі талай асулардан өтуіне қызметтер істеуге арналған жұмыстар. Шетелден білім алған қазақ азаматтарымен кездесу ұйымдастыру.	Қазақстанға сен қандай үлес қоспақсың?	Әңгімелеу.	3
11	Қазақ – осы.	Қазақ халқын кең көлемде тану, құрметтеу, өз Отанын сүйу, ұлтжандылық қасиетін қалыптастыру, «Мен - қазақпын» деп әр уақытта елінің болашағы үшін қызмет істей алатын ұрпақ тәрбиелеу. Курс бойынша портфолио дайындау. Мемлекеттік тіл туралы байқауларға, жобаларға қатысу, т.б.		Мән-жазба немесе курстық жұмыс.	4
	Барлығы:				32

Қысқаша әдістемелік нұсқау

Элективті курста дамыта оқыту технологияларын, интерактивтік әдістерін, басқа да оқытудың жаңа, әртүрлі әдістерін қолдану оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытудың бір факторы болып табылады. Мұндай сабақтардың ерекшелігі өзіне деген сенімділігін арттырады, өзін еркін ұстай білуге баулиды, оларды шығармашылық жұмысқа бағыттайды, қызығушылығымен қабілетін арттырады, жеке тұлға ретінде қалыптасуына

ықпал етеді. Сабақ барысында әр студент өзіндік тұжырымы арқылы жаңа материалды саналы түрде игереді. Сабақтың қызықты, тартымды өтуі оның дұрыс ұйымдастырылуына, жоспарлануына байланысты. Сабақта жүргізілетін жұмыстардың түрлері ауысып, түрленіп отыруы – міндетті шарттардың бірі. Әрбір жұмыс түріне берілетін уақытқа да ерекше көңіл бөлу қажет, өйткені бір жұмыс түріне уақыт көп бөлінсе немесе жиі қайталанып отырса, ол студенттерді жалықтыратыны сөзсіз. Сондықтан оқытушы сабақты дұрыс жоспарлауға, оны түрлі әдіс-тәсілдермен әсерлі өткізуге ерекше мән беруге тиіс.

Көрнекі құралдар сабақтың ұтымдылығын арттыратыны белгілі. Қазіргі кезде қазақ тілі мен әдебиетіне байланысты көрнекіліктер көптеп шығарылып жатыр. Осы тақырыпқа байланысты шығып жатқан әр түрлі плакаттарды, буклеттерді, электронды материалдарды пайдалану арқылы сабақты түрлендіруге болады. Студенттерге шағын шығарма, мәнжазба, курстық жұмыс жазғызу барысында газет – журнал материалдары да кеңінен пайдаланылады.

Техникалық құралдардан фильмоскоп, ұнтаспа қолдануға болады. Қазақтың ақын-сазгерлерін өткен кезде олардың шығармаларын ұнтаспадан тыңдату өте қолайлы.

Элективті курста оқытушы жаңа материалды студенттің бұрын алған біліміне сүйене отырып беруі керек.

Сонда студенттердің бұрын алған білімі қайталанып отырылады да, жаңа материалды тез ұғуға мүмкіндік туады. Элективті курсқа арналған арнайы оқулық жоқ. Керекті материалдарды оқытушы өзі жинақтап, іріктеп алады. Сондықтан оқытушы материал жинақтаған кезде мәтіндердің тілінің жеңіл, жатық болуын, көлемінің студенттердің жас ерекшелігіне сәйкес, рухани құндылықтарға толы ұлттық тәрбие беру арқылы ұлтжандылыққа тәрбиелеуге болатынын ескерген жөн.

Студенттерге қойылатын талаптар:

1. «Қазақ кім?» деген сауалға толық жауап бере білу;
2. Тілді терең меңгеру;
3. Қазақ халқының зиялыларын жақсы танып білу;
4. Қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері жайлы жетік білу;
5. Қазақ халқының тарихы мен тарихи тұлғаларын жетік білетану;
6. Отан, туған жер, елдің қадір-қасиетін жүрегімен сезіне білу;
7. Қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын оқу, білу, түсіну;
8. Кез келген еркін тақырыпқа шығарма жаза білу;
9. Шығармалардан үзінді оқу;
10. Мәнерлеп оқудың қыр - сырын жақсы меңгеру;
11. Шығармаларды талдай білу;
12. Өнер ордаларымен байланыс жасау;
13. Халықтың ауыз әдебиетін терең білу;
14. Сауатты жаза білу;
15. Өз елінің ұлтжанды да білікті азаматы болатынына сену.

Элективті курсқа берілген мәтіндерге қойылатын талаптар:

Мәтіндер оқу үрдісінің талабында көрсетілген тақырыптарға сай, республиканың өміріне, мәдениетіне, тарихына, халықтың салт-дәстүріне байланысты тақырыптарға құрылуы тиіс.

Әр мәтін өтілген лексика-грамматикалық минимумға сай болуы керек, бірақ студенттердің сөздік қорын молайту мақсатында лексикалық материал бірте-бірте енгізіліп отырылады, оның көлеміне мән берілуі керек.

Мәтіннің тәрбиелік жағына көңіл бөлінгені жөн. Мазмұны тартымды, тілі жеңіл, түсінікті болуы шарт.

Мәтіндер жеңілден ауырға қарай іріктеледі. Мәтіндерде Қазақстан, оның мәдениеті, әдебиеті, тарихы, салт-дәстүрі, қазақ ақын-жазушылары, ғалымдары, сазгерлері, тарихи тұлғалары, өнер қайраткерлері туралы толық мағлұмат беріледі.

Элективті курс бойынша студенттердің алған білімін тексеру жұмыстарының түрлері:

1. Тест сұрақтарына жауап алу;
2. Оқылған мәтінге аннотация жаздыру;
3. Әр түрлі диктанттар жазғызу (шығармашылық, терме, сөздік, графикалық, т.б.);
4. Берілген жоспар бойынша шығарма жазғызу («Қазақтың ұлттық ойындары», «Ұлттық қолөнер», «Менің Қазақстаным», т.б.);
5. Әр тақырып бойынша құрастырылған сұрақтарға жазбаша жауап алу;
6. Сурет, тірек сөздер бойынша шағын шығарма жаздыру;
7. Берілген тақырыптар бойынша мәнжазбалар, курстық жұмыстар жаздыру, қорғату.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ж.Нығмет. Қазақ тілі хрестоматиясы. А., «Білім», 2003.
2. Ә.Жәнібеков. «Жолайрықта». А., «Рауан», 1995.
3. С.Алтаев. «Шығыстың тәтті тағамдары». «Қайнар», 87.
4. А.Жүнісов. «Бабалар дәстүрі». А., 1992.
5. Б.Төтенаев. «Қазақтың ұлттық ойындары». «Қайнар», 1994.
6. А.Жұбанов. «Замана бұлбұлдары».
7. Х.Марғұлан. «Қазақтың қолөнері». А., «Өнер», 1987.
8. Ж.Кәрменов. «Халық әндері мен халық композиторларының әндері». А., «Өнер», 1990. «Білім», 2003.
9. «Қазақтың зергерлік әшекейлері». А., «Өнер», 1990.
10. «Ағаш ою». А., «Өнер», 1994.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі осы жылғы мамыр айының екінші онкүндігінде «Қазақстан Республикасындағы филологиялық білім беру: қазіргі жайы және даму болашағы» тақырыбында Астана қаласында, Тәуелсіздік Сарайында (Тәуелсіздік даңғылы, 52) филологтар Съезін өткізеді.

Съезді өткізудегі негізгі мақсат: әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу жағдайында филологиялық білім беруді жетілдіру болып табылады. Съезд барысында тіл мен әдебиет саласында қазіргі заманғы білім берудің төмендегідей түрлі аспектілеріне арналған пленарлық және секциялық мәжілістер, дөңгелек үстелдер, пікіралысу, пікірталас алаңшаларының жұмыстары ұйымдастырылады:

- қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен білім беру мәселелері;
- үш тілде білім берудің жан-жақты тұлға қалыптастырудағы орыны;
- ағылшын тілін ертерек оқытуды енгізудің жолдары және өзектілігі;
- оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту;
- мұғалімдердің 12 жылдық білім беруге көшу жағдайындағы жұмысқа әзірлігі;
- оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдері;
- Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуға көшу жағдайында гуманитарлық білім мазмұнының вариативтік ерекшеліктері;
- филологиялық білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ету мақсатында сабақтастық ұстанымын сақтау;

- халықаралық стандарттар негізінде тілдерді деңгейлеп меңгерту;

- мектеп оқушыларының оқырмандық мәдениетін қалыптастыру;

- жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие берудегі филологиялық білімнің алатын орыны;

- жаңа әлеуметтік сұраныстарға жауап беретін оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу, мазмұнын жаңғырту, т.б.

Съездің жұмыс тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдері.

Съезге филолог - мұғалімдер, ғалымдар, білім және ғылым саласының қайраткерлері, жаңашыл – педагогтар, білім беруді, тілдерді дамытудың басқару органдарының, кітапхана жүйесінің, оқу орындарының, басылымдар мен баспалардың басшылары мен қызметкерлері қатысады.

Съезге төмендегі үш форматта қатысуға болады:

- баяндама тезистерін жариялау және сөз сөйлеу;
- баяндама тезистерін жариялау, шығып сөйлемеу;
- баяндама тезистерін жарияламау, шығып сөйлемеу, қатысу.

Съезд жұмысының қорытындысы бойынша баяндамалар тезистерінің жинағы шығарылады. Съезд жұмысына қатысу үшін **2013 жылғы 25 сәуірге** дейін мына электрондық мекенжайға талапқа сай ресімделген тапсырыс пен баяндама тезистерін (көлемі: 2 бетке дейін) жіберу қажет: maigul1379@mail.ru

Тапсырыста: Аты, Әкесінің аты, Тегі, жұмыс орыны, лауазымы, ғылыми дәрежесі (егер бар болса), ғылыми атағы (егер бар болса), баяндама тақырыбы, пошта мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық мекенжайы (міндетті түрде) туралы ақпарат беріледі.

Баяндама тезистерін ресімдеуге қойылатын талаптар: мәтіндік редактор «Word 7,0 (97,200) Windows», жол аралығы – бір қатар, бет жиектері: сол жағы -30 мм, оң жағы

– 15 мм, үсті – 20 мм, асты – 20 мм, кегль – 14-ші шрифт ,
гарнитура – KZ Times New Roman (қазақ тілі үшін), Times
New Roman Cyr (орыс, ағылшын тілдері үшін), мақала
атауы қарайтылған бас әріптермен, азат жол айқындалған,
авторлардың аты (инициалы) және тегі, мекеменің толық
атауы, мақала мәтіні; пайдаланылған әдебиеттер тізбесі
(мәтіндегі ескертулер мен сілтеме жасаулар нөмірленеді
және квадрат жақшаға алынады).

Үлгі

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ДЕҢГЕЙЛІК
ЖҮЙЕСІ**

Ә.Н. Ахметова

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университет,
Алматы қаласы

Әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде:
болашаққа интеллектуалдық секіріс. // Алаш айнасы, 14 қазан,
2009 ж.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. «Ғылым»
баспасы, Алматы, 1966, 360-б.

Барлық тапсырыстарды Ұйымдастыру комитеті қарап,
автордың электрондық поштасына осы жылғы 15 сәуірге
дейін шақыру жібереді (шақыруды алғандығы жөнінде
e-mail: maigul1379@mail.ru-ге хабарлау керек).

Съезге қатысуға жарна төленбейді, жолақысы мен
іссапар шығыстары жіберуші жақтың есебінен. Барлық
ұйымдастыру мәселелері бойынша мына мекенжайға және
байланыс телефондарына хабарласуға болады: Астана
қаласы, Орынбор көшесі, 8-үй, 11-кіреберіс. Телефондар:
8 (7172) 742329, 742287, 742293, 577203. Съезд туралы
толық ақпарат www.edu.gov.kz; www.nao.kz сайттарына
орналастырылады.

Съездің ұйымдастыру комитеті.

Жанат АЙТБАЕВА,
Қарағанды қаласындағы
№23 орта мектептің мұғалімі;
С.ҚАЙЫРБАЕВА,
№13 орта мектептің мұғалімі.

ГРАММАТИКАНЫ МЕҢГЕРТУДЕГІ ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі таңда басқа ұлт өкілдері үшін мемлекеттік тілді оқып меңгеру, қазақ тілінде сөйлеп, қарым-қатынас жасай білу – заман талабы.

Қазақ тілінде сөйлей білу үшін, өз ойын тілмен жеткізе алу үшін оқушыларда, біріншіден, сөздік қор болу керек, екіншіден, сөздер мен сөз тіркестерінен сөйлем құрап, ауызекі сөйлеу, жаңа сөздерді жаттау, мәтінмен жұмыс жасау, сұраққа жауап беру тапсырмаларды ауызша орындаумен ғана шектелмейді. Қазақ тілінде сауатты, жетік сөйлеу үшін сауатты жаза білу керек. Сауатты, дұрыс жазу талабы – емле ережесін сақтау. Сондықтан оқушыға емле мен тыныс белгілерін дұрыс қолдануды үйрету – міндет.

Осыған орай, оқушыларға сөздерді бір-бірімен байланыстыратын қосымшаларды, сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі мен сөйлемнің жасалу жолдарын меңгерту – негізгі мақсаттың бірі болады. Өйткені, сөйлемсіз ойды жеткізу мүмкін емес. Ал, сөйлемнің бәрі сөзден құралады. Мұның бәрі грамматиканы білуді талап етеді. Қазақ тілі мен орыс тілінің грамматикасының айырмашылықтары өте көп. Сол себептен орыс балаларына қазақ тілінің грамматикасын меңгертуде көп қиындық кездеседі.

Сондықтан оқытудағы негізгі ұстаным – орыс тілінің грамматикасымен салыстыра оқыту. Өз тәжірибемде

байқағаным – оқушыны теорияны түсініп, практика жүзінде қолдана білуге дағдыландыру қажет.

Әр грамматикалық тақырыпты өткеннен кейін міндетті түрде оқушының білімін бекіту, пысықтау үшін жаттығулар орындалады. Жаттығуларды тақырыптар бойынша іріктеймін: фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, т.б. Мысалы: Төл дыбыстарды өткенде мынадай жаттығулар орындалады:

1. Көп нүктенің орынына тиісті дыбыстарды қойып жаз.

Ы-і

Б..л..м, ау..р, қ..с, өш..рғ..ш, күндел..к, қаб..рға, с..ңл.., ор..нд..к.

Ұ-ү

..лттық, б..зау, ..міт, қ..лып, к..ріш, ...найды, ...йқы, к...шік, б...рын, ...рпақ.

Септік жалғауларды өткеннен кейін келесі жаттығу орындалады:

Септік жалғауын жалғандар.

Мен кинотеатр... отырмын. Сен кітапхана... бара жатырсың. Сіз емхана... келесіз бе? Ол кітап... алды ма? Біз дүкен... нан әкеле жатырмыз. Сіз Арман... қарындасысыз ба? Сіздер Әлия... келіңдер. Олар Орбита ықшамауданы... бара жатыр.

Берілген есімдіктерді топтарға бөліңдер.

1	2	3	4	5	6	7
Жіктеу есім-дігі	Өздік есім-дігі	Сілтеу есім-дігі	Сұрау есім-дігі	Жалпы-лау есімдігі	Болым-сыздық есімдігі	Белгі-сіздік есімдігі

Сен, оған, өзім, ешкім, неге, осы, бәрі, бұлар, қанша, бұл, анау, кімдер, әр, әрқашан, маған, барлық, бізді, олар.

Грамматика бойынша жаттығу жұмыстарын жүргізгенде жаңа технологияларды пайдаланамын.

Блум таксономиясы бойынша таным деңгейін анықтау көрсеткіштеріне сәйкес жаттығулар дайындаймын.

I. Білім.	Есте сақтау, еске түсіру, тану, жаттау, түсініп білу, табу.	1. Етістіктің шақ формаларын анықтаңдар. Әйгерім мектепке келе жатыр. Біз жазда Қарқаралыда демалдық. Ертең кешке маған телефон соғарсың. 2. Сөйлемнен есімше мен көсемшені табыңдар. Әдепті қылықтарын өзгерткен емес. Қазір уақыт жоқ, сосын жазарсың.
II. Түсіну.	Жаңа тақырыпты түсіну, болжау, өз сөзімен айтып беру.	Сөйлемді отыр, тұр, жүр етістіктерінің бірімен толықтырыңдар. Қарындасым бүгін үйде... Орындық бұрышта... Сіз мұнда не істеп ...?
III. Қолдану.	Түсінгенін тәжірибеде пайдалану.	Етістіктерді тиісті рай формасына қойыңдар (шартты, қалау, бұйрық). Егер мен ел ішінде сапар (шегу) көптеген мәдениет орындарымен танысамын. Шетелге қызмет бабымен барып, ол мұражайларды (көру) келеді. 2. Сөйлемдегі етістікті бұрынғы өткен шаққа айналдырыңдар. Биыл мен бірінші курсты бітіремін. Біз Алматыға жақын тұрамыз. Мектепте тоғыз жүз оқушы бар.

Сыныптағы оқушылардың білім деңгейі, қабылдауы әр түрлі болғандықтан деңгейлеп оқыту әдісін қолданамын. Жаттығуларды әр түрлі дәрежеде дайындаймыз: жеңілдетілген, міндетті, күрделі. Оқулықтағы тапсырмаларды көбінесе өзіміз дайындаймыз. Іріктеу барысында мынадай талаптар қойылады:

1. Жаттығудың тақырыпқа сай болуы;
2. Тақырыпты бекітуге бағытталуы;
3. Жүйелі ұсынылуы;
4. Өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру;
5. Оқушының қызығушылығын арттыруы.

Қорыта келе, жоғарыда көрсетілген тәсілдерді, жаттығу түрлерін қазақ тілі сабақтарында пайдалану өз септігін тигізеді. Оқушы өз бетінше сөйлем, әңгіме құруға, ауызша

сөйлеуге дағдыланады. Жаттығу неғұрлым көп болса, оқушының теориялық білімі соғұрлым тез игеріледі. Сонымен бірге әр түрлі жаттығу жұмыстары оқушыларды қызықтырып, білім сапасын көтереді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Қадашева. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., 2005.
2. Н.К.Мухамадиева. Қазақ тілі бойынша бақылау жұмыстары. А., 2009.
3. М.Қойшыбаева, Қ.Қадырқұлов. Қазақ тілі. Дидактикалық материалдар. А., 2003.



**Шолпан ТҮКТІҒҰЛОВА,
Ұлжалғас ЖИРЕНБАЕВА,
Оңтүстік Қазақстан облысының
Шымкент қаласындағы
№23 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімдері.**

8-9-СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ҮЛГІЛЕРІ

Қазіргі таңда өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйрету мен дамыту, ең алдымен, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне жүктелген жауапкершілігі мол міндет болып отыр. Елімізде қазақ тілін үйрену үшін көптеген оқулықтар, әдістемелік құралдар, көрнекіліктер, кітапшалар басылып шығарылуда. Дегенмен, жоғары сынып оқушыларына арналған синтаксис саласы бойынша күнделікті сабаққа қолдануға ыңғайлы, түсінікті тілмен жазылған мысалдар мен үлгі сөйлемдер, тапсырмалар жинағы аз.

8-9 орыс сыныптарындағы қазақ тілі оқулығының

бағдарламасында құрмалас сөйлемнің барлық түрлері берілген. Соған байланысты біз құрмалас сөйлемдерге үлгі ретінде бірнеше мысалдарды жоғары сынып оқушыларымен мұғалімдеріне көмек ретінде ұсынып отырмыз.

Салалас құрмалас сөйлем

I. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем.

- 1. Ол өзінің армандарын айтты, әрі алға қойған мақсаттарымен бөлісті.*
- 2. Мен теледидарды қостым, «Хабар» арнасынан жаңалықтарды тыңдадым.*
- 3. Болат қояндарға сәбіз берді және алдарына ыдыспен су қойды.*
- 4. Мұғалім Әселдің жұмысын тексерді де, бірнеше жерінен қате тапты.*
- 5. Күз келді, далада күн суыта бастады.*
- 6. Мен досыммен бірге ертегі оқыдым және ол ертегі бізге қатты ұнады.*
- 7. Тәрбиеші балаларға хабарландыру айтты да, бөлмеден шығып кетті.*
- 8. Қоңырау соғылды, мұғалім сыныпқа кірді, сабақ басталды.*
- 9. Біз тапсырманы жаздық та, мұғалімге жинап бердік.*
- 10. Марат дүкенге барды да, азық-түлік сатып алды.*

II. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем.

- 1. Айдана – әдемі қыз, бірақ мінезі нашар.*
- 2. Батырдың аты – Ерасыл, бірақ оны «Қабанбай» деп атап кеткен.*
- 3. Лена қазақша жақсы түсінеді, алайда сөйлеуге қиналады.*
- 4. Мен бүгін ерте тұрдым, бірақ мектепке кешігіп келдім.*
- 5. Лизаның дәптері болмады, алайда ол тапсырманы парақта орындады.*
- 6. Оның жазғаны әдемі, дегенмен қатесі өте көп.*
- 7. Мен Нұржанға сыйлық бердім, дегенмен оған сыйлығым ұнамай қалды.*
- 8. Біздің отбасымызда сегіз адам бар, алайда біз бәріміз*

бір үйде тұрмаймыз.

9. Мәтінді аудару маған қиын болды, дегенмен барлығын аударып шықтым.

10. Біз Абайдың өлеңін жаттап келдік, бірақ мұғалім бізден сұрамады.

III. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем.

1. Бүгін Айымның туған күні, сондықтан мен гүл сатып алуым керек.

2. Оқушылар жексенбі күні тауға бармайды, өйткені күн жаңбырлы болады.

3. Менің денсаулығым нашарлап кетті, сондықтан бүгін дәрігерге барамын.

4. Сергей қазақ тілінен мазмұндама жазуға қиналады, себебі оның сөздік қоры аз.

5. Біз қазақ тілінде еркін сөйлеуге тырысамыз, неге десең, қазақ халқының тілін, әдебиетін, мәдениетін білгіміз келеді.

6. Айнұр суретті жақсы салады, себебі ол көркем сурет үйірмесіне қатысады.

7. Б.Алтынсарин халқына білім беруді армандады, сондықтан ол балаларға арнап мектептер ашты.

8. Мен інімді дүкенге жібердім, өйткені үйде нан таусылып қалды.

9. Қазір күн ыстық, сондықтан гүлдерге жиі-жиі су құйып жүр.

10. Самат досына хат жазбады, неге десең, бос уақыты болмады.

IV. Кезектес салалас құрмалас сөйлем.

1. Айнұр біресе терезе сұртті, біресе парта жуды.

2. Мен біресе теледидар көремін, біресе радиодан музыка тыңдаймын.

3. Біз қазақ тілі сабағында кейде мәтін аударамыз, кейде тест сұрақтарына жауап береміз.

4. Оқушылар кейде тарихи орындарды аралайды, кейде тауға серуендеуге шығады.

5. Мерей мектепке бірде автобуспен келеді, бірде жаяу келеді.

6. Теледидардан соңғы жаңалықтарды бірде орыс тілінде береді, бірде қазақ тілінде береді.

7. Тәрбиеші балаларға сурет салғызады, бірде ермек-саздан әр түрлі аңдарды жасатады.

8. Арман кейде спортпен шұғылданады, кейде тек сабақтарына ғана дайындалады.

9. Інім бірде барлығына көмектесіп жүреді, бірде ешкіммен сөйлеспей қояды.

10. Қыста біресе қар жауады, біресе боран соғады.

V. Талғаулы салалас құрмалас сөйлем.

1. Қалалық байқауға не Айман барсын, не Марат барсын.

2. Санжар алманы жемейді, не оны маған бермейді.

3. Біз Астанаға автобуспен барамыз немесе пойызбен барамыз.

4. Миша иә үй тапсырмасын орындамайды, иә сыныпта ештеңе жазбайды.

5. Баланы тез ауруханаға жеткізу керек немесе дәрігер шақырту керек.

6. Қазақ отбасында ұл – ұрпақ жалғастырушы, яғни, қара шаңырақ иесі.

7. Сен ертең байқауға барасың, әлде орныңа біреуді жібересің.

8. Ертеде қазақ әйелдері бірде киіз басқан, бірде кілем тоқыған.

9. Сыныпта не жарық жоқ, не отыратын үстел жоқ.

10. Ол иә анасының айтқанын тыңдамайды, иә өзі ештеңе жасамайды.

VI. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем.

1. Мұның мәнісін жаңа білдік: бұлар үй салуға келген екен.

2. Айжанның мұғалімнен ұялғаны сонша – екі беті қып-қызыл болып кетті.

3. Піскен тамақтың дәмділігі сондай – жеген сайын жегің келе береді.

4. Оның атасының тағы бір мінезі – ешқашан екі сөйлемейді.

5. Оның бар арманы мынау – қалаға оқуға түсу еді.

6. Ертеден келе жатқан әдеті осы: таңертең өзі оянады.
7. Ол кабинетке кіріп келгенде байқады: сөмкесінің ауызы ашық екен.
8. Менің сендерге айтарым сол: оқыған адам бәрібір жеңіп шығады.
9. Оқушылар емтиханға дайындалып жатыр: барлығы да жақсы баға алғысы келеді.
10. Мұғалімнің талаптары өзгерген: әр оқушы жеке-жеке отырады.

Сабақтас құрмалас сөйлем

I. Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

1. Сен ауырып тұрсаң, дәрігерге барып көрін.
2. Шілдеhana думанды болса, сәби қызықты өмір сүреді деген сенім бар.
3. Мен сөйлемдерді дұрыс жазсам, жақсы баға аламын.
4. Мектепке кешігіп келсең, кезекшілер күнделігіңе ескерту жазады.
5. Күнде дұрыс тамақтансаң, денсаулығың мықты болады.

II. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

1. Ол таңертең ерте тұрса да, бірінші сабаққа кешігіп келді.
2. Айман мәтінді жақсы айтып бергенмен, сұрақтарға жауап бере алмады.
3. Сіңлім жақсы ән айтқанмен, би билей алмайды.
4. Вова қазақша жақсы түсінсе де, өз ойын еркін жеткізе алмайды.
5. Азамат балабақшаға бармаса да, барлық әріптерді біледі.

III. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

1. Бүгін қатты шаршағандықтан, ертерек ұйықтап қалдым.
2. Анам тамақты дәмді етіп пісіретіндіктен, мен көбінесе үйден тамақтанамын.
3. Үйде азық-түлік таусылған соң, әкем мен анам базарға

кетті.

4. Күн жаңбырлы болғандықтан, мен бүгін қолшатырымды алып шықтым.

5. Күз мезгілі келгендіктен, құстар жылы жаққа ұшып кетті.

IV. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

1. Мектептегі сабақтар аяқталғаннан кейін, мен музыка мектебіне барамын.

2. Анам жұмыстан келгенше, сіңлім екеуіміз үйді тазалап қоямыз.

3. Айдос мектепті бітірген соң, жоғарғы оқу орынына түседі.

4. Әжем ертегі айтқанда, барлығымыздың ұйқымыз келеді.

5. Мен кітап оқығанда, ешнәрсеге көңіл аудармаймын.

V. Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

1. Ертең тауға шықпақ болып, керек заттарды жинастырдық.

2. Денсаулығың мықты болу үшін, спортпен айналысу керек.

3. Анасына сыйлық алмақ болып, Анар мектептен ерте шығып кетті.

4. Мұғалімге бірінші беру үшін, Әсел тапсырманы тез-тез жазды.

5. Әжемнің туған күніне гүл алу үшін, гүл сататын дүкенге бардым.

VI. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

1. Болат кеше мектепке келмей, жаңа тақырыпты түсінбей қалды.

2. Ол үй тапсырмасын орындамай, мұғалімнен ескерту алды.

3. Таңертең анам бауырсақ пісіріп, дастарқанға қойды.

4. Сабақта мәтінді оқып, қазақ тіліне аударамыз.

5. Біз сыныбымызбен мұражайға барып, Алтын адам экспонатын көрдік.

6-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ЖҰМЫС ДӘПТЕРІНІҢ 16-19-БЕТТЕРІ

Жұмбақтар

*Жұмбақ адамның дүниетану жолындағы қиялының
шамасын білдіреді.*

М.Әуезов.

Жұмбақтар – ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан түрі. Бұл заттар мен құбылыстарды олармен ұқсас нәрселермен салыстыра отырып тұспалдап айтатын фольклор жанры. Жұмбақтар баланы қиялдай білуге, табиғатты, қоршаған ортаны бақылауына, тапқыр, ізденімпаз болуына әсерін тигізген.

Жұмбақтардың да тақырыптары алуан түрлі болып келеді:

- | | |
|----------|-----------|
| 1. _____ | 6. _____ |
| 2. _____ | 7. _____ |
| 3. _____ | 8. _____ |
| 4. _____ | 9. _____ |
| 5. _____ | 10. _____ |

Жұмбақтарды шешіп, олардың қандай тақырыпқа шығарылғанын анықтаңдар:

Қарап тұрсаң өзіне, Сурет түсер көзіңе.

Ол суретің ұқсайды, Дәл қазіргі өзіңе.

Мұрты бар, сақалы жоқ. Тоны бар, шапаны жоқ.

Жазалай-жазалай тас қойдым, Жирен атты бос қойдым.
Аяғы жоқ жүреді, Ауызы жоқ сөйлейді. (...)
Екі айнасы бар, Өзі жап-жас, мұрты бар,
Екі найзасы бар, Ет пен сүтке ұмтылар.
Төрт жылтырмағы бар, Тастамайды жылы үйде,
Бір шыбыртқысы бар. Түкті тонын шұп-шұбар.
 (.....) (.....)

Мына тақырыптарға жұмбақ шығарып көріңдер.

- а) төрт түлік мал туралы;
- ә) ағаштар мен өсімдіктер туралы;
- б) білім мен техника туралы.

Мына сөйлемдерді толықтырып жаз.

Жұмбақтар адамның ақыл-ойы ..., байқағыштық пен тапқырлыққа

Жұмбақ қысқа, көркем және қызықты, астарлы түрде

Адамды көркем сөзге ..., адамның ой-қиялын ...

Жұмбақтармен бірге жаңылтпаш айтып үйренейік.

Жаңылтпашты тез айтуға жаттығыңыздар.

- | | |
|---------------|--------------------|
| 1. Көк тырна, | 2. Бес түп алма |
| Көп тырна, | Бестік алғандікі. |
| Тыраулап тек | Төрт түп алма |
| Көп тұрма. | Төрттік алғандікі. |

Аңыз әңгімелер

Аңыз дегеніміз – мифологиялық геройлар мен тарихи адамдар жайында айтылатын әңгімелер.

«Қазақ эпосы және түркология».

Аңыз әңгімелер тарихта болған белгілі бір адамның атына, іс-әрекетіне байланысты туады. Аңыз әңгімеде шындық оқиға мен қиял-ғажайып оқиға аралас келіп отырады. Аңыз әңгіме көбінесе тарихта болған адамның басына құрылады. Мұндай адамдардың ел үшін еткен еңбегі, адамгершілік қасиеттері ел ауызында аңызға айналған.

Ертегілер мен аңыз-әңгімелердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары.

Ұқсастықтары

Айырмашылықтары

Аңыз-әңгімелер кейіпкерлеріне мінездеме бер:

Қожанасыр _____

Алдар көсе _____

Жиренше шешен _____

Әбу Насыр әл Фараби _____

Жүсіп Баласағұни туралы деректі пайдалана отырып, кластер құрастырындар.

Тест

1. «Толағай» ертегісінің авторы?

а) М.Әуезов; ә) Ә.Тәжібаев; б) А.Құнанбаев.

2. Ең алғаш тастағы жазуды оқыған ғалым?

а) Вильгельм; ә) Ахмет; б) Қорқыт.

3. Ж.Баласағұни қай ғасырда өмір сүрген?

а) VIIIғ.; ә) Xғ.; б) XIғ.

4. Құлпытастар қай өзендердің бойынан табылған?

а) Іле; ә) Сырдария; б) Орхон, Енисей.

5. «Құтты білік» поэмасы неше тараудан тұрады?

а) 65; ә) 75; б) 85.

6. А.Құнанбайұлының өмір сүрген жылдары?

а) 1845-1904ж.ж.; ә) 1845-1905ж.ж.; б) 1845-1906ж.ж.

7. Абайдың руы кім?

а) Арғын; ә) Тобықты; б) Керей.

8. Қай ғасырда Түркі қағанаты деген мемлекет құрылды?

а) Оныншы; ә) Алтыншы; б) Жиырмамыншы.

9. Жамбылға бата берген кім?

а) Абай; ә) Сүйінбай; б) Құлмамбет.

10. «Ленинградтық өренім» өлеңінің авторы кім?

а) Ж.Жабаев; ә) Сүйінбай; б) А.Құнанбайұлы.

Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт

Адам өзі өледі, оның өзінен кейін қалдыратын рухани құндылықтары өлмейді. **Қорқыт.**

Қорқыт – VIII ғасырда Сыр маңында өмір сүрген батыр, атақты ақын, асқан күйші. Ел ауызындағы аңыздарда Қорқыт ата мәңгі өлмейтін өмір іздеуші ретінде суреттеледі. Мәңгілік өмірді ол қобыздың әуенінен іздейді.

Қорқыт – ақын _____

Қорқыт – күйші _____

Қорқыт – мәңгілік өмірді іздеуші _____

- Мына музыкалық аспап туралы не айта аласың?
- Символ сөздердің астын сыз:
 - а) өлімді білдіретін сөздерді көк сызықпен;
 - ә) өмірді білдіретін сөздерді қызыл сызықпен;

Қорқыт күй арман-тілек әуен
ажал құстар жылан аңдар
жыланның уы бақыт зират

- Қорқыт ата туралы мына өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнына көңіл аударайық. Өлеңді буынға бөліп, қандай буындар екенін анықтаңдар.
- Септік жалғаулы сөздердің астын сыз, қандай септік жалғауы екенін анықтаңдар.
- Қорқыт ата туралы өлең жолдарымен жұмыс жасау.

Жыраудың үлкен пірі – Қорқыт ата,

Бата алған барлық бақсы асқан ата.

Таң қалып жұрттың бәрі тұрады екен,

Қобызбен Қорқыт ата күй тартқанда.


- Қорқыт ата туралы тест сұрақтарын құрастырып келу.
- «Қорқыт ата кітабы» қай жерде сақтаулы тұр?
- Мәтіннің соңғы екі сөйлемін оқып, түсініп, дәптерлеріңе жазып алыңдар?
- Аңыздың ұнаған жерлері бойынша үйден сурет салып келіңдер.

Қорқыт атаның нақыл сөздерінен:

Ана үшін бала – екі көздің сыңары. Ұлың өсіп жетілсе – отбасының мерейі, бас-көзі. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді.

Атаның атын былғаған ақылсыз баланың тумазаны артық. Өтірік сөз өрге баспайды. Өтірікші болғаннан, жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық.

Қорқыт ата тақырыбы бойынша сөзжұмбақты шеш:



Сөзжұмбақты дұрыс шешсендер, боялған бөліктерден «Қорқыт ата кітабы» қазіргі кезде қай қалада сақталғанын оқисыңдар.

1. Қазақтың ұлттық музыкалық аспабы.
2. Қорқыт ата қай өзеннің жағасында туып-өскен?
3. Қорқыт атаның түйесі.

4. *Миф, легенда* сөздерінің аудармасы.

5. Бұқаш ханның әкесінің аты.

6. *Музыка, мелодия* сөздерінің аудармасы.

7. Қорқыт ата ненің уынан қайтыс болды?

Қорқыт ата туралы тест сұрақтарына жауап беріңдер:

1. Қорқыт ата кім?

а) әнші; ә) күйші; б) домбырашы.

2. Қорқыт қандай музыкалық аспап жасады?

а) домбыра; ә) қобыз; б) асатаяқ.

3. Қорқыт ата туралы не бар?

а) кино; ә) театр; б) кітап.

4. Қорқыт атаның қандай күйлері бар?

а) «Адай»; ә) «Аққу»; б) «Кісен ашқан».

5. Қорқыттың бейіті қай жерде?

а) Алматыда; ә) Қостанайда; б) Қызылордада.

6. Қорқыт қандай өмірді аңсайды?

а) мәңгілік; ә) бір күндік; б) бір айлық.



Әлия МҰҚАТАЕВА,

Ақмола облысының

Щучинск қаласындағы

жоғары техникалық мектептің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің оқытушысы.

ДИАЛЕКТ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ТІЛДІ ҚОЛДАНУ НОРМАЛАРЫ

Барлық қазақ халқына ортақ қалыптасқан әдеби тіл бар. Әдеби тілді тұрмыстық тілден бөліп алуға болмайды. Біз кейде тұрмыстық тілді, яғни, тұрмыста, күнделікті өмірде қолданатын тілді «ауызекі тіл» деп шартты түрде бөліп

қарастырамыз.

Дегенмен, ауызекі тіл десек те, тұрмыстық тіл десек те, бұл – әдеби тілдің құрмалас бөлігі. Өйткені әдеби тілдің өзі адам баласының тұрмыстық салт-дәстүрінен, күнделікті өмірінен, өзара сөйлесуінен, қарым-қатынасынан жасалады. Сондықтан да, біз әдеби тілде сөйлеуді тек әдебиетші ғалымдардан немесе мұғалімдерден, тіл мамандарынан және ақын-жазушылардан ғана талап етпейміз, барлық жұрттан талап етеміз.

Барша қазақ баласы елімізде қалыптасқан ортақ әдеби тілде сөйлеуге міндетті. Өйткені ортақ әдеби тіл қалыптаспайынша тілдің қолданыс нормалары әркелкі болып, шұбарланып кетеді. Қандай тіл болсын, қандай халық болсын, өз тілін шұбарланып кетуден, ала-құлалықтан сақтауға міндетті. Орыс халқы орыс тілін, татар-татар тілін, қазақ-қазақ тілін таза әдеби қалпында сақтауға міндетті. Осы үлкен мақсат жолында тілші, әдебиетші ғалымдар еңбектеніп, тер төгеді.

Шығармашылық адамдары да, яғни, ақын-жазушылар, журналистер, мұғалімдердің барлығы да тіл тазалығын сақтау жолында, әдеби тілді қалыптастыруға қызмет етуге міндетті.

Тіл тазалығы үшін тіл мамандары ғана емес, кез келген пән оқытушылары, мысалы, математика, химия, биология, тіпті, дене тәрбиесінің, спорт саласының мамандары да ат салысуға тиіс. Өйткені олардың әрқайсысы өз саласында сабақ түсіндіргенде, лекциясында тілдік норманы сақтауға тиіс. Қазір, тіпті, терминология мәселесі жүйелі түрде қолға алынып, химия, математика, физикада, дене тәрбиесінде, спортта, әскери тәрбие беруде тек өз саласына қатысты орыс тілінде немесе өзге тілдерде қолданылып келген терминдер қазақша ортақ жүйеге көшіріліп келеді. Әрине, оңай жүк емес. Дегенмен, «көш жүре түзеледі» дегендей, бағыт- бағдарлама бойынша қолға алынып, көп жұмыстар атқарылып жатыр. Бұл тек қазақ тілінде ғана туып отырған

мәселе емес, көптеген тілдер өз тілдерін неғұрлым таза қолдану бағытында жұмыс істеп жатады.

Біз сөзіміздің басында ортақ әдеби тіл тазалығын сақтау – бәріміздің міндетіміз деп ерекше атап өттік. Бірақ, бұл – өте күрделі мәселе болғандықтан, көп жағдайда көңілдегідей тез қалыптасып кететін жұмыс емес.

Әдеби ортақ тіл бар десек те, жалпы Қазақстан бойынша тілдік қолданыстың әркелкілігі, тіпті кейде шұбарланып қолдану қалмай келеді.

Мысалы, Қазақстанның әр өлкесінде, оңтүстік өңірлерінің қалыптасқан өз тілдік қолданысы, сондай-ақ шығыс, батыс, орталық, солтүстік өңірлерінің сырт көзге айқын байқалатын тілдік ерекшеліктері бар.

Оңтүстік өңірі мен солтүстік, орталық өңір ақын-жазушыларының шығармаларының өзінде үлкен айырмашылықтарды тіл маманы ғана емес, қатардағы қарапайым адамдардың өздері айыра алады. Оңтүстік өңіріне өзбек тілдерінің тигізетін ықпалы жоқ емес. Сондай-ақ солтүстік, орталық өңірлерде бұрын таза қолданылып келген қазақ тілінен, орыс ұлтымен жиі араласқандықтан, сол тілдің ықпалы айқын аңғарылады.

Әрине, Қазақстан – көп диаспоралы ел, оның үстіне орыс, өзбек, татар халықтарымен көршілес болғандықтан сол ел тілдерінің әсер етуі кейде заңдылықтай қабылданады. Өйткені, қалай болғанда да, экономикалық-саяси, тарихи-мәдени араласпай тұрмайды ғой.

Ислам діні біздің елімізге жетінші, сегізінші ғасырларда ене бастады, соған орай, сол кездерден бастап-ақ араб-парсы елдерінің көп сөздері біздің тілімізге еніп кетті. Оқу-білім, дін саласындағы, мәдениет, тіпті, косметикалық бұйымдар атауларының біразы араб-парсы елдерінен келгенін, осы күні, екінің бірі біле бермейді. Өйткені олар сол ислам діні келген ерте дәуірлерден қалыптасып, тілімізге әбден сіңісті болып кеткен.

Мысалы, мұғалім, кітап, сынып сияқты оқу-білімге

қатысты көптеген сөздер, косметикалық атаулар, айна, тарак, опа-далап, әтір, т.б. көптеген атаулардың араб-парсы сөздері екенін, сондай-ақ орыстан енген самаурын, шәйнек, үтік сөздерін әркім қазақтың өз сөзіндей қабылдап, қолдана береді. Бұдан қорқып та керегі жоқ, бұл – әр тілдің дамуындағы диалектикалық заңдылық. Бұл – сол орыс, өзбек тілдерінде, тіпті, өте күшті дамыған ағылшын, француз, қытай тілдеріне де тән құбылыс. Бұлар – өз тілімізге кірігіп кеткен, жаттығы байқалмайтын сөздер. Бірақ, қолдан келгенше, біздің тілдік ерекшелігімізге сай емес, жаттығы білініп тұратын бөтен қолданыстан, қазақ әліппиінде жоқ “ц, ч, ё, в”, әріптерінің қатысуымен жасалатын қалыптасқан тілдік нормамызды бұзатын сөздерден сақ болуымыз керек.

Әрине, аударуға келмейтін терминдік қолданыс болса, онда оның жөні бір басқа. Мысалы, цех, фабрика, чемпион, т.б. көптеген өзге тілден енген сөздерді, өзге ұлт атауларын, мемлекет, жер-су атауларын, аты-жөндерін аудару қиынға түседі және оның қажеттілігі де жоқ.

Біз сөз қылып отырған тіл тазалығы үшін күресетін тіл ғылымы салаларының бірі – диалектология ғылымы. Бұл – біз айтып отырған таза әдеби тілден бөлек тілдік қолданыстар – диалектілер мен говорларды зерттейтін ғылым.

Бұл грек сөздерінің құралуынан жасалған ілім, “диалектос” – сөйлеу, сөйленіс деген мағынада, “логос” – ілім деген сөз. Яғни, диалектология – сөйлеу ілімін зерттейтін сала деген ұғымды береді.

Біз сөзіміздің басында тіл тазалығы үшін тек тіл маманы ғана емес, барлық сала мамандары ат салысуы керектігін айттық. Демек, тіл тазалығы үшін күрес университеттерде, институт, колледждерде, мектептерде, балабақшаларда, тіпті, оқу-білім саласында ғана емес, мемлекеттік мекемелерде, кітапхана, аурухана, заң орындарында, тұрмыс салаларында жаппай жүргізілуге тиіс.

Диалект термині көбінесе белгілі бір өңір, аймақ немесе облысқа қатысты қолданылады. Диалектілік, яғни, әдеби таза

тілден ауытқушылық белгілі бір өңір, аймақ, облыс ішінде ғана қолданылуы мүмкін. Мысалы, оңтүстік, солтүстік, батыс, т.б. өңірлердің немесе аймақтардың қолданатын өз диалектісі, яғни, ортақ тілден өзгеше өзіндік қолданысы бар. Кейде бұл облыс пен облыс арасында да байқалады. Мысалы, Жамбыл мен Шымкент облысы – оңтүстік өңірге жатқанымен, тілдік диалектісі әр түрлі екендігі сезіледі. Немесе, Арқа өңірі саналғанымен, Ақмола, Петропавловск, Қарағанды облыстары қазақтарының тілдерінен де диалектілік айырмашылық байқалады.

Өз тілінің тазалығы үшін, әдеби ортақ тілі сақталуы үшін күресетін әрбір адам бұл диалектілік айырмашылықтарды білуге және онымен күресуге міндетті.

Диалект белгілі бір өңір, аймаққа, облысқа тән қолданыс десек, говорлық қолданыстың аясы тар. Говор – көбінесе бір-екі аудан немесе бір-ақ аудан көлемінде ғана қалыптасып қолданылатын сиректеу сөздер. Түптеп келгенде, тілімізде диалектілердің де, говорлардың да көбеюі тіл тазалығына зиянын тигізеді, тілдің шұбарлануы, әркелкі қолданылуы осыдан басталады.

Ал, оның тамырын жайып, тереңдеп кетуі – қоғам үшін үлкен қауіп. Тазалығын сақтай алмай, өзге тілдердің ықпалына түсіп кеткен тілдер тарихта аз болмаған. Тіпті, тіл ретінде жер бетінен мүлде жойылып кеткен жүздеген тілдер болған. Бұдан сақтану үшін, әрқайсымыз қазақ тілінің тазалығы үшін, болашағы үшін күресуге міндеттіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Исаев. Қазақ әдеби тілінің тарихы. А., «Мектеп». 1989.
2. Р.Сыздықова. Қазақ әдеби тілінің тарихы. А., 1968.
3. Ғ.Қалиев, Ш.Сарыбаев. Қазақ диалектологиясы. А., «Ғылым». 2002.
4. Диалектологиялық сөздік. А., «Арыс», 2007.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А., «Дайк-Пресс», 2008.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – қазақ тіл білімі салаларына жалпы шолу жасау; дамытушылық – оқушының білімі мен біліктілігі арқылы ой-өрісін дамыту, ұшқырлық, ойлау қабілетін шыңдау, шапшаңдық пен нақтылыққа бейімдеу, тез ойлап, ұтымды жауап қайыра білуге, жүйелі, еркін сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; тәрбиелік – айналасымен қарым-қатынас жасауға, қажетті дағдыны, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Түрі: бекіту сабағы. **Типі:** сайыс сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, топпен жұмыс, іздену, талдау, шығармашылық жұмыс, бес жол стратегиясы, кубизм әдісі.

Көрнекілігі: интерактивті тақтамен жұмыс, кубик, кеспе парақшалар. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті.

Сабақ барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

1. Амандасу; 2. Түгелдеу;
3. Оқушылардың сабаққа даярлығын бақылау;
4. Сабаққа зейіндерін аудару.

Үй жұмысын тексеру:

- Алдын ала тағайындалған топтарды шақыру;
- Сайыстың мақсатымен таныстыру;
- Топтардың ұранымен таныстыру.

I топтың аты – «Тұлпар», ұраны – «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар», таңбасы – аттың суреті.

II топтың аты – «Домбыра», ұраны – «Бабамның үні,

Бекіту сабағы: (ойын сәті) ойын бес кезеңнен тұратынын айтып, әр кезеңде оқушыларды не күтетінін, әр топтың қалай ұпай санын жинайтыны түсіндіріледі.



Кубизм әдісі бойынша топ басшылары өз қадамдарын анықтайды. Әр кезеңді өз уақытында және дұрыс орындағанына байланысты ұпай беріліп отырады. Ең көп ұпай жинаған топ Қазақстан елінің көк байрағын желбіретеді. Ұтысқа қол жеткізген топқа арналып әнұран орындалады. Ал жеңіліске ұшыраған топ өз меншігінен өнерлерін ортаға салады.

Фонетика саласы. I кезең. Тау арасындағы әдемі безендірілген екі шыршаның біреуін таңдап, жасырылған сұрақтарға бір минут уақыт ішінде жауап беру керек.

Бірінші шыршаның сұрақтары: 1. Фонетика саласын нені зерттейді? 2. «Үндестік заңы» термині қай сөзбен синонимдес? 3. Алфавиттегі 23 әріп. 4. Тілдің қатысына қарай дыбыстардың бөлінуі. 5. Еріндік дауысты дыбыстар. 6. Тек тұйық буыннан жасалған сөздер (5 сөз). 7. Үндестік заңының түрлері. 8. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар. 9. Дұрыс жазылу заңдылығы. 10. «Тәуелсіз» сөзіне ауызша дыбыстық талдау.

Екінші шыршаның сұрақтары: 1. Өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысында еш кедергіге ұшырамай, еркін шығуынан жасалатын дыбыстар. 2. Жақтың қатысына қарай бөлінуі. 3. Тек бітеу буыннан жасалған сөздер (5 сөз). 4. Үн мен салдырдың қатысына қарай дыбыстардың бөлінуі. 5. Фонетика саласындағы 42, 25, 12, 9 сандардың мәні. 6. Тек салдырдан тұратын дыбыстар. 7. Езулік дыбыстардың жасалуы. 8. Екпін – ... 9. Дұрыс айтылу заңдылығы. 10.

Қазақстан” сөзіне дыбыстық талдау.

Лексика саласы. II кезең. 1-тапсырма:

Тұрақты тіркестерді құрып, мағынасын ашу, мысал келтіру.

Ілінбеу – беті, ауызы, қолы, көзі ілінбеу – ұйықтамау.
Отыру – қарға, суға, буға, мұзға отырғызу – алдау, арбау.
Асу – бет, жақ, ауыз, құлақ асу – тыңдау. Сындыру – қол, ағаш, дыбыс, тіл сындыру – сауатын ашу.

Лексика саласы. II кезең. 1-тапсырма:

Жету – қолы, құлағы, мақсатқа, көзі жету – анық білу.
Тістеді – қолын, білегін, тырнағын, бармағын тістеді – өкінді.
Тасу – ажар, бой, қол көңілі тасу – қуану, шаттану. Жанды – құс, ит, балық, ән, ит жанды – момын, көнбіс.

Лексика саласы. II кезең. 2-тапсырма:

Сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді тура және ауыспалы мағынаны білдіруіне қарай топтап жазыңдар.

Тура мағына

қатты жер
терең ор
қатты жел
терең құдық
терең көл
алтын сақина
терең су

Ауыспалы мағына

қатты жүрек
алтын қол
терең сезім
алтын сөз
алтын уақыт
қатты сөз
терең білім

қатты жер, қатты жүрек, терең ор, алтын қол, терең сезім, қатты жел, терең құдық, алтын сөз, терең көл, алтын уақыт, алтын сақина, қатты сөз, терең су, терең білім.

Лексика саласы. II кезең. 2-тапсырма:

Мына сөздердің синонимдік және антонимдік қатарларын жазыңдар.

Синоним

Тамақ - ауқат;
Алыс - шалғай;
ер - батыр;
кішкентай - биттей;
таңертең - азанда.

Омоним

түс
шаш
жау
қара
жүз

шаш, кішкентай, жүз, жау, қара, батыр, батыр,
шалғай, ер, тамақ, азанда, тамақ, биттей, түс,
таңертең, алыс, ауқат

Морфология саласы. III кезең. 1-тапсырма: Кубизм әдісі бойынша А әріпі түскен топ сын есім, Б әріпі түскен топ сан есім қатысқан мақал-мәтелдер айтады. (дайындыққа бір минут)

Морфология саласы. III кезең. 2-тапсырма: 5 жол стратегиясы Қазақстанның тәуелсіздігі тақыры-бына өлең шығару.

1. Бір зат есім. 2. Екі сын есім. 3. Үш етістік. 4. Төрт сөзден тұратын сөйлем. (түйін сөз). 5. Тақырыпқа байланысты бір синоним сөз.


Морфология саласы. III кезең. 3-тапсырма: Берілген өлең шумақтарынан антонимдерді тауып, алғашқы екі жолына морфологиялық талдау жасау. (Өлең оқылады, балалар естігендерін дәптерге түсіріп, жазған-дарын тақта бойынша тексереді.)

Сенсің жалғыз – күндіз-түні тілегенім,
Мың тіріліп, сен десе мың өлемін.
Айқайласам жетпейді дауысым менің,
Ойлай-ойлай ормандай түнеремін.

Морфология саласы. III кезең. 3-тапсырма: Берілген өлең шумақтарынан антонимдерді тауып, алғашқы екі жолына морфологиялық талдау жасау. (Өлең оқылады, балалар естігенді дәптерге түсіріп, жазғанын тақта бойынша тексереді.)

Тыңдадың дала күйін жаның ұйып,
Алдың сен көкірегіңе бәрін құйып.
Болдың сен өз халқыңдай қарапайым,
Тұлғасы әрі аласа, әрі биік.

Синтаксис саласы. IV кезең. 1-тапсырма: Берілген сөздермен құрмалас сөйлем құрастырып, сөздердің байланысу түрін анықтау.



Құрастырылған ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем: Ол қасқа айғырға ұмтыла түсіп еді, Бақы тізгінге жармаса кетті.

Ол түсіп еді / қиысу. Қасқа айғырға / қабысу. Ұмтыла түсіп еді / жанасу. Бақы жармаса кетті / қиысу. Тізгінге жармаса кетті / менгеру.

Синтаксис саласы. IV кезең. 2-тапсырма: Берілген сөйлемге сипаттама беріп, сөйлем мүшесіне талдау жасаңдар. (Әр топ жасырын екі ұяшықтың біреуін таңдау арқылы тапсырманы орындайды.)

Жай сөйлемдер: 1. Оныншы сыныпта бұл тақырыпты өткен едік. (жақты, жайылма, толымсыз). 2. Орынсыз талаптарға көне беруге болмайды. (жақсыз, жайылма, толымсыз)

Құрмалас сөйлемдер: 1. Ән басылып қалды, дегенмен гитара сазы тоқтаған жоқ. (қарсылықты салалас сөйлем). 2. Еңбек адамды көрікті етеді және ойды тазартады. (ыңғайлас салалас сөйлем)

Стиль. V кезең. Жасырын ұяшықтардағы тапсырмаларды орындау. Бірінші ұяшық. Газет бетіне мақала жазады. «Батыр таққа таласпайды, тақты қорғайды» (Лондон -2012). Екінші ұяшық. Сұхбат алуға сұрақ дайындайды. «Мамандық таңдау – жауапты іс» (түлектерден алынған сұхбат)

Қорытынды: Жеңген топ Қазақстанның көк туын желбіретіп, әнұран орындайды. Ұтылған топ өз өнерін көрсетеді.

Бағалау. Бағалау парағы

Күні: Аты-жөні:

Топтық жұмыс.	Қорытынды.
Топ басшысының өзін бағалау.	Мұғалім бағасы.

Үйге тапсырма.

Нұргүл ШАЯХМЕТОВА,
Астана қаласындағы
№22 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТІЛ ДАМЫТҚАН ҚҰДІРЕТ – ТУҒАН ЖЕР

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға өз туған жерінің экономикалық аймақтарын жетік білдіру, экономикасы мен жерінің байлығы, жетістігі, көркемдігі туралы білімдерін жетілдіру; **дамытушылық** – оқушылардың танымдық қабілетін, тілін, ой-өрісін, ойлау қабілетін дамыту, оқушылардың бойында еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру, ұлттық сана-сезімін, саяси сауаттылығын ояту; **тәрбиелік** – оқушыларды отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

Түрі: аралас. **Пәнаралық байланыс:** тарих, жағрапия. **Көрнекілігі:** Елбасының суреті, Қазақстанның картасы, Қазақстан туралы суреттер мен буклеттер, слайдтар, Жамбылдың, Қазыбек бидің сөздері жазылған плакаттар.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру. Оқушылармен сәлемдесу.

2. Жаңа сабақ.

Сабақтың мақсаты түсіндіріледі.

1-бөлім: «Туған жерім – Атамекенім»

Жамбыл:

«Отаным» десем ойыма шалқыған байтақ жер түсер.

«Отаным» десем ойыма көгілдір тартқан көл түсер.

2-бөлім: «Қазақстанның 20 жылдық тарихына шолу».


3-бөлім: «Ізгі тілектер».

Қазыбек би: - Алтын ұяң – Отан қымбат,
Туып өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат.

- Балалар, атамекен дегенді қалай түсінесіңдер? Сендер аталарыңның туған жерлерін білесіңдер ме? Қай жерде тудың?

- Атамекен – әрбір адамның ата-бабасының туған, ғұмыр кешкен жері.

Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тыңдай отырып, көздерін жұмып елестету. «Топтастыру» стратегиясы



Атамекенге түсінік беру.

- Енді Отан, ел, жұрт, халық туралы қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?

Мақал-мәтелдерді айтқыза отырып, оны Отанмен байланыстыру.

- Біз Отанымызды сүйіп, аялау үшін еліміз, туған жеріміз, оның тарихын, өткені мен бүгіні жайлы жақсы білуіміз қажет.

Қазақстанның 20 жылдық тарихына қысқаша шолу. Жылдар сөйлейді.

МЕНИҢ Қазақстаным! Бұл сөзді жайбарақат айта салу

қиын. Тіпті, мүмкін емес десе де болады. Оны айтқанда бойыңды ерекше сезім билеп, сананда әлдебір жарқын сәуле жалт еткендей әсерге бөленесің. Менің Қазақстаным! Бұл – жігеріңді жанып, жүрегіңді баурайтын аса әсерлі сөздер. Оны ауызға алғанда кіндік қаның тамған киелі жермен, оның өткенімен, бүгінімен және ертеңімен тәңірлік байланыстылығың, табиғи біртұтастығың еске түседі. Оны айтқанда өзінді арқанды Алатауға тіреп тұрғандай, тәкаппар да сенімді, алдында Сарыарқаның кең жазирасындай шетсіз де шексіз ұлы жол жатқандай, еркін, ару Ақжайықтың әбілхаят суымен тазарғандай тұнық та сергек сезінесің. Оны тыңдағанда құлағыңа киелі көк бөрінің тау мен тасты күңіrentкен салқар сарынын, сағым қуып, самал желмен жарысқан сәйгүлік тұлпарлардың тұяғының дүбірін, қыран қанатының ғаламат суылын естігендей боласың. Қарлы шыңнан қияға көз салған қанатты барыстың тоятын таппай тоқтамас тегеурінді қимылы көз алдыңа келеді.

Қазақстан туралы жалпы шолу: Қазақстан Республикасы – Еуразия деп аталатын құрлықтар кеңістігінің дәл ортаңғы бөлігінде орналасқан ел. Оның батыс аймақтары Еуропа құрлығының жерінде жатыр. Қазақтар Жайық деп атайтын Орал өзені – Еуропа мен Азияны бөліп тұратын шекара. Ал еліміздің солтүстігі, шығысы мен оңтүстігі Азия құрлығында орналасқан. Қазақстан Республикасының аумағы – 2 миллион 724 мың шаршы километрді құрайды. Жерінің аумағы жөнінен ол бүкіл дүниежүзінде 9-орында тұр. Мұндай жерге Франция сияқты 5 мемлекетті сыйғызып жіберуге болады. Қазақстанда 16 миллион шамасында халық тұрады. Жыл өткен сайын бұл цифр ұлғая түсуде. Елімізде байырғы халық қазақтардан басқа ұлттардың да өкілдері тұрады. Қазақстан Республикасының астанасы 1998 жылы Алматы қаласынан Астана қаласына көшірілген. Ел басшысы

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 1999 жылы бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде сайланған Президент. Қазақстан Республикасында 14 облыс, 159 аудан, 85 қала, 195 кент, 2150 ауылдық және селолық округтер бар.

Оқушылар 14 облыс пен Республикалық маңызы бар 2 қала туралы слайд-презентацияларын қорғайды. Қазақстан картасын 14 облысты орналастыра отырып құрайды.

Батыс Қазақстан облысы, Махамбеттің өлеңі оқылады. Шығыс Қазақстан облысы, Абайдың «Көзімнің қарасы» әні шырқалады.

Қазақстанның табиғаты мейлінше алуан түрлі. Қазақстандағы өсімдіктердің жалпы түрлері 6 мыңнан астам. Олардың ішінде емдік қасиеті барлары, сирек кездесетін түрлері де аз емес. Ал құстардың түрі 500-ден астам. Өзен-көлдерде балықтың 107 түрі өсіп-өніп жатса, далалар мен ормандардағы жабайы аңдардың түрі 178-ге жетеді екен. Елауамағының 10-нан бір бөлігін таулар алып жатыр.

Сызбаны толтыру

Мемлекет	Қазақстан
Елордасы	
Президенті	
Халқы	
Аумағы	
Қалалары	
Өзендері	
Көлдері	
Өсімдіктері	
Құстары	
Балықтар	
Жабайы аңдар	

Мұқағали Мақатаевтың «Алтай-Атырау» поэма-сынан алынған үзінділер оқылады. Балалардың Отанына деген ізгі тілектері. Хормен «Атамекен» әні орындалады.

СӨЗДІК ҚОРЫ МОЛ ҚАЗЫБЕК ШЕШЕН

(10-сынып)

Сабақ мақсаты: а) ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырдың тарихи тұлғасы, әйгілі шешен Қазыбек бидің өмірі мен шешендігі, қазақ мемлекетінің қалыптасуына қосқан үлесі туралы білімдерін толықтыра отырып, грамматикадан өткенді қайталау; ә) ойлау, сөйлеу, тұжырымдау, есте сақтау, топтастыру қабілеттерін дамыту, жетілдіру, өз пікірлерін айтуға, дәлелдей білуге дағдыландыру арқылы сөздік қорларын молайту; б) өз Отанының тарихи тұлғалары туралы білуге, оларға құрметпен қарап, мақтан етуге тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі емес, сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабағы. **Әдістер:** сұрақ-жауап, ой шақыру, инсерт әдісі, өз бетімен жұмыс, үш кезеңдік сабақ, топтастыру, көрнекілік-түсіндірмелі, топтық, баяндау, жартылай ізденіс.

Сабақтың жабдықталуы. Көрнекілік құралдар: Қазыбек, Төле, Әйтеке билердің суреттері; **үлестірмелі материалдар** (таратпа мәтіндер, оқулық, грамматикалық тапсырмалар), **оқытудың техникалық құралдары** (интерактивті тақта, компьютер, слайдтар). **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, тарих.

Сабақтың барысы.

Саз естіліп тұрады /Ж.Еңсепов/ Экранда үш бидің суреті.

I. Ұйымдастыру: а) Сәлемдесу (сабақта психологиялық жылы жағдай жасау); ә) жұрнал толтыру, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

II. «Қызығушылықты ояту» кезеңі.

а) Жұмбақтап сөйлеу: XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген қазақтың атақты биі, «Жеті Жарғыны» жасауға қатысқан асқан шешен, ақын, дау-жанжалды әділ шешкен би, дипломат, қоғам қайраткері.

ә) Мұғалімнің өлең жолдарын оқуы (оқушылардың жауабы, экранда би суреті).

б) **Сабақ тақырыбын жариялау**, мақсатын, мазмұнын хабарлау.

Топтық жұмыс туралы айтып кету /бағалау парағы/.

Топ жетекшісін сайлау.

III. «Мағынаны ажырату» кезеңі.

Сұхбат алу. Алматы тұрғындарынан сұхбат алу (слайд арқылы көрсету, билерге орнатылған ескерткіш) — топтар арасында пікір алмасу. Осы кезеңнің мақсаты мен мазмұнын айту.

а) **Мәтінмен жұмыс.** Әр топ өз мәтіндерін түсініп оқиды. Білемін – V, + бүгін білдім – + белгілерін қойып, топ ішінде талқылайды. Топ атынан спикер сөйлейді. Оқушылар жаңа білгендерін ортаға салады.

ә) Оқулықпен жұмыс: 52-бет, 12-тапсырма.

1) сөздік жұмысы, сөз тіркестерін құрау, өлең ішінде оқып, аудару;

2) мәнерлеп оқу /жеке, хормен, тізбектесіп/;

3) Қазыбек шешеннің қалмақ ханына айтқан сөздерінің мағынасын ашып, өз ойларыңызды қосып айтыңыздар.

IV. Грамматикалық тапсырмаларды орындау.

Тапсырмаларды топ басшыларына беру.

А) Семантикалық картамен жұмыс:

Зат есім	Тұлғасына қарай		Құрамына қарай		Мағынасына қарай					
	негізгі	туынды	дара	күрделі	жалпы	жалқы	деректі	дерексіз	жанды	жансыз

Сан есім	Тұлғасына қарай		Құрамына қарай		Мағынасына қарай					
	негізгі	туынды	дара	күрделі	есептік	реттік	жинақтық	бөлшектік	топтау	болжалдық

Сын есім	Тұлғасына қарай		Құрамына қарай		Мағынасына қарай			
	негізгі	туынды	дара	күрделі	сапалық	катыстық		

Есімдік	Тұлғасына қарай		Құрамына қарай		Мағынасына қарай						
	негізгі	туынды	дара	күрделі	жіктеу	сұрау	болымсыздық	белгісіздік	өздік	жалпылау	сілтеу

Етістік	Тұлғасына қарай		Құрамына қарай		Мағынасына қарай			
	негізгі	туынды	дара	күрделі	болымды		болымсыз	

Шылау	Тұлғасына қарай		Құрамына қарай		Мағынасына қарай			
	негізгі	туынды	дара	күрделі	жалғаулық	демеулік	септеулік	

- Оқулықта берілген мәтін жолдарынан зат есім, сан есім, сын есім, есімдік, етістік, шылау сөздерді тауып, талдап, кестені толтырыңыздар.

1-топ – зат есім, сан есім. 2-топ – сын есім, есімдік. 3-топ – етістік, шылау.

- Өздеріңіз бағалап отырасыздар /бағалау парағы/.

Талдауын тексеру /әр топтан сұрау/.

V. Үй тапсырмасын беру:

III деңгей тапсырмасы: «Қазыбек биге хат» /эссе жазу/.

II деңгей тапсырмасы: 31-32 беттегі өлеңді мәнерлеп жатқа оқу.

I деңгей тапсырмасы: мәнерлеп оқу, 3,4 – тапсырма /сөйлем құрастыру/.

VIII. Ой-толғаныс кезеңі.

А) Топтастыру әдісі – тақтаға жазу, тұжырым жасау /Қазыбек би суреті тақтада/

- Бүгінгі күнде Қазыбек би сияқты халық қамын ойлайтын адамдар бар ма? Оларды атаңыздар.

- Олар ел үшін қандай істер атқарып жатыр?

- Келешекте сіздер ел үшін, Отан үшін не жасай аласыздар?

VIII. Бағалау парақтарын тексеру, бағалау7

Шешендікке қатысты мақал-мәтелдер айтқызу.

Мен қазақ тілі сабақтарында «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлау» технологиясының кубизм, түртіп алу, символдар, ұқсастық пен даралық, ассоциация, семантикалық карта стратегияларын үнемі қолданып отырамын. Бұл технология элементтерін сабақта қолдану барысында оқушылардың қызығушылығы артып, тапсырмаларды орындауға құлшына кіріседі.

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ ГАЗЕТ-ЖҰРНАЛДАРЫ

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) **білімділік** – қазақ тілінде алғашқы шыққан газет-жұрналар («Қазақ» газеті, «Айқап» журналы) бойынша толық мағлұмат беру; **дамытушылық** – оқушылардың дүниетанымын, шығармашылық қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін әрі ашық, логикалық бірізділікпен, дәлелді түрде ауызша да, жазбаша да сауатты жеткізе білуін жетілдіру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; **тәрбиелік** – елтану, мәдени-танымдылық құзыреттілігін дамыту. **Әдістемелік жабдықтау:** мерзімдік басылымдар көрмесі, оқу-әдістемелік тірек-кестелері, мәтіндер, слайд топтамасы, интербелсенді тақта. **Әдісі:** ізденімпаздық, шығармашылық, проблемалық, сұрақ-жауап, интерактивтік тақтамен жұмыс.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу. Мемлекеттік әнұранды орындау.
2. Оқушыларды түгелдеу.
3. Оқушылардың психологиялық ахуалы, көңіл-күйлерін сұрай отырып, сабаққа бейімдеу, ыңғайлау.

II. Өткен сабақты қайталау:

1. Үй тапсырмасын тексеру, сұрау.
2. Оқушылардың өткен сабақты қаншалықты меңгергенін, түсінгенін байқау, анықтау.

3. Оқушының сөйлеу қабілетін, сөйлеу тілін, сөздік қорын байқау.

4. Неге көңіл аудару қажеттігін анықтау, ескеру.

5. Ережелерді сұрау. Мысал келтіру.

6. Сұрақ-жауап арқылы өткен сабақты қорыту.

III. Оқушылардың субъекті тәжірибесін өзектілеу кезеңі.

1. Сабақтың тақырыбын хабарлау.

2. Сабақтың мақсатымен таныстыру.

3. Кіріспе әңгіме жүргізу. Жетекші сұрақтар қоя отырып, балалардың жаңа тақырып бойынша нені білмейтінін анықтау.

IV. Жаңа түсінікті қалыптастыру.

1. Жаңа сөздерді меңгерту. Сөздік жұмысын жүргізу (слайд №1).

Қоғамдық-әлеуметтік, жариялау, дүниетанымын қалыптастыру, негізін қалауға көмектесу, үгіт-насихат, зиялылар, ой-пікірін ояту, дамуына үлес қосу, тұрмыс-тіршілігі, басылым жарық көрді, қоғамдық-саяси, жағдайлармен оқиғалар, өкініш.

2. Оқылым. Мәтінмен жұмыс (слайд №2).

Мәтіндерді түсініп оқу. Пікір алмасу.

2.1. Баспасөз – халықтың қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятуға, мәдени-әдеби дүниетанымын қалыптастыруға, кеңейтуге әсер ететін бірден-бір құрал. Қазақ баспасөзі халықтың саяси ой-пікірін оятып, дүниетанымын байытуға едәуір әсер етті. Газеттің ақпарат жеткізуші, үгіт-насихат саласындағы қызметі жөніндегі А.Байтұрсынұлының “Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, қасында құлағы жоқ керек, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды” деуі – газеттің әлеуметтік-қоғамдық өмір саласындағы алатын орнын, қызметін нақты бағалаудан туындаған.

Пікірлесу. А.Байтұрсынұлының “Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды” деген сөзін қалай түсінесіңдер?

2.2. Оқылым. Мәтінмен жұмыс (слайд №3).

Ұлттық баспасөздің қарлығаштары– «Қазақ» газеті, «Айқап» журналы. Бұл басылымдардың дүниеге келуі қазақ халқының өткен ғасырдағы мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. «Айқап» журналы, «Қазақ» газетінде басылған шығармаларында қазақ халқының әр кезеңіндегі өмірі, тұрмыс-тіршілігі, күрделі жағдайлар мен оқиғалар толық, тұтас қамтылғанымен, тарихымызда болған ұлы өзгерістер, халық өмірінің жеке-жеке суреттері алғаш осы баспасөз бетінде жарияланып, ұлттық әдебиеті мен мәдениетінің негізін қалауға көмектесті. Оқу-ағарту мен білім идеяларын бұқара арасында насихаттау мен бастауыш білім беру жүйесін кеңейтуде «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті елеулі үлес қосты.

Тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақ тілінде алғашқы шыққан газет-журналдарды атап беріңдер.
2. Бұл баспасөз беттерінде не туралы, кім туралы жазылған?
3. Нені насихаттаған?

2.3. Оқылым. Мәтінмен жұмыс (слайд №4).

«Қазақ» газеті – 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарық көрген қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым (Алғашқы нөмірі 1913 жылы 2 ақпанда шыққан). 1915 жылға дейін аптасына бір рет, одан кейін екі рет шыққан. Бастырушысы – «Азамат» серіктігі. Газетке қаржылай көмектескендердің көшбасында Мұстафа Оразайұлы бар. Жалпы 265 нөмірі жарық көрген. «Қазақ» газетін

шығаруды ұйымдастырушы, редакторы – А.Байтұрсынұлы, оның өкілетті өкілі М.Дулатұлы болды. 1918 жылы газетті Жанұзақ Жәнібекұлы басқарды.

Басылымда А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы, т.б. авторлардың мақалалары жарияланып тұрды. Бұдан кейін пайда болған барша елшіл газет-журналдар осы «Қазақтың» шекпенінен шықты.

Тапсырма: Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Қазақ» газеті қандай басылым?
2. Қай жылы шыққан?
3. Неше нөмірі жарық көрді?
4. «Қазақ» газетінің ұйымдастырушысы кім?
5. Басылымда кімдердің мақалалары жарияланып тұрды?

Пікірлесу (Слайд №5).

Газет рәміздік-бейне ретінде киіз үйді ұсынды. Бұл – қазақ ұлты деген ұғымды берді. Оның түндігі батыстан ашылып, есігіне «Қазақ» деп жазылды. Мұны қалай түсінесіңдер? (ұлт зиялылары «қазақ ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын, «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі, әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын» деп жазды)

2.4. Оқылым. Мәтінмен жұмыс (слайд №6).

«Айқап» - қоғамдық-саяси және әдеби журнал. 1911–1915 жылдары Троицк қаласында басында айына бір рет, кейіннен айына екі рет шығып тұрған. 1-2 мың данамен 88 нөмірі жарық көрген. Алғашқы редакторы – М.Сералин. «Айқап» қазақтың қоғамдық санасының оянуына және ұлттық мәдениеттің дамуына үлкен үлес қосты. Журналда қазақ ауылдарындағы оқу-ағарту жұмыстары, әйел теңдігі, отырықшылық өмір салтына көшу, сонымен қатар Мемлекеттік Думаға қатысу жөніндегі саяси мәселелер

көтерілді. Журналды шығару жұмыстарына А.Ғалымов, С.Торайғыров қатысқан. Журналда А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердиев, Б.Майлин, Б.Өтетілеуов, С.Көбеев, Н.Құлжанова, т.б. сияқты белгілі жазушылар белсенді қыз-мет атқарған. Абай, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин өлең-дерімен қатар халық ауыз әдебиетінің шығармалары, шығыс, орыс және еуропа әдебиетінің туындылары жарияланған.

Тапсырма.Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Айқап» деген қандай журнал?
2. Қай жылы шыққан?
3. Алғашқы редакторы кім болған?
4. Журналда қандай мәселелер көтерілді?
- 5.Журналды шығару жұмыстарына кімдер қатысқан?
- 6.Журналда қандай белгілі жазушылар белсенді қызмет атқарған?
7. Абай, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин өлеңдерімен қатар халық ауыз әдебиетінің шығармалары, шығыс, орыс және еуропа әдебиетінің туындылары қай журналда жарияланды?

Пікірлесу (слайд №7).

Басылым атына келсек, қазақтың «әй, қап!» деген өкінішке толы сөзінен туған. «Айқап» журналының мақсаты — өкініштің орынын толтыру. Ол қандай өкініш? (Журналға «Айқап» деп есім бердік. Бұл сөзге түсінген де бар, түсінбеген де табылар.Біздің қазақтың «Әй, қап» демейтұғын қай ісі бар?! Газет шығармақшы болдық, қолымыздан келмеді. Пұлы барларымыз ынтымақтаса алмадық. Пұлы барларымыз ынтымақтассақ та, ақшасыз істің жөні табылмады. «Қап, пұлдың жоқтығы, қолдың қысқалығы-ай» дедік. Жақсы жерлерімізді қолда сақтар үшін қала салмақ болдық. Басымыз қосылмады. Қолайлы жерлер қолдан кетті. «Қап» ынтымақсыздығымыз-ай дедік. Болыс, би, ауылнай

боламыз деп таластық, қырылыстық. Жеңілгеніміз жеңген жағымызға «ендігі сайлауда көрерміз, қап, бәлем-ай» дедік. Осындай біздің қазақтың бірнеше жерде «қап» деп қапы қалған істері көп. «Қап» дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз өкінішімізге лайық «Айқап» болды. **Басқарушы, бастырушы – М.Сералин.** «Айқап» журналы, 1911 жыл. 1-нөмір)

V. Сабақты қорыту:

Сабақты оқушылардың өздеріне қорытындылату, сөйлету, дағдыландыру, қалыптастыру.

Сөйлеу тілін дамытуға бейімдеу, сөйлей білуге үйрете отырып, дағдыға айналдыру.

Жаңа сөздерді қайталату. Түсінбегендерін сұрату.

«Айқап» – қазақ халқының көзінің қарашығы атанса, «Қазақ» газеті – ел жанарының ағы бола білгені – ақиқат. «Айқап» патшалық дәуірдің қалдығынан құтылу керек екенін буырқана айтса, «Қазақ» газеті ұлттық құндылықтарымызды дәріптей отырып, жаңа белестерге жетеледі. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті Қазақстандағы бүкіл демократиялық басылымдардың негізі болды. Қазақ басылымдары ғасырлар бойы ақпарат пен жаңалыққа сусындаған халқына рухани тұма, саяси суат, әлеуметтік арна бола білді. Қазақ баспасөзінің демократиялық құндылықтарын ұстану жолында халқының құлағы һәм көзі бола білген «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдарындағы дәстүрлер жалғастығына үлгі болары сөзсіз.

Белгілі адамдардың айтқан сөздерін дәптерге көшіріп жазып, өз пікірлеріңді айтыңдар (слайд №8).

1. «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол ұлттың өзі де мықты» (Ахмет Байтұрсынұлы).

2. «Мың жау әскерінен гөрі жат пиғылды төрт газеттен көбірек қорқу керек» (Наполеон).

3. «Төрт қағида бар. Біріншісі, газет – халықтың көзі, құлағы, тілі; екіншісі, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе; үшіншісі, газет – халыққа білім таратушы; төртіншісі, газет – халықтың жақтаушысы» (Ахмет Байтұрсынұлы).

4. «Баспасөз – өмір айнасы» атты шағын эссе жазу (3-4 сөйлем). Әр оқушы өз эссесін оқып шығады.

VI. Үй тапсырмасын беру.

VII. Бағалау: әр оқушының алған бағасын талдай отыра, кім не себепті қанша алды, қалай алғанын түсіндіру. Оқушының күдігін сейілту, мүмкіндігін айту.

VII. Рефлексия кезеңі.

- Бүгінгі сабақтан сендер не білдіңдер?



Салтанат ОРАЛҚЫЗЫ,
Алматы қаласының
Шаңырақ шағын ауданындағы
«Олимпиада резервінің республикалық
мамандандырылған мектеп-
интернат-колледжі»
мемлекеттік мекемесінің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕ – ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – қазақ халқының ұлы адамдарының бірі – Ы.Алтынсарин жайлы қысқаша мәлімет беру, өз ойын жеткізе білуді, дұрыс сөйлем құра білуді жетілдіру; **дамытушылық** – тапсырмалар, сұрақтар, ойын

арқылы оқушылардың дүниетанымын, ойлау, жазба, ауызша тіл байлықтарын және шығармашылық қабілетін арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды Ы.Алтынсарин өнегесі арқылы бірлесіп еңбектенуге, ұлтжандылыққа, білімқұмарлыққа тәрбиелеу.

Типі: аралас сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап. **Сабақтың жабдықталуы:** оқулық, кесте, слайдтар, Ы.Алтынсариннің портреті, тірек-сызба, ойын элементтері.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу.
2. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
 - Балалар, бүгінгі сабағымыз күндегі сабақтан ерекше болмақ, себебі біз екі топқа бөлініп, сайысқа түсеміз. Сондықтан топ басшыларын сайлап алайық.

Қоржындарды әр топтың партасына іліп, дұрыс жауап сайын қоржындарына асық салатынымды ескертемін.

II. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі.

Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!» өлеңін жатқа айту.

III. Білімді тексеру кезеңі.

«Ыбырай» сөзжұмбағын шешу арқылы сабаққа бағыттама жасау.

Сұрақтар:

1. Сан.
2. Қазақтың ұлттық ойыны.
3. Елтаңбаның басты белгісі.
4. Сынып жиһазы.
5. Құрмалас сөйлемнің түрі.
6. Қазақ халқының ұлы ақыны.

	а	л	т	Ы				
а	л	т	ы	б	а	қ	а	н
	ш	а	ң	ы	р	а	қ	
		п	а	р	т	а		
	с	а	л	а	л	а	с	
	А	б	а	й				

IV. Мақсат қою кезеңі.

Оқушыларға сабақтың мақсатын түсіндіру.

- Біз бүгінгі сабағымызда Ы.Алтынсариннің өмірі және шығармашылығымен танысамыз. Құрмалас сөйлемнің түрлері және салалас құрмалас сөйлемді қайталаймыз.

V. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - *Ыбырай Алтынсарин – қазақ даласының жарық жұлдызы. Қазақтың алғашқы ағартушы-педагогі, балалар әдебиетінің негізін салушы, жазушы-этнограф. Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 20 қазанда қазіргі Қостанай облысында дүниеге келген. Үш-төрт жасында әкесі Алтынсары қайтыс болып, атасы Балқожаның қолында өсіп, тәрбиеленеді.*

Атасы Балқожа би өз аймағының атақты кісілерінің бірі болған.1850 жылы Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін ашқан мектебіне барады.

1860 жылы ол қазақ балаларына мектеп ашу үшін Торғайға келеді.Осыдан былай Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық-педагогтік қызметі басталады.Ол жаңа мектептер салдырды.1883 жылы мұғалімдер мектебін ашты.

Ыбырайдың қай шығармасын алсаң да, балаларды білімге, еңбекке, адалдыққа, іскерлікке шақырады.

Сөздік жұмысы: А) Мұғалімнің дауыстап оқуы. Ә) Оқушылардың қайталауы. Б) Сөз тіркестерін құру. В) Сөйлемдер құру.

Негізін салушы – основатель;

Кедергі – препятствие;

Адалдық – честность;

Немере – внук;

Білімге шақырды – призывал;

Іскерлік – деловитость;

Қызмет – служба;

Ғұмыр – жизнь.

Мәтінмен жұмыс: а) тізбектеп оқыту; ә) әр топ бір-біріне 3 сұрақтан қойып, жауап береді.

VI. Жаңа білімді тексеру кезеңі.

- Біз осы сабақта жақсы бағалар алу үшін бірнеше кедергілерден өтуіміз керек.

1-ші кедергіден «Ханталапай» ойынымен өтеміз. Ойынның шарты – әр топтың оқушылары сақамен тізіліп тұрған асықтарды атып, сұрақтың нөмірін оқиды. Сол сұраққа жауап береді, жауап бере алмаса, келесі топтың оқушысы жауап береді.

Сұрақтары:

1. Ы.Алтынсарин қашан, қай жерде туды?

2. Салалас құрмаластың түрлерін ата.

3. Ыбырай кім?

4. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін ата.

5. Мәтіннен құрмалас сөйлемдерді тап.

6. Қарсылықты салалас қандай жалғаулықтар арқылы жасалады?

2-ші кедергіден «Арқан тарту» ойынымен өтеміз. Оқулықтан 2-тапсырманы орындатамын. Жай сөйлемдерден сабақтас құрмалас сөйлемдер құру. Тақтаға бір оқушыны шақырып, синтаксистік талдау жасатамын.

3-ші кедергіден «Ойлан, тап!» ойынымен өтеміз. Топтағы барлық оқушыларға перфокарталар таратылады. Тапсырманы барлық оқушылар орындаған соң, топ басшысы

кол көтереді. Дұрыс жауап слайд бойынша беріледі, жауаптарды қарсы топ тексереді. Қай топта «5» көп, сол топқа ұпай беріледі.

№	Мысалдар	Ыңғайлас	Қарсылықты	Себепсалдарлы	Кезектес	Талғаулы	Түсіндірмелі
		А	Ә	Б	В	Г	Ғ
1	Оқушылар сабақта отырды, бірақ баға алмады.		+				
2	Мен жаттығуға бармадым, себебі таңертеңнен басым ауырды.						
3	Олар бірде ән айтты, бірде би биледі.						
4	Киноға билетті не сен ал, болмаса мен аламын.						
5	Біз сахнаға шықпай қоймаймыз: бәрі жақсы дайындалған.						
6	Жазда күн жылы және өте қызықты.						
7	Ол бүгін базарға барды, бірақ көкөністерді алуды ұмытып кетті.						

4-ші кедергіден «Кім жылдам?» ойынымен өтеміз.
Ыбырай Алтынсарин туралы сөйлемді дұрыстап құрастырып, жабыстырып, теріс жағын бәріне көрсету керек. Сөйлем дұрыс құралған жағдайда, тапсырманың артындағы сурет дұрыс шығады.

Жұлдызы, Алтынсарин, Ыбырай, даласының, қазақ, жарық.

Алтынсары, болады, үш-төрт, әкесі, қайтыс, жасында.

VII. Сабақты қорытындылау, бағалау.

- Екі топтың қоржындарындағы асықтарды санаймыз, қай топтың асығы көп болса, сол топ – жеңімпаз. Бағалау.

VIII. Үйге тапсырма:

1. Ыбырай Алтынсарин туралы әңгімелеу.
2. Сабақтас құрмалас сөйлемге 3 мысал келтіру.



Роза БЕКЕШОВА,
Көкшетау қаласындағы
№8 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

САУАТТЫ СӨЙЛЕМ ҚҰРАТҚАН – ӘЛ ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – әл Фарабидің ғылыми еңбектерімен мәтін оқу арқылы танысу, сөз қорын байыту, дұрыс, сауатты сөйлем құру. Есте сақтау қабілетін дамыту; **дамытушылық** – оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұстақтап, қосымша мәлімет алу. Слайд көру арқылы ғалымның еңбектерімен танысып, мазмұны туралы хабар алу. Есте сақтау қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – ғалымның еңбектері

қазақ елі үшін өте құнды, баға жетпес асыл мұра екенін оқушыға жеткізу және оны қадір-тұтуға баулу.

Түрі: жаңа тақырыпты меңгерту. **Әдісі:** сұрақ-жауап, оқушылардың шағын ғылыми жобаларын қорғау, интерактивтік тақтаны қолдану. **Көрнекілігі:** интерактивтік тақта.

Сабактың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Сабактың эпиграфы:

Адам мақсатқа, ең алдымен,

өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді (әл Фараби)

- Осы сөзді қалай түсінеміз? (I слайд, оқушылардың жауаптары)

- Өз-өзін жетілдіріп, алдына қойған мақсатқа жете білген адамды білесіңдер ме? (II слайд)

Адам кейбір заттарды (ақша, даңқ, қажеттілік және т.б.) өмірдің негізі деп ойлайды. ... сол мақсатқа жету үшін, үздіксіз соған қарай жүру үшін жанның теориялық жағын әбден жетік білуі керек. Бұған тек ақылгөйлер ғана бара алады.

(Әл Фараби)

- Әл Фараби кім? (III слайд)

- Ол алдына қандай мақсат қойды?

- Ол мақсатына қалай жетті?

Әр адам өзінің алдына сондай мақсат қоя білсе, оған жету жолдарын нақты білсе, өз мұратына жете біледі.

- Мақсатының нәтижесі неде?

III. Жаңа тақырыпты талдау.

- Бүгінгі мақсатымыз – әл Фарабидің ғылыми еңбектерімен танысып, мазмұнын білу. Сөз қорын байыту арқылы еркін әңгімелеу. Түрлі грамматикалық талдау жасау.

Әл Фараби – данышпан ғалым.

- Оның аты неліктен Фараби деп аталған?

- Отырардың ежелгі атауы қандай?
- Фарабтың ғылымға деген ынтасы қайда пайда болған?
(Отырар туралы мәлімет IV-VIII слайд)
- Отырар қаласынан қайда аттанды?
- Бағдат ненің орталығы?
- Ол өзін осы қалада жетілдіре алды ма?
- Бүкіл өмірін қандай ғылымға сарп етті?
- Сонда оның бойында қандай қасиеттер болған?
(еңбексүйгіштік, тапқырлық, алғырлық, ынталылық, зеректік, т.б.)
- Осы қасиеттер оны ғылыми еңбектер жазу үшін итермеледі (IX слайд)

Мұғалім: - Әл Фарабиді неміс шығыстанушылар ұлы, бірегей тұлға деп атаған. Ғалым көзінің тірісінде-ақ Бағдат қаласында «Ал муаллим ас-сани»-«Екінші ұстаз» деген атаққа ие болды. Араб, парсы, грек, үнді, түркі мәдениетінің жетістіктерін талдап, жақындастыра білді. 70 тілді жетік меңгерді. Еңбектері X-XIIIғ. грек және латын тілдеріне аударылды. Әл Фарабидің мәселелерін жалғастырушылары – әл-Бируни, ибн-Сина. Атақты Қазыбек би ғалымның еңбектерін оқып, қазақ тіліне аударды. Оған, әсіресе, билік, қоғамдағы тәртіп, билеуші мен халықтың арасындағы қарым-қатынас туралы пікірлері ұнады. Әл Фарабидің 160 трактаты бар. (X слайд)

Жаңа сөздермен жұмыс.

Синоним:

Ләззат – рақат, жан тыныштығы;

Ынтық – құмар, інкәр, ынтызар;

Бірсыпыра – біраз, бірқатар, бірқыдыру;

Ұқыпты – жинақы, тыңғылықты;

Ұқыпты қарамаған – жауапсыздық;

Қан тамырының тарауы – кровеносные сосуды.

Антоним:

Аяқ кезі – бас кезі.

Омоним:

Бас – 1. зат есім, адамның дене мүшесі.

2. етістік, заттың қимылы.

Оқулықпен жұмыс:

Ләззат сөзі қандай сөз табына жатады?

Ынтық сөзіндегі буын түрлерін атау.

Бірсыпыра сөзі үндестік заңына бағына ма?

Ұқыпты сөзінде дыбыс үндестігі сақтала ма?

Аяқ сөзінде неше әріп, неше дыбыс?

Қарама сөзінде екпін қай буынға түседі?

1. Оқушылар мәтінді тізбектеп, мазмұнын түсініп оқиды.

2. Сұрақ-жауап құрастыру.

- Әл Фараби қандай дәрігер болды?

- Ғалым шаш пен сақал, қас пен кірпік туралы қандай пікір айтады?

- Әл Фараби өзінің еңбектеріне қалай қараған?

- Оның еңбектерінің жоғалып кетуіне не себеп болған?

- Бүгінде ғалымның неше ғылыми еңбектері бар?

- Оның еңбегінің көбі қай тілде жазылған?

- Ғалымның еңбегі қашан және қай жерде басылған?

- Ғалымның мәселелерін жалғастырушы кім?

- Еңбектерін қазақ тіліне аударған кім?

3. Мәтінді іштей оқу.

4. Сөз қорын тексеру.

Ғалымның еңбектері туралы не білдік? (алған білімдерін қорыту, дұрыс, сауатты сөйлемдер құру).

IV. Қолдану.

Саяхатшылық өмірінің өзі де оның еңбектерінің жоғалып кетуіне көп себеп болған. (Жай, жақты, толымды, жайылма сөйлем)

Сөз құрамына талдау: мысалы, *өмірінің* – өмір – негізгі түбір, дара, жалпы, дерексіз зат есім; *і* – тәуелдік жалғауы; *нің* – Ілік септігінің жалғауы.

Сөз тіркестердің байланысу тәсілдері:

Саяхатшылық өмірінің – есім с.т., қабысу.

Оның еңбектері – есім с.т., матасу.

Себеп болған – етіс с.т., қиысу.

Өмірінің өзі де – есім с.т., матасу.

Медициналық трактаттар туралы қосымша мәлімет беру (XIV слайд).

«Музыканың ұлы кітабы» туралы қосымша мәлімет (XV-XVI слайд).

«Математикалық трактаттар» туралы қосымша мәлімет (XVII слайд).

Физика, философияға байланысты трактаттар туралы (XVIII слайд).

Мұғалім: – Фараби адамзат құрметі үшін ақыл мен білім өте қажет нәрсе деп есептейді. Шынайы бақытқа жету үшін үнемі іздену мен оқу керек дейді (XX слайд).

- Әл Фараби атында не бар? (XXI-XXIV слайд)

- **Қазақ Ұлттық университеті бар.**

- Ол туралы не білесіңдер?

V. Қорытынды жасау.

Әл Фарабидің еңбектері туралы не білдік?

VI. Үй жұмысы: «Ғылыми еңбектер» тақырыбына эссе жазып келу.

VII. Бағалау.

ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫ

Мақсаты: а) XII модуль бойынша алған білімдерін пысықтап, теориялық білімдерін практикамен ұштастыру, сауаттылыққа, шығармашылыққа баулу; ә) сөйлеу әрекетін дамытып, өз ойын жүйелі түрде жеткізуге дағдыландыру; б) табиғат сұлулығын түсінуге, ұқыпты, белсенді болуға шақыру, қазақ тіліне деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

Көрнекілігі: слайдтар, көктем суреті, кеспе қағаздар.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, дүниетану.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Сәлемдесу:

«Сәлем – сөздің анасы, сәлем берер әр қазақтың баласы» демекші, бүгінгі сабағымыз жақсы өту үшін бір-бірімізге сәттілік тілейік.

2. Психологиялық дайындық:

- Қайырлы таң, достым!

- Қайырлы күн болсын!

- Бейсенбінің әр кезі

Сәттілікке толсын!

- Біздің алар бағамыз

Кілең бестік болсын!

II. Жаңа сабақ.

1. Сабақтың тақырыбын, мақсатын хабарлау.

2. Кіріспе бөлімі:

а) «Жыл – он екі ай» жыры мұғалім дауысымен жазылған үнтаспадан тыңдалады.

Интерактивті тақтада өлең жолдары шығып отырады.

Ерте кезде белгісіз, Жыл деген бір шал болған,

Бірі мыңға бергісіз төрт баласы бар болған.

Төрт баласы кезекпен – Қыс пен Күз, Көктем мен Жаз

Сүйсіндіріп халықты, әкелерін мәз қылған.

Немересі төрт ұлдан он екі екен тараған.

Шеттерінен бәрі де жастай іске жараған.

Қамын ойлап кәрінің, кезекпен кеп тұрыпты.

Ортасында бәрінің шал салтанат құрыпты.

ә) Сұрақ-жауап өткізу:

1. Шал деп отырғанымыз кім?

2. Төрт ұлының аттарын атаңдар.

3. Он екі немересін атап беріңдер.

4. Етістіктерді атап, шағын анықтаңдар.

3. Негізгі бөлімі:

1-тапсырма: сызба бойынша көктем тақырыбына әңгімелеу.

(Оқушылардың сөздік қорын бақылау үшін әр оқушыға бір-бір сөйлем құрату)



2-тапсырма: сөздерден сөйлем құрастыру, етістіктің шағын белгілеу (Кеспе қағаздар әр оқушының алдында жатады, қаламмен сызып көрсетеді).

«Домино» оқыту ойыны.

Көктем-де	күн	қатая	бастай-ды.	Шаруа	еңбегі
түн	жылы-на	су	жүре	жұмыс-тары	қыза
өзге-ре	бастай-ды.	Өзен-дерде	сең	аяқ-тала	бастай-ды.

3-тапсырма: етістіктерді шақ категориясына қойып, кестені толтыру.

Интерактивті тақтада орындалады.

Жабу(сіз), әкелу(ол), оқу(мен), көру(сен), жату(сен), қарау(мен), сүрту(сіз), отыру(ол), жүру(сіз), айту(мен), тыңдау(ол), ойнау(сен).

Осы шақ		Өткен шақ	Келер шақ
Мен			
Сен			
Сіз			
Ол			

4-тапсырма: көктем суретін құрастыру үшін сөйлемдерді рет-ретімен қою, етістіктердің жасалу жолын түсіндіру.

«Даналық ағашы» оқыта-үйрету ойыны.

1. Күн жылы, түн әлі салқын болып тұр.
2. Жер беті гүл-бәйшешекке толды.
3. Жылы жаққа кеткен құстар қайтып келеді.

4. Қорыту бөлімі:

1. Көктем айларының шығу тарихын баяндау (оқушылар алдын ала жаттап келеді).

Наурыз – көктемнің бірінші айы.

Парсыша «нау» - жаңа, «руз» -жыл деген мағынаны білдіреді.

Оны халық «Ұлыстың ұлы күні» деп құрметтейді.

Сәуір – көктемнің екінші айы.

Бұл айда күн күркіреп, найзағай жарқырайды.
«Сәуір болмай, тәуір болмас» деген мақал бар.

Мамыр – көктемнің үшінші айы.

Бұл айда құстар ұя салып, балапан шығарады.
Мамыр тоқшылық деген ұғымды білдіреді.

2. Көктем туралы өлеңдерді жатқа айту.

Көктем, көктем, көктемде,

Құстар келіп жеткенде,

Біз қуанып қаламыз,

Әнмен қарсы аламыз.

Наурыз келді шуақты,

Шаттанбаған бар ма алап?

Жылғалармен су ақты,

Бүршік жарды ағаштар.

3. Шығармашылық жұмыс: екі бағанда берілген сөздерді пайдаланып, өлең шығару.

Үлгі: **«Буриме» оқыту ойыны.**

Зат есім	Етістік
көктем, күн, аспан, мезгіл шөп, қар, ағаш, бәйшешек, жел, гүл, өзен, көл, сең, құс, адам, ай, сай-сала, егін, түн, жұмыс, бала, жер беті, мал	жылынады, ериді, жүреді, келді, шықты, қайтты, соқты, болды, гүлдейді, ашылды, басталды, толды, төлдеді, отырғызды, киінді, ойнады

Көктем келіп,

Күн жылынды.

Аспан шайдай ашылды.

Бұл мезгілде

Барлық адам

Қызу жұмыс үстінде.

III. Бағалау.

ЖАҢА СӨЗДЕР ЖӘНЕ ТҰҢҒЫШ ЕЛБАСЫ

Сабақтың мақсаты: 1) қазақ халқының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру; 2) Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып, Отанын, халқын сүйуге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу; 3) шәкірт жүрегінде Елбасына деген сүйіспеншілік сезімін ояту, құрметтеу.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, суреттер, таблица.
Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, интерактивтік оқыту әдісі, мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап, сөйлемдер құрастыру, мәнерлеп оқу, сұхбат құру.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: (3 минут)

- Сәлеметсіздер ме, балалар!
- Қазір жылдың қай мезгілі? (Көктем)
- Көктемнің қай айы? (Наурыз)
- Наурыз айының нешесі? (?)
- Аптаның қай күні?
- «Сәрсенбі – сәтті күн» деп, балалар, сабағымызды бастаймыз. Бүгінгі күнді дәптерлеріңе жазып қойыңдар.

Бүгінгі сабақтың эпиграфы

«Туған жердей жер болмас,

Туған елдей ел болмас».

II. Үйге берілген тапсырманы сұрау.

III. Жаңа сабақ.

- Біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – «Жаңа сөздер және тұңғыш Елбасы»

Сабақтың мақсатын айту.

1. Тұңғыш Елбасы туралы не білесіңдер?

- Теміртау металлургия комбинатында жұмыс істеді.

- Алматы облысында туған.

- Өнұранның авторы кім?

- Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев, Шәмші

Қалдаяқов.

- Балалар, сендер біздің Елбасы туралы біраз ақпарат біледі екенсіңдер. Енді сендердің білімдеріңді толықтыру үшін мәтінмен жұмыс жасайық.

Мәтінмен жұмыс.

IV. Мәтінде кездесетін жаңа сөздермен танысайық.

Сөздік:

Тәуелсіздік алған – получил независимость;

Сайланды – избрался;

Беделі зор – авторитетный;

Қоғам қайраткері – общественный деятель;

Мемлекет – государство;

Төраға – председатель;

Тәуелсіз – независимый;

Әйгілі – известный;

Біртұтас – единый;

Елбасы – Президент.

(Жаңа сөздерді хормен, жеке қайталайды)

Тұңғыш Елбасы

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1940 жылдың 6 шілдесінде Алматы облысындағы Қаскелең ауданының Үшқоңыр ауылында дүниеге келген. Әкесі Әбіш пен анасы Әлжан еңбекқор, өнерлі кісілер болған. Нұрсұлтан Әбішұлының

мамандығы – металлург. Жастық шағын Теміртау мен Қарағандыдағы темір өндіру зауытында өткізген. Жастайынан өз ортасының алдыңғы қатарлы азаматы болған. Басшылық қызметтерге де ерте араласты. Қырық төрт жасында Үкімет төрағасы атанды. 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды.

Еліміздің Ата заңы мен мемлекеттік рәміздері қабылданды. Қарулы күштері құрылды. БҰҰ-ға мүше болды. Осынның барлығы Президенттің атымен тығыз байланысты. Елбасымыздың аты қазір елемге әйгілі.

1. Мұғалім мәтінді өзі мәнерлеп оқып шығады.
2. Оқушылар тізбектеп оқиды.
3. Мәтін бойынша сызбамен әңгімелесу.



4. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, жауап беру.
 1. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев кім?
 2. Ол қай жерде туған?
 3. Тұңғыш Президент болып қай жылы сайланды?
 4. Ол қай жерде жұмыс істеді?
 5. Мәтінді қысқаша мазмұндау, оқушылардың түсінгендерін тыңдау.

V. - Біздің мектеп кітапханасында Қазақстан Республикасының тұңғыш Елбасына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылған. Қазір шағын бейнесюжетке

назар аударайық. **(Бейнесюжет көрсетіледі).**

Қазақстанның көптеген ақын, жазушылары, композиторлары тұңғыш Елбасы туралы өлең, шығармалар, әндер жазды. Біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әнші-сазгер Бекболат Тілеухан екеуі «Елім менің» әнін жарыққа шығарған. Бұл әннің сөзі Нұрсұлтан Назарбаевтікі.

(Б.Тілеуханның орындауындағы «Елім менің» әні тыңдалады. Оқушылар қайырмасына қосылып орындайды).

VI. Грамматикалық тапсырмаларды орындау.

Интерактивтік тақтаға назар аударайық.

1-тапсырма:

1. Тұңғыш, әдемі сөздеріне синоним келтіріңдер. (алғашқы, бірінші); (сұлу, көркем);

2. Мәтінде белгіленген сөздерді сөз құрамына қарай талдаңдар.

3. Берілген сөздерге көптік жалғаулар жалғаңдар. (халық..., қала..., аймақ..., өзен..., ғимарат...); (тар, лар, дер,);

4. *Елбасы* сөзін септеңдер.

VII. Сабақты бекіту:

- Сонымен, балалар, бүгінгі сабақта біз үлкен тақырыпты өттік. Біздің тұңғыш Президентіміз туралы көп мағлұмат алдық.

1. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев кім?

2. Ол қай жерде туған?

3. Президентіміз жұмыс істейтін ғимарат қалай аталады?

VIII. Үйге тапсырма: «Тұңғыш Елбасы» туралы шағын мәтін жазу. Сөздік жаттау.

- Балалар, сендерге бүгінгі сабақ ұнады ма?

- Енді, Елбасы туралы бейнефильм тамашалайық.

IX. Оқушыларды бағалау.

ЕСІМДІКТІ ҚАЙТАЛАУДА – «ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ» ТАҚЫРЫБЫ

(8-сынып)

Сабақтың ұраны:

Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ,

Табиғаттың оны айтуға тілі жоқ. (Ш.Айтматов).

Сабақтың мақсаты: білімділік – табиғатты қорғау

туралы мәлімет алып меңгеру, есімдік туралы алған

теориялық білімдерін практикада қолдану, ауызша, жазбаша

талдау жұмыстарын жүргізе отырып, білімдерін бекіту;

дамытушылық – оқушылардың ой-өрісін, сөйлеу тілін,

сөздік қорын, қиялдарын дамыту, ой қорытып, нақты шешім

жасауға үйретіп, өздеріне сенімдерін арттыру; **тәрбиелік** –

оқушыларды табиғатты сүйуге, қорғауға тәрбиелеу, сауатты

жазуға, ұқыптылыққа баулу, топпен жұмыс жасап, бір-бірін

тыңдай білуге үйрету, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Уақы- ты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушы- ның іс-әрекеті	Ескерту, қандай материалдар қолдануда
2 минут	Сабақтың барысы: - Бүгінгі сабақтың тақырыбын мына өлең жолдарымен ашамыз. (Өлеңді оқу). Сабақтың мақсатымен таныстыру.		

5-7 минут	<p>Үй тапсырмасын тексеру. (Презентация арқылы оқушылар дайындаған материалдарын айтады). <i>Білімдерін тексеру. Эcranға назар аударыңдар. Мына сұрақтарға жауап беріңдер.</i></p>		
5 минут	<ol style="list-style-type: none"> 1. Есімдік дегеніміз не? 2. Есімдік мағынасына қарай қалай бөлінеді? 3. Жіктеу есімдіктерін ата. 4. Белгісіздік есімдіктері қандай? 5. Сілтеу есімдіктерін айтып бер. 6. Болымсыздық есімдіктері қандай? 7. Өздік есімдіктерін ата. 8. Жалпылау есімдіктерін айт. 9. Сұрау есімдіктерін ата. <p>Есімдіктің мағынасына қарай түрлері (жіктеу, белгісіздік, болымсыздық, сілтеу, өздік, сұрау есімдіктер). Мәтіннен есімдіктерді табу.</p>	Оқушылардың жауабы.	Интерактивті тақта.
3 минут	<p>Топпен жұмыс: 1-топ сөйлемдердің ішінен есімдіктерді тауып, аударып, түрін анықтайды. 2-топ берілген мәтіндегі көп нүктенің орынына тиісті есімдіктерді қойып жазады.</p>	Жазбаша жұмыс.	Кәртiшке.

2 минут	Сергіту сәті: «Сіз» деген – сыпайылық, «Сен» деген – анайылық, «Біз» деген – көмек, «Сіз» деген – әдеп.	Хормен.	
5-7 минут	Жаңа сабақ: Жаңа сөздермен танысу: <i>қазына – сокровище;</i> <i>құрылды – создан;</i> <i>қамқорлық – защита;</i> <i>тіркейді – регистрирует;</i> <i>халықаралық – международный;</i> <i>қоғам – общество.</i>	Хормен, жекелей дауыстап айту, сөз тіркестерін құрау.	Интерактивті тақта.
15 минут	Мәтінмен жұмыс: 1. Мұғалім оқиды. 2. Сұрақ-жауап, мазмұндау.	Іштей оқу, тізбектей оқу, аудару, сұраққа жауап беру, мазмұндау, өлең оқу.	Кәртiшке.
2 минут	Қорытынды: Мұғалімнің сұрағы.	Оқушылар жауап береді.	
1 минут	Кәртiшкелер арқылы бағалау.	Өзін-өзі бағалау.	Перфокарталар.
1 минут	Үй тапсырмасы: Аймақтық компонент «ШҚО қорықтары».	«Қызыл кітапқа» енген аңқұстар, өсімдіктер туралы сөзжұмбақ құрастырып келу.	Дәптер.

Ардақ МАРАТҚЫЗЫ,
Шығыс Қазақстан облысының
Өскемен қаласындағы №126 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ДҰРЫС СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТКЕН АСТАНА

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Астана қаласы туралы жалпы мәлімет беру, жаңа сөздермен таныстыру, сөйлем мүшелері бойынша алған білімдерін бекіту, жаңа сөздермен танысу, модуль бойынша жоспарлы тапсырмаларды орындату; **дамытушылық** – оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдысы мен қисынды ойлау, ойға сақтау, сауатты сөйлеу, жазу, топта жұмыс істеу қабілеттерін дамыту, үйренген сөздерін ауызекі сөйлеуде қолдана білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – Отанға, туған елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, туған Отанын мақтан тұтуға баулу.

Типі: модульдік технологияны пайдаланып, интерактивтік тақтаны қолдану арқылы өткізілетін сабақ. **Түрі:** жаңа сабақ, сөйлесу бөлімі. **Әдісі:** сұрақ-жауап, сөйлем құрау, көрнекілік, баяндау, топтық жұмыс, ізденіс. **Көрнекілігі:** интерактивтік тақтадағы тақырыпқа байланысты суреттер, кітаптар, бейнеролик.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен амандасу.
2. Кезекшіні тексеру. Оқушыларды түгелдеу.

Тілдік ортаға енгізу:

- Бүгін нешесі?

- Аптаның қай күні?

3. Қазақ тілі сабағына дайынбыз ба?

4. Оқу құралдарын тексеру.

Лексикалық жаттығу:

- Балалар, біз сендермен қандай модуль өтіп жатырмыз?

- «Менің елім» дегенде нені елестетеміз?

- Біз қай мемлекетте тұрамыз?

- Қазақстан қандай мемлекет?

- Оның қандай рәміздері бар?

- Отан туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

- Тәуелсіз мемлекетке тағы нелер тән?

- Бүгінгі біздің өтетін тақырыбымыз – «Дұрыс сөйлеуге үйреткен Астана».

- Астана дегенде нені елестетесіңдер?

III. Жаңа сабақты меңгерту (баяндау әдісі):

- Балалар, біздің бүгінгі сабақтағы мақсатымыз: әр түрлі тапсырмалар, жаттығулар, ойындар өткізу арқылы білімімізді тереңдету, сөздік қорымызды арттыру. Сөйлем мүшелерін қайталап, грамматикалық тапсырмаларды орындап, білімімізді бекіту.

Біз бүгін сендермен топтық жұмыс атқарамыз.

Оқушыларды екі топқа бөлу.

IV. Сөздік жұмыс.

- Жаңа мәтінмен таныспас бұрын жаңа сөздермен танысайық:

Астана – столица, елорда;

бас – главный;

әйгілі – известный;

қасиетті – священный;

көрікті – красивый;

айналу – превратиться;

зәулім – высотный;

әсерлі – впечатляющий;

орда – центр.

Сөздерді бірнеше рет оқып, қайталау, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрау.

Сөздіктеріне жазғызу (2 мин.)

V. Мәтінмен жұмыс (8 минут).

Оқулықтағы «Астана» мәтінін оқу.

- Мәтіннен не түсіндіңдер?

- Мәтін бойынша сұрақ қойыңдар.

«Ел ордасы – Астана» бейнеролигін көру.

Мақсаты: қазір біз сендермен Астана туралы ролик көреміз, сендердің мақсаттарың – көре отырып, өзара әңгімелесіп, алған әсерлеріңмен бөлісу.

- Балалар, роликтен қандай әсер алдыңдар?

- Астана туралы қандай өлеңдер білеміз?

4 оқушы шығып өлең оқиды.

1-оқушы:

- Көк туды көкке ілгізген,
Ғаламға құлақ түргізген,
Заманға пырақ мінгізген,
Түндері бірдей күндізбен,
Бұл Астана – менікі!

2-оқушы:

- Астананың жыр етіп тым жастығын
Мақтан тұтты халқымыз тың астығын!
Символы бұл үш жүздің бірлігінің,
Қазағымның танытқан тұтастығын!

3-оқушы:

- Кәрі-жасы, бәрінің де
Айтатыны – Астана!
Ел көгерген астанасы
Осы ма әлде басқа ма?
Мен – Астанаң, мен – Ордаңмын!
Мұнда түгел тілегің...

Ел ордасы – астанасы,
Шаш нұрыңды әлемге!
Білім туын қолыңа ұстап,
Тұтқа болшы бар елге!

4-оқушы:

- Алдымыздан мол үміт, шырақ жанып,
Болашаққа тағы да тұр аттанып.
Бас қаласы елімнің – Астанасы,
Көркейе бер, гүлденіп, қуаттанып.

Мәтін бойынша деңгейлік тапсырма: (5 минут)

1-топ – диалог. Бір оқушы сұрақ қояды, екінші оқушы жауап береді.

2-топ – монолог. Бір оқушы бастайды, қалғандары жалғастырады.

VI. Сергіту сәті.

Сөйлем мүшелерін қайталау.

- Сөйлем мүшелері дегеніміз не?
- Сөйлем мүшелері нешеге бөлінеді?
- Олар қандай?

Интерактивті тақтада сөйлемдерге синтаксистік талдау жасау.

Қала көркейді.

Асан кеше мұражайға барды.

Астанаға шетелдік туристер келді.

Айгүл кеше Астанадан келді.

Грамматикалық тапсырма. Сөйлем мүшелері.

Интерактивті тақтамен жұмыс.

1-топ берілген сөздердің қайсысы қай сөйлем мүшесіне жататынын тауып, сөздерді сол ұяшыққа орналастырады.

2-топ осы сөздерді пайдалана отырып, Астана туралы шағын әңгіме құрастырады.

Керекті сөздер	Сөйлем мүшелері
Ғимараттар Орналасқан Елордасы Айналды Үйлер Зәулім Қазақстан Республикасының Бүгінгі күні Көрікті Бар Орталыққа Астанада Көркейді Солтүстік Қазақстанда	<div data-bbox="586 128 876 227" style="border: 1px solid black; padding: 5px; text-align: center;">Бастауыш</div> <div data-bbox="671 249 964 348" style="border: 1px solid black; padding: 5px; text-align: center;">Баяндауыш</div> <div data-bbox="586 388 876 487" style="border: 1px solid black; padding: 5px; text-align: center;">Анықтауыш</div> <div data-bbox="671 510 964 609" style="border: 1px solid black; padding: 5px; text-align: center;">Толықтауыш</div> <div data-bbox="586 649 902 748" style="border: 1px solid black; padding: 5px; text-align: center;">Пысықтауыш</div>

«Домино» ойыны. Интерактивті тақтада берілген доминоларды сәйкес қойып, сөз тіркестерімен сөйлем құрау.

	Астананың орналасқан жері
--	---------------------------------

	«Бәйтерек» монументі
--	-------------------------

Бастауыш, баяндауыш	
------------------------	--

Ту, елтаңба, әнұран	
---------------------------	--

Астана қаласының символы	Мемлекеттік рәміздер
--------------------------------	-------------------------

Еліміздің символы	«Қазақстан – 2030»
----------------------	-----------------------

Қашан? Қайда? Қалай?	
----------------------------	--

	Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері
--	-----------------------------------

	«Қазақстан барысы»
--	-----------------------

	Елбасының жолдауы
--	----------------------

Солтүстік Қазақстан	Пысықтауыш сұрақтары
------------------------	-------------------------

Мұғалім: - Балалар, енді жұмысымыздың қорытындысын шығарайық.

VII. Сабақты қорытындылау.

Бекіту:

- Балалар, біз бүгін қандай тақырып өттік?
- Біз не үйрендік?
- Сөйлем мүшелерінің неше түрі бар?

VIII. Бағалау.

IX. Үйге тапсырма беру.



Ләззат ЕРСАРИНА,
Қостанай облысының
Жітіқара қаласындағы
№12 орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

ДҰРЫС СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТКЕН АСТАНА

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Ел ордасы – Астана туралы жан-жақты білімдерін кеңейту, алған білімдерін

тапсырмалар арқылы бекіту. Сұрақтарға жауап беру, ойды жүйелеп айту дағдыларын қалыптастыру; **дамытушылық** – сөздік қорын байыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, дұрыс сөйлеуге үйрету; **тәрбиелік** – өз Отанын, халқын, жерін сүйуге, отансүйгіш, ұлтжанды азаматтар тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, суреттер, флипчарт.

Әдіс-тәсілдері: интерактивтік оқыту әдісі, мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап, сөйлемдер құрастыру, мәнерлеп оқу.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар?
- Бүгін кезекші кім?
- Балалар, қазір қай жыл мезгілі?
- Көктем айларын атаңдар?

2. Өткен сабақ бойынша сөздерді қайталап, сөз жұмбақты шешу.

Қазақ тіліне аудару.

Флипчарт (1-слайд)

1. памятник;
2. площадь;
3. гостиница;
4. музей;
5. торговля;
6. парк.

- Ортасында қандай сөз шықты? **Елорда.**

3. Жаңа тақырып.

Бір оқушы тақтадағы тақпақты мәнерлеп оқиды.

(2-слайд)

Ә) Фонетикалық жаттығу.

Тақпақты дауыстап оқу, буынға бөлу, буындарды ажырату (2-слайд).

Жа-са, жа-ңа Ас-та-нам,
Өр-кен жая бас-та-ған!
Ас-қақ-тай бер, Ас-та-нам,
Бе-ре-ке-ге бас-та-ған!

Мұғалім: - Астана – күн сайын өсіп келе жатқан әдемі, көрікті жерлері көп қала. Бүгінде Астананың аты әлемге әйгілі. Астана қаласының тарихын біліп алайық.

Б) Мәтінмен жұмыс (3-слайд):

Мәтінді оқу.

Қазақстанның астанасы – бұрынғы Ақмола қаласы. Ақмола қаласы 1953 жылдан бастап «Целиноград» деп аталған. 1995 жылдан бастап «Ақмола» атын қайтып алды. 1998 жылдың жазынан бастап Елбасының жарлығымен «Астана» деген атқа ие болды. Астана – біздің еліміздің бас қаласы. Отанымыздың астанасы. Қала солтүстік Қазақстанда орналасқан. Бұл – көрікті де үлкен қала. Астана – бейбітшілік және достықтың қаласы.

Астана жылдан-жылға көркейіп келеді. Жаңадан салынған ғимараттар мен әдемі алаңдары көз тартады. Қалада үш бидің ескерткіштері бар. Ескерткіштер орталық даңғылда тұр. Жаңа астанада көптеген құрылыс жүріп жатыр. 2012 жылы Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы тойланды.

В) Сұрақтарға жауап беріндер. (4-слайд)

1. Қазақстанның бұрынғы астанасы?
2. 1953 жылдан бастап қалай аталды?
3. 1998 жылдың жазынан қалай аталды?
4. Астана Қазақстанның қай жерінде орналасқан?
5. Астана қандай қала?
6. Жаңа астанада не жүріп жатыр?

7. Жаңа астанада көптеген құрылыс жүріп жатыр.
8. 2012 жылы Тәуелсіздігіміздің неше жылы тойланды?
9. Астанада болдыңдар ма?
10. Қазақстан Республикасының Президенті кім?
11. Еліміздің мемлекеттік тілі – қай тіл?

4. Астана қаласына саяхат (5-слайд).

Мұғалім: - Балалар, біз сендермен Астана қаласына саяхат жасаймыз.

- Мен сендерге билет сатып алдым, билетте сөз жазылып тұр, сендер тақтаға шығып сөздерден сөйлем құрастырыңдар (интерактивті тақтада орындалады).

Жазғы демалыста мен Астанаға барамын.

Астанада менің досым тұрады.

Астананың көшелері кең, таза.

Мен Астананы сүйемін.

Бірінші аялдамамыз – Астана-Бәйтерек монументі (6-слайд)

Оқушы Бәйтерек туралы өлең оқиды.

Бәйтерек – Астананың төріндегі,

Өресі биіктіктің өмірдегі.

Аялы алақаны Елбасының,

Секілді өшпейтұғын сенім мөрі.

Самсаған қара орманым – байтақ елім,

Сынға сап сан жақсыны байқап едің.

Еңсесін елдігіңнің биіктеткен –

Ортаңда бойлап өскен Бәйтерегің.

- Балалар, Бәйтерекке міну үшін осындай тапсырма орындауымыз керек.

Флипчарт «Адасқақ ойыны» (9-слайд)

Ертегі тыңдап, тапсырма орындау керек.

Септік атаның жеті баласы болыпты, бірақ қайсысы бірінші туғаны есінде жоқ. Көмектесейік.

Септіктерді атау:

Атау септік;

Ілік септік;

Барыс септік;

Табыс септік;

Жатыс септік;

Шығыс септік;

Көмектес септік.

Олардың немерелерін дұрыс табу керек. Немере сөзін септеу (9-слайд)

- Тапсырманы жақсы орындадыңдар. Жарайсындар.

Бәйтерек – бас қаламыздың символы. Монументтің биіктігі – 97 метр.

Бәйтерек – Есілдің сол жағындағы бой көтерген алғашқы сәулет туындысы. Бәйтерек – әлемдегі ең соңғы үлгідегі сәулет туындысы. Мұндай әсем ескерткіш Түркия астанасы Анкарада және Австралияның Сидней қаласында бой көтерген.

- Міне, балалар, Бәйтерекке мініп, көріп саяхатымызды жалғастырамыз.

(Дәптерімізді ашамыз, бүгінгі күнді жазамыз)

Келесі аялдамамыз – «Думан» ойын-сауық орталығы.
(10-11-слайд)

Оған жету үшін мына тапсырманы орындауымыз керек. Біріншіден, зат есімді қайталаймыз.

«Қайталау – оқу анасы» (10-слайд),

Мақалдың бір данасы.

Өткенді еске түсірсең,

Ешкімнің жоқ таласы» деп зат есімді қайталайық.

- Зат есім дегеніміз не?

- Қандай сұраққа жауап береді?

- Мағынасына қарай нешеге бөлінеді?

(Мәтіннен жалқы зат есімді табу, дәптеріне жазғызу,

интерактив тақтада астын сызу) флипчарт (12-слайд)

Мен Астана қаласында тұрамын. Астанада қыс ұзақ болады. Есіл өзені қаланы екіге бөліп тұрады. Ақорда, Үкімет үйі, Парламент, Жоғарғы сот; Министрліктер үйі, «Бәйтерек» монументі, Бейбітшілік пен ынтымақтастық сарайы Есілдің сол жағында орналасқан. Астанаға шетелден қонақтар көп келеді. Астана – біздің мақтанышымыз.

- Тапсырманы жақсы орындадыңдар. Жарайсыңдар.

«Думан» ойын-сауық орталығы мұхитарал, кинотеатр, дәмханалар жүйесі мен залдардан тұрады. Ал орталық бөлігі серуен мен тынығуға арналған.

Тапсырма: Интерактив тақтада және дәптерлерінде «Думан» сөзін септеу (13-слайд).

- Жақсы. Жарайсыңдар.

Соңғы аялдама – «Бейбітшілік пен ынтымақтастық Сарайы» (14-слайд).

Аялдамаға жету үшін мақал-мәтелдерді толықтырыңдар. (15-слайд)

- Балалар, осы мақалдарды қалай түсінесіңдер?

Тәрбиелік мәні: Өз Отанын, халқын, жерін сүйуге, отансүйгіш, ұлтжанды азаматтар болуға тырысыңдар.

- Міне, балалар, Бейбітшілік пен ынтымақтастық Сарайына келдік.

Астанадағы бейбітшілік пен ынтымақтастық сарайы сияқты архитектуралық наным нысандары бүкіл әлемде жоқ. Ғажайып жобаның авторы – британ сәулетшісі

Норман Фостер.

Сөйлемдердің дұрыс, бұрысын анықтау керек
(Интерактив тақтаға шығып, бұрыс сөйлемдерді
көрзеңкеге тастау, 16-слайд).

1. Біздің мемлекетіміздің бас қаласы – Астана.

2. Қазақстанның тарихындағы үшінші астанасы –
Қызылорда.

3. Алматыда «Думан» ойын-сауық орталығы бар.

4. «Астана-Бәйтерек» монументі – 57 метр.

5. Астана – болашағы үлкен қала.

6. Ақмола бұрын Целиноград деп аталған.

7. 1998 жылы 6 мамырда Ақмола атауы Астана болып
өзгертілді.

8. Бейбітшілік пен ынтымақтастық Сарайының авторы
– британ сәулетшісі Норман Фостер.

- Жарайсыңдар, балалар.

Мұғалімнің сөзі: - Қазақстан Республикасы президен-
тінің Мәдени Орталығы.

Мұнда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мұражайы
мен Сәкен Сейфуллин атындағы Республикалық көпшілік
кітапханасы орналасқан.

Мұражайда қазақтың дәстүрлі әшекей бұйымдары,
көне жиһаздар, сирек кездесетін кітаптар, фотоқұжаттар
сақталған.

5. Бекіту.

- Балалар, бүгін біз үлкен тақырыпты өттік. Астана
қаласына саяхат жасадық.

6. Тестілеу (үлестірмелі қағаздар).

Тест сұрақтары (17-слайд).

1. Астана қаласының рәмізі:

а) ту; ә) елтаңба; б) әнұран; в) Бәйтерек.

2. Астанада кімнің ескерткіші бар?

а) Абай; ә) Шоқан; б) Шәкәрім; в) Сәкен.

3. Астана Арқаның орналасқан:

а) сол жағында; ә) төрінде; б) алда; в) оң жағында.

4. Астана қала:

а) көне; ә) ескі; б) таза; в) әсем.

5. Астана қаласының тұсаукесер тойы:

а) 1998; ә) 1991; б) 1997; в) 1995.

6. Астананың бұрынғы аты:

а) Ақтобе; ә) Алматы; б) Ақмола; в) Орал.

7. Астана қай өзеннің бойында орналасқан?

а) Еділ; ә) Қарасу; б) Есіл; в) Жайық.

8. Дұрыс жазылған сөйлемді тап:

а) Астана – сұлу әрі таза қала.

ә) Астана – ұқыпты қала.

б) Астана ең сұлу, жас қала.

в) Астанада сұлу қала.

9. «Астана – столица Қазақстана» аудармасын тап:

а) Астана – күшті қала.

ә) Астана – Қазақстанның астанасы.

б) Астана – Қазақстан қаласы.

в) Астана жас қала.

10. Астананың түған күні:

а) 6 шілде; ә) 10 шілде;

б) 10 маусым; в) 6 маусым.

- Сендерге бүгінгі сабақ ұнады ма?

- Ал, енді, Астана туралы эссе жазыңдар.

- Бүгінгі сабағымыз аяқталды, рақмет!

7. Үй жұмысы (18-слайд): Астана туралы шағын

шығарма.

Анар ДАЙЫРОВА,
Көкшетау қаласындағы
№8 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖАҢА СӨЗДЕРДІ МЕНГЕРТКЕН – МЕНІҢ БӨЛМЕМ

(1-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – өткен сабақты бекіте отырып, жаңа тақырып бойынша оқушылардың білімдерін молайту, жаңа сөздерді меңгерту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, жаза білу дағдыларын қалыптастыру; **дамытушылық** – оқушылардың суретпен жұмыс арқылы ойлау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ойын элементтері арқылы сабаққа белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды өз үйлерін, бөлмесін таза ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, әдебиет, сурет. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, оқу, жазу, аудару, ойын элементтері, сурет салу. **Көрнекіліктері:** слайдтар, қазақ тіліне тән дыбыстар, жұлдыздар, үйдің суреті, музыка.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

- Амандасу.

Мейірімді жүрекпен,

Ақпейілді тілекпен

Амандасып алайық,

Бір жадырап қалайық!

1. Жалпы сәлемдесу.

- Сәлемет пе, күн!

- Сәлемет пе, гүл!

- Сәлемет пе, сынып!

- Сәлеметсіздер ме, мұғалімдер!

- **Балалар, бүгін біздің сабағымыз ерекше сабақ болмақ.** Себебі бізге бүгін қонақтар келіп отыр. Қонақтар біздерді танымайды ғой. Біз өзімізді қонақтарға таныстырып өтейік.

Кім өзі туралы айтып береді?

2. Оқушылар өзі туралы таныстырады.

- Ал, енді, өзімізді таныстырдық. Мұғалімдер сендер туралы білді, мәлімет алды.

3. Тән дыбыстармен жаттығу.

- Енді, тән дыбыстарға байланысты ойын ойнайық.

Ойын: «Кім жылдам?» деп аталады. Қолдарыңа әріптерінді алыңдар. Сөздерден кім бірінші әріпті көрсетсе, сол жұлдызша алады.

Дәптер, кітап, қуыршақ, ұя, күн, көше, ағаш, шаң, гауһар.

- Дұрыс таптыңдар, жарайсыңдар! Әріптерді танимыз. Тағы тән дыбыстарға қандай жаңылтпаштар білеміз? Есімізге түсіріп айтайықшы.

4. Ә, Ұ, І, Ө, Қ дыбыстарына байланысты жаңылтпаштарды айту.

II. 5. Үй жұмысын тексеру.

Енді үйге берілген өткен сөздерді қалай жаттап алғандарыңды көру үшін келесі ойынды ойнап жіберейік.

Ойын «Аудармашы» деп аталады.

Кім көп сөз аударарды, сол аудармашы атанады және жұлдызша алады.

- Жарайсыңдар! Сөздерді өте жақсы біледі екенсіңдер.

- **Осы сөздер қандай тақырыппен байланысты болды?**

- **Өткен сабақтарда қандай тақырыптармен таныстық?**

- Біздің аула. Біздің үй. Үйлер.

6. Әр адам өз үйінде тұрады, біз де бүгін өз үйімізді құрастырып, салып көрейік. Бәріміз бірге үй құрастырайық.

- **Үй құрастыру үшін не керек?**

- Қабырға, шатыр, терезе, есік.

- **Қарандаршы, сендер қандай әдемі үй құрастырдыңдар?**

- Мынау – біздің үйіміз.

- **Бұл үй қандай?**

- Әдемі, үлкен үй.

- **Үйдің іші неге бөлінеді?**

- Бөлмелерге бөлінеді.

III. Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын айтып беру.

7. - Бүгін сабағымыздың тақырыбы «**Жаңа сөздерді меңгерткен – менің бөлмем**» деп аталады. Бұл сабақта біз жаңа сөздермен танысамыз, сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырамыз, суретпен жұмыс істейміз.

8. Сөздікпен жұмыс.

Сөздерді таныстыру. Оқушылар хормен қайталайды.

Сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру:

шам – лампа;

кілем – ковер;

кереует – кровать;

айна – зеркало;

сурет – рисунок, картина.

Біз сөздермен таныстық. Осы сөздермен сурет бойынша сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырамыз. Қатысқан оқушыға жұлдызша беріледі.

9. Сурет бойынша жұмыс.

Оқушылардың жауабы.

1. Жасыл кілем. Үлкен гүл. Үлкен терезе. Кішкентай кереует. Қоңыр қонжық. Сары үстел. Әдемі сурет. Жасыл кілем.

2. Бөлме әдемі, таза. Үстелдің үстінде кітап жатыр. Үстелдің үстінде шам тұр. Үстелдің астында кілем жатыр. Бөлмеде әдемі гүл, кереует, сурет бар.

3. **Келесі сурет бойынша сөйлемдер құрастырамыз.**
Орындықтың үстінде мысық отыр. Орындықтың астында ит жатыр.

IV. Сергіту сәті.

- Ал, енді, демалып, бойымызды сергітіп алайық.

V. Жұмбақ шешу.

- Балалар, сендер жұмбақ шешуді жақсы көресіңдер ме?
- Ал, енді, жұмбақ шешіп көрейік.

1. Көкшіл айна үйдегі

Көрсетеді киноны. (Теледидар)

2. Алдына келесің,

Өзіңді көресің. (Айна)

Осы заттар сендердің үйлерінде, бөлмелерінде бар ма?
Бүгінгі өткен сөздеріміз – әр адамның үйінде, бөлмесінде кездесетін заттар.

VI. Жазбаша жұмыс.

Жазбаша жұмыс орындаймыз. Жоғалып қалған әріптерді табайық.

Сөздегі жоқ әріптерді қойып, жазайық. Әр оқушы тақтаға шығып жазады.

Б...лме, к...лем, г...л, қабыр...а, жа...а, ...демі, ...абат, ж...ма, жи...аз .

VII. Сабақты бекіту:

- Қазір сендердің алдарыңа сурет таратамын. Бұл суретті түрлі-түсті қарындашпен бояйсыңдар. Осы суреттерді мен сендерге сыйға тартамын.

Түстерді бекіту. Шатырды, қабырғаны, терезені, есікті қандай түспен боядың?

Осы үйімізді, өзіміздің бөлмемізді қалай ұстауымыз керек?

Тағы не істеуіміз керек?

VIII. Қорытындылау:

- Балалар, бүгін не істедік?
- Қандай жаңа сөздермен таныстық?
- Қандай ойын ойнадық?
- Тағы не істедік?
- Қандай тақырып өттік?

IX. Бағалау.

- Жарайсындар! Бәріңіз жақсы жұмыс істедіңіздер.

X. Үйге тапсырма: 110-111-бетті оқу, сөздерді жаттау.



Жұмабике ОРАЗБАЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
Петропавл қаласындағы
Бірінші қалалық жалпы
білім беретін лицейдің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУГЕ ДАҒДЫЛАНДЫРҒАН ҚАЗАҚСТАН

(3-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – оқушылардың алған білімдерін пысықтап, қайталау; **дамытушылық** – тез ойлау, ауызекі сөйлеуге дағдыландыру. Оқушының ақыл-ойын, білімге ынтасын дамыту, сөздік қорын байыту; **тәрбиелік** – оқушыларды Отанын сүйуге баулу, патриоттық сезімдерін

ояту. **Түрі:** қайталау сабағы. **Көрнекілігі:** слайдтар, суреттер, кеспелер. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, әңгімелеу, ойқозғау, іздендіру, сұрақ-жауап, ойын.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Сәлемдесу.

2. Психологиялық дайындық:

- Армысың, асыл күн!

Армысың, асыл жер!

Армысың, көк аспан!

Армысың, жан досым!

Жылуыма жылу қос,

Міне, менің қолым бос.

- **Армысыздар, құрметті қонақтар!**

- Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбын сөзжұмбақ шешу арқылы білеміз. «Сөзжұмбақ»

1. Дала құсы? /қыран/

2. Бір елде тұратын адамдар?/халық/

3. Күздің екінші айы?/қазан/

4. Шешесі баласына кім болады?/ана/

5. Ата-анамызға, өзімізге не тілейміз?/бақыт/

6. Ең жақсы адамың?/дос/

7. Сен оқып жүрген мекеме? /мектеп/

8. Шаһар сөзінің синонимі. /қала/

9. «Мечта» сөзінің орысша баламасы. /арман/

Сөзжұмбақтың негізгі сөзі қандай?

- Қазақстан.

- Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – «Ауызекі сөйлеуге дағдыландырған Қазақстан».

Біз сендермен бірлесіп, модуль бойынша алған білімдерімізді пысықтап, қайталаймыз.

- Балалар, сөзжұмбақтың негізгі сөзі «Қазақстан» болып шықты. Бұл мемлекет атауы, ал біз Қазақстанды - біздің

Отанымыз дейміз, себебі ол біздің өмір сүріп жатқан туған жеріміз. Ал, Отан сөзіне қандай синоним сөздерді білесіңдер? Атап жіберіңіздер.

- Туған жер, туған өлке, туған ел, атамекен.
- Мемлекеттік рәміздерге нелер жатады?
- ҚР-ның туының авторы кім?
- ҚР-сы әнұранының сөзі мен әнін жазған кімдер?
- Елтаңбаның авторларын атап беріңіздер.
- Қазақстанның елордасы қай қала?
- ҚР –ның тұңғыш Президенті кім?
- Қазақстан қандай мемлекет?
- Дұрыс, балалар, тәуелсіз, егеменді, көп диаспоралы

Қазақстан – ол біздің туған жеріміз, өлкеміз, еліміз, атамекеніміз, бір сөзбен айтқанда, Біздің Отанымыз. Отан туралы көп мақал-мәтелдер бар. Сендер қандай мақал-мәтелдер білесіңдер? Айтып беріңіздер.

II. Үй жұмысын тексеру.

III. Оқулықпен жұмыс. Дәптерлеріңді ашып, бүгінгі күнді жазып алыңдар. Оқулықтарыңды ашыңдар, 87-беттегі 1-жаттығуда берілген мәтінді оқып, аударамыз. Бәріміз мұқият тыңдаймыз.

а/ мәтінді мұғалім өзі оқиды;

ә/ сөздікпен жұмыс: көрнекті жерлер – достопримечательности;

мүдірместен – без запинки;

б/ оқушылар мәтінді оқиды, аударарды.

- Жақсы, ал енді қай? сұрау есімдігін қолданып, мәтін бойынша бірнеше сұрақ құрастырыңдар.

- Рақмет, жарайсыңдар! Қазақстанды «Туған елім» деп тек қана қазақтар айтпайды, себебі біздің елімізде бір шаңырақтың астында тату-тәтті жүз отыздан астам ұлт өкілдері тұрады. Бәріне де Қазақстан – туған Отаны. Ал, ендеше, мәтін бойынша жұмысымызды жалғастырамыз.

IV. Ойын ой шақырады.

«Мәтін бөліктері» ойынын өткіземіз.

Сендер 3 топқа бөлініп отырсындар. Әр топқа тапсырма беріледі.

1- топ «Кіріспе»-мәтіннің кіріспесін табу.

2-топ «Негізгі бөлім»- мәтіннің негізгі бөлімін табу.

3-топ «Қорытынды»-мәтіннің қорытындысын табу.

5 минут ішінде әр топ өз жауабын айтып береді.

- Балалар, Қазақстан – бүкіл әлемге танымал мемлекет.

Шетелден біздің Отанымызға көп қонақтар келеді. Олардың ішінде Америкадан келген қонақ балалар бар, оның ұлты-ағылшын, аты – Мэри, бізге мынадай хат жолдапты. Мэри қазақ тілін жаңа үйреніп келе жатыр екен, сондықтан хатында қателері бар. Біз қазақ тілін үшінші жыл үйреніп жүрміз, Мэридің хатындағы қателерді тауып, түзетейік.

V. Ойын – «Ойлан, тап». Мэридің хаты.

- *Сәлем, бала! Мен болдым Қазақстанда. Әдемі Қазақстанда көп бар өзен, тау, көл. Тұрады көп ұлт өкілдері. Мен келеді Қазақстан туралы білгім көп. Сәлеммен, Мэри.*

Мэридің хатында қандай қателер бар? Бұл қателер неліктен кеткен? Иә, қазақ тілінде сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі ережесін білмегендіктен.

- Қазақ тілінде етістік әрқашанда сөйлемнің соңында тұрады.

- Дұрыс, балалар, Мэри екі тілді біледі екен, ал біз үш тілді оқимыз: орыс тілін, қазақ тілін, ағылшын тілін. Қазір біз Мэриге үш тілде сөйлейтінімізді көрсетеміз.

VI. «Полиглот» ойынын ойнаймыз.

Тапсырма: Парақта әр топқа екі-екіден сөз берілген, сөздерді үш тілде: қазақша, орысша, ағылшынша дәптерге жазу, айту.

1-топ. Родина, земля.

2-топ. Дружба, национальность.

3-топ. Страна, столица.

- Жарайсыңдар, балалар, үш тілде жақсы сөйлей алады екенсіңдер. Мәри сендердің білімдеріңе таң қалған шығар. Біз көп жұмыс орындадық, сергіту сәтінің кезі келіпті.

VII. СЕРГІТУ СӘТІ.

- Балалар, биыл Қазақстанның тәуелсіздігіне неше жыл болады?

Жиырма екі. Біздің елімізде өз мемлекеттік мерекелеріміз бар. Оларды анықтау үшін мынадай тапсырма орындайық.

VIII. «Сандарға тіл бітсе» атты ойын.

Әр топтың алдында жатқан сандар мен сөздерден Қазақстанға байланысты атаулы күндерді жасап, сәйкес сөйлем құрастырады.

4 маусым 1992 жыл – Қазақ елінің Елтаңбасы мен Мемлекеттік Туы қабылданған күні.

1992 жылы маусым айында Тәуелсіз Қазақстан Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қабылдады

1 желтоқсан – ҚР-ның Тұңғыш Президенті күні.

Н.Ә.Назарбаев – тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті.

16 желтоқсан 1991 жыл – ҚР-ның Тәуелсіздік алған күні.

- Жарайсыңдар, балалар, дұрыс айтасыңдар. Желтоқсанның бірі күні Қазақстан халқы тұңғыш Президенті күнін тойлады, алдымызда ҚР-ның Тәуелсіздік күні, сондықтан сендерге мынадай тапсырма беремін. Өз ата-аналарыңызды келе жатқан мерекемен құттықтап, өз тілектеріңді жазыңдар.

Бір оқушы құттықтауын дауыстап оқиды.

IX. Сабақты қорыту.

- Жарайсыңдар, балалар, келесі сабақта құттықтауда жіберілген қателерің болса түзетеміз, ал қазір сабағымызды қорытайық. Сабақты бес жол өлеңмен аяқтаймыз.

Не?	Қазақстан.
Қандай?	Тәуелсіз, егеменді.
Не істейді?	Сүйеміз, тұрамыз, ардақтаймыз.
Сөйлем	Қазақстан – туған еліміз.
Синоним	Отан.

Х. Үй тапсырмасы: Мен сендерге үш деңгейлік тапсырма әзірледім. Үзілісте маған келіп өздерің таңдап аласыңдар.

1. Қызыл кеспе. Мәриге өзіміздің, еліміз, жеріміз, рәміздеріміз, өзіміз туралы хат жазу.
2. Көк кеспе. Мәтін бойынша диалог құрастыру.
3. Сары кеспе. Мәтінді оқу, аудару, әңгімелеу.

XI. Рефлексия. Бағалау.

Түсіндім, басқаларына көмек беруге дайынмын.

Бәрін түсіндім.

Түсіндім, бірақ көмек керек.

Ештеңе түсінген жоқпын.



Тияштық ӘБЕТАЕВА,
Астана қаласындағы
№35 лицей-мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

ЖІКТІК ЖАЛҒАУЫН ОҚЫТҚАН ШЫН ДОС

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, достық ұғымы туралы түсінік беру.

Оқушылар арасындағы достық сезімдерін дамытуға ықпал ету. Оқушыларды сыйластыққа, әдептілікке, шынайылыққа, адалдыққа тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ойқозғау.

Көрнекілігі: суреттер, мақалдар, кесте.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.

- Балалар, бүгінгі сабақтың тақырыбы қазіргі көрсетілетін суреттердің бірінші әрібінен тұрады.

Тақтада *дос, орындық, сызғыш, тақта, ыдыс, қалам* суреттері көрсетіледі. (2-слайд) Ендеше, біз бүгін достық туралы әңгімелесеміз. Қай кезде, қай жаста болса да, адам өмірінде достықтың орыны бөлек. Сен досыңмен сырласасың, сабаққа бірге дайындаласың, бос уақытыңды бірге өткізесің. Сондықтан оған өте жауапкершілікпен, байсалды қарау керек. Бір-біріне пейілі-ықыласы түскен, көзқарасы мен ой-ниеті үйлескен, мінездері сыйымды адамдар ғана дос болады.

«Досыңды көрсет, мен сенің кім екеніңді айтамын»

- деген бір дана кісі. Бұл достардың жан дүниесі, ой-өрісі, талғамы, әлеуметтік көзқарасы жағынан жақын болады дегенді меңзейді. Дос туралы көптеген мақалдар, өлеңдер бар.

Балалар сабақта өздері дайындаған мақалдарын айтып береді.

3. Үй тапсырмасын тексеру.

Тақтада мақалдың басы жазылған, оқушылар аяқтайды. (3-слайд)

Ағаш тамырымен мықты,

Адам

Жақсымен жолдас болсаң –

жетерсің мұратқа,

Досы көпті

Жау алмайды ...

Заттың жаңасы жақсы, ...

Доссыз адам – ...

Жақсы жолдас жанға серік ...

Досы көппен – сыйлас ...

Балалар «Дос» тақырыбында өлеңдер оқиды, осы кезде интерактивтік тақтада олардың суреттері көрсетіледі.

Кім өз досы туралы әңгімелеп береді?

- Балалар, енді грамматикаға көңіл бөлейік. Жіктік жалғауды қайталаймыз. Кесте арқылы жіктік жалғауды еске түсіреміз. Кітаппен жұмыс. 4-тапсырма (ауызша).

Интерактивтік тақтада «*дос*» деген сөзді жіктейді.

Сергіту сәті (шеңбер құрамыз).

Мен – біреу

Мен, сен – екеу

Мен, сен, ол – болдық үшеу.

Біз деген – көптік,

Көптік деген – достық.

Бір-бірімізге жақсы тілектер айтамыз.

Біз доспыз, себебі бір мемлекетте тұрамыз.

Біз доспыз, себебі бір-бірімізге көмектесеміз.

Біз доспыз, себебі бір мектепте оқимыз.

Біз доспыз, себебі бір сыныпта оқимыз.

Біз доспыз, себебі бірге ойнаймыз.

Біз доспыз, себебі бірге киноға барамыз.

Біз доспыз, себебі біз татумыз.

4. Жаңа сабақ.

а) сөздікті оқимыз, жазамыз.

ә) сөз тіркесін құрамыз.

Адал достық, ұлттар достығы, бірге ойнау, адамдардың

сыйластығы, балабақша әдемі, үлкендерге жәрдемдесу.

б) Мәтінді тыңдау.

в) Мәтінді оқу.

Достық.

Достық – адамдар арасындағы үлкен сыйластық. Менің Еркеш атты досым бар. Ол екеуміз бала бақшадан доспыз.

Бір сыныпта оқимыз. Бос уақытымыздың бәрін бірге өткіземіз. «Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа; жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа» деген қанатты сөз бар, халқымызда. Мен осы сөздің шындығына әр уақытта көз жеткіземін. Еркеш екеуміз бір-бірімізге қол үшін беріп, жәрдемдесуге даяр тұрамыз.

Бір-бірімізді сыйлаймыз. Біз екеуміз татумыз. Ол – оқу озаты. Тәртібі үлгілі. Ата-анасын сыйлайды.

Мен екеуміздің достығымызды мақтап етемін.

г) Деңгейлік тапсырма:

I деңгей. Сұрақтарға жауап бер(тақырыпқа арналған сұрақтар қойылады).

II деңгей. Берілген сөздерден сөйлем құр.

III деңгей. Мәтіннен бірнеше сөйлем оқып, аудар.

5. а) Дәптерге бірінші, ақырғы сөйлемді жазамыз.

ә) Жіктік жалғауы бар сөздерді теріп жазамыз.

6. Сабақты қорытындылау.

Дос қандай болу керек?

а) Дос бір-біріне тірек болу керек.

ә) Қиындықта қасыңнан табылуы керек.

б) Талғамы, көзқарасы жақын болуы керек.

в) Ниет таза, жан дүниесі сау адамдар ғана дос болуға лайық.

г) Достың сырын өз сырыңдай сақтай білу керек.

7. Тест.

1. Достық дегеніміз не?

А) сыйластық; Ә) татулық; Б) әдептілік.

2. Еркеш екеуі қашаннан дос?

А) бірінші сыныптан; Ә) былтырдан;
Б) балабақшадан.

3. Жақсымен дос болсаң, жетерсің

А) табысқа; Ә) жеңіске; Б) мұратқа.

4. Сен нені мақтан етесің?

А) достығымызды;
Ә) сыйластығымызды;
Б) тәрбиемізді.

5. Еркеш ата-анасын

А) тыңдайды; Ә) сыйлайды; Б) біледі.

6. Жіктік жалғауы -

А) -ым, -ім, -м; Ә) -мын, -мін; Б) -да, -де.

7. Жіктік жалғаудағы сөзді тап.

А) үлкендер; Ә) оқушыда; Б) доспыз.

1. А, 2. Б, 3. Б, 4. А, 5. Ә, 6. Ә, 7. Б

Дос бір-біріне тірек болу керек.

Қиындықта қасыңнан табылуы керек.

Талғамы, көзқарасы жақын болуы керек.

Ниет таза, жан дүниесі сау адамдар ғана дос болуға

лайық.

Достың сырын өз сырындай сақтай білу керек.

8. Бағалау.

Үйге тапсырма: сөздік, 94-бет, 4-тапсырма. «Достық» әңгіме жазу. 4 сөйлем.

9. «Жан досым» әнін орындайды.

Меруерт ТАБЫЛҒАНОВА,
Қарағанды қаласындағы
№53 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛЫҒАН «ҮШ БАҚЫТЫМ»

Сабақтың мақсаты: білімділік – өлеңді мәнерлеп оқуға, жатқа оқуға дағдыландыру. Ақын өлеңінің идеясын түсіне білуге жағдай жасау; **дамытушылық** – ақын шығармаларын талдай отырып, әр оқушының сөйлеу тілін дамыту. Өз бетінше ізденуге, шығармашылыққа баули отырып, өз пікірін айта алатын шәкірт дайындау; **тәрбиелік** – оқушыларды отансүйгіштікке, тіл, сөз өнерін құрметтей, кәсіпкерлікке білуге тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Көрнекіліктер:** интерактивті тақтамен жұмыс, ақынның портреті, буклеттер, т.б.

Сабақтың ұстанымы: «Қазақ тілін білген адам Мұқағали поэзиясын сүймеуі мүмкін емес, Мұқағали поэзиясын сүйген адам еліне, жеріне адал, табиғатына жанашыр бола алады.»

Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім:

- Наташа, бүгін наурыздың нешінші жұлдызы?
- Бүгін наурыз айының 16-жұлдызы.
- **Хафиз**, бүгін аптаның қай күні?
- Бүгін аптаның сәтті күні.
- **Лена**, бүгін далада ауа райы қандай?
- Күн жылы, адамдар жылы киімдерін шешті.
- **Богдан**, сенің көңіл күйің қандай?

- Рахмет, Лена, менің көңіл күйім жақсы
- **Мұғалім**, сіздің көңіл күйіңіз бүгін қандай?
- Рахмет, Богдан, бүгін менің көңіл күйім көтеріңкі!
- **Малика**, алдымызда қандай мейрам келе жатыр?
- Алдымызда Ұлыстың ұлы күні, Наурыз мерекесі келе жатыр

- **Тамирис**, бізге үйге қандай тапсырма берілді?
- Бізге «Бала Мұқағали қандай еді?», яғни, ақынның жастық шағы жайлы біліп, оқып келуге берді.

Мұғалім:

- Ал, кәне, балалар, ақынның жас кезінде қандай бала болғаны жайлы барлығымыз білгіміз келеді емес пе? Кәне, үй тапсырмасын кім айтады екен?

Сакина:

- Мұқағали өте зерек, алғыр болатын. Ол өлең сөзді бәрімізден бұрын жаттап алушы еді. Жаттаған өлеңдерін мәнерлеп оқуға құмар болатын еді, – дейді ақынның досы Әбдіке Асанов.

Милана:

- Мұқағали қанша қиындық көрсе де сабағын өте жақсы оқыды. Ол, әсіресе, әдебиет пәнін ұнататын.

Хафиз:

- Сабақтан тыс ақын концерт ұйымдастырып, спектакль қойып, басты рөлдерде өзі ойнайтын.

Ельчин:

- Мектептегі қабырға газеті Мұқағалисыз шықпаушы еді. Ол сабағы нашар оқушыларға сықақ өлең жазатын.

Кристина:

- Ол бала кезінен таза, ұқыпты жүретін. Салақ, үсті басы кір-қожалақ балаларды жеккөретін.

Амина:

- Ақын әділетсіздікке жаны қас еді. Үлкеннің алдын кесіп өтпейтін. Өзінен кішілерге қамқорын аямайтын.

Александр:

- Мұқағали әжесі Тиынның қолында өскен. Ақынның дамуына әжесі қатты әсер еткен.

Жаңа сабақ.

Мұғалім: - Біз, сіздермен өткен сабақта ақынның өмірбаянымен таныссақ, бүгін ақын өлеңдерін оқып, білеміз.

Поэзия Пайғамбары атанған Мұқағали Мақатаевқа өлең жазудан артық бақыт жоқ еді. «Өлең – менің тынысым, адал досым, жұбанышым» деген екен ақын. Ендеше, біз сіздермен ақынның «Үш бақытым» атты өлеңімен танысамыз.

Мұғалім: - Балалар, мен өлеңді мәнерлеп оқимын, мені жақсылап тыңдап отырыңдар.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

2. Сөздікпен жұмыс.

3. Әр шумаққа тоқталып, өлеңнің мазмұнын түсіндіремін.

4. Өлеңді оқушыларға жеке, хормен оқытамын.

5. Өлеңнің шумақ, тармағын анықтаймын.

Тапсырмалар.

6. - Балалар, сонымен ақынның үш бақыты не екен?

Халық

Тіл

Отан

Мұғалім:

- Балалар, ақын Халқын, Тілін, Отанын қандай көркем сөздерге теңейді?

Халық

Тіл

Отан.

Қымбаттырақ алтыннан. Қасиетті тіл. Отан Отан да ыстық.

7. Халық, Тіл, Отан сөздерінің синонимін тауып көрейік.

Халық - ел, жұрт. Тіл – діл, дін.

Отан - туған жер, атамекен.

8. Мұғалім:

- Балалар, осы Халық, Тіл, Отан сөздеріне түсінік беріңдер, қорықпай кетейікші.

Халық.

1. Халық дегеніміз – Қазақстанда тұратын адамдар.
2. Елімізде 16 млн. халық тұрады.
3. 130-дай ұлт өкілдері тұрады.

Тіл.

1. Тіл дегеніміз – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас құралы.

2. Қазақстанда 130-дай тіл бар.
3. ҚР-ның Мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

Отан.

1. Отан – әр адамның туып өскен жері.
 2. Отан – сенің отбасың.
9. Келесі тапсырма – әрі ойын, әрі оқу. Оқушылар өлеңді оқып, кітапты жабады да, мына тапсырмаларды орындайды: «Үш бақытым» өлеңінің 1-шумағының кей сөздерін аударасың, 2-шумағында Ребусты шешесің, 3-шумақтың бір тармағында сөздердің орыны ауыстырылған, соны дұрыстауы тауып, орынына қою керек.

Үш бақытым

**Ең первое бақытым-Халқым менің,
Соған берем ойымның золото кенін.
Ол бар болса, я бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ из золота нарқым менің.**

**Ал екінші бақытым-... -і м менің,
Тас –ті ... -кіммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті ... -імнен түңілмедім.**

**Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Кім мықты?-десе біреу, – Отан дер ем.
...Сөнген оты жалғанда барсың ба жан
Ойланбай-ақ кел-дағы от ал менен..**

Сергіту сағаты:

М.Мақатаевтың сөзіне жазылған «Сәби болғым келеді» өлеңін орындаймыз.

10. - Балалар, Отан, тіл, халық туралы мақал-мәтел, өлеңдер білеміз бе?

11. - Балалар, сендер айтып кеткендей, ақын жас кезінен өлең жазды дедіңдер. Бүгін біз де ақын ағамызға ұқсап өлең жазсақ қайтеді? Отан, тіл, халық, бақыт тақырыбына «**Бес жолды өлең жазып көрелік**»

Рефлексия:

- Ал, балалар, бүгінгі сабағымызды қорыта келе, ақын өлеңіне сатылай кешенді талдау жасайық.

1. Авторы: М.Мақатаев.

2. Тақырыбы: «Үш бақытым.»

3. Жанр түрі: Өлең.

4. Шумақ: 3

5. Тармақ:12

6. Әр шумақтың мәнін ашатын көркем, бейнелі сөздер:

1-шумақ: Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

2-шумақ: Қасиетті тіл.

3-шумақ: «Отан оттан да ыстық»

Өлеңнің идеясы: ақынның туған жеріне, халқына,тіліне деген шексіз махаббаты айтылады.

Мұғалім:

- Мұқағалидай ақыны бар халық – бақытты халық. Қазіргі таңда Мұқағали – ең көп оқылатын ақынның бірі. Оның жырлары адамға күш-қуат беріп, елімізді, жерімізді сүйеге, оларға қашанда қамқор бола білуге тәрбиелейді.

Оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма: «Үш бақытым» өлеңін жаттау.

Назгүл БОЛАТБАЙ,
«Тайпақ» жалпы орта
білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
«Қарауылтөбе» ауылы.

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНДЕ – ЖАНҒА ЖАҚЫН ЖЫРЛАРЫ

Мақсаты: М.Мақатаевтың өмір жолымен, шығармашылығымен оқушыларды таныстыру, Отанды, туған жерді сүйуге, әнді, өлеңді қадірлеуге тәрбиелеу, ақын жырларынан үлгі алу, оқушының сөйлеу мәдениетін дамыту, эстетикалық талғамы бар сауатты оқушы дайындау.

Түрі: поэзия сағаты.

Сырым да осы,

Жырым да осы

Алдыңда.

Байқашы бір,

Бықсыдым ба, жандым ба?

Махаңдар жоқ,

Махаңдардың сарқыты –

Мұқағали Мақатаев бар мұнда!

1-жүргіуші:

- Қайырлы күн, қадірменді жыр сүйер қауым! Қазақтың кара өлеңін кие тұтқан, жүрегiнiң түбiнен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықты махаббатына

Мүқағали Мақатаев шығармашылығына арналған «Сөйлеу мәдениетінде – жанға жақын жырлары» атты кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

«Арыз жазып кетейін». Алдоңзаров Думан.

2-жүргізуші:

- Бұл өлеңінде ақын көңілінің түкпіріндегі өкпесін өлеңмен білдірген. Бүгінгі күні ақынның болашаққа жазған арызы оқырмандарына жетті деп те айтамыз, себебі уақыт керуені алға жылжыған сайын М.Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздай жарқырап айшықтала түсуде. «Өмір жайлы, өзің жайлы әлі талай келер ұрпақ толғайды. Туған күнін тойлаған шын ақынның өлген күні болмақ емес, болмайды» деп ақынның өзі жырлағандай, ақынды еске алу – бүгінгі күннің борышы.

1-жүргізуші:

- Иә, болашаққа қара өлеңмен арыз жазып кеткен хас талант ақынның өлеңі ғой бұл. Ақын «Поэзия махаббаттан басталып, парасатпен аяқталуы тиіс. Барым менің, балам менің, жарым, жақсылығым менің – поэзия, тек сені сақтап қалсам екен», - дейді.

«Поэзия». Самиголлин Рауан.

2-жүргізуші:

- Ақиық ақын өлеңдерін үлкен де, кіші де сүйсіне оқиды, таңырқай оқиды. Ақын өлеңдерінің өміршендігі олардың мағынасы терең мазмұнында, кез келген адамның жүрегіне жетер қарапайымдылығында жатса керек. Өлең – өнер, өлең – дерт, оны туа біткен дарын иесі, шын талант қана дүниеге әкеледі, жүрек пен сезімнің отына орап, ақ қағазға түсіреді. Сол ақ қағаз иесін тапқан әрбір сөз жүректерге ән болып, әуен болып жетіп жатады. Талантты ақын Мүқағалидың көптеген өлеңдеріне ән жазылып, сахна төрінде шырқалып жүр.

«Жарығым-ай». Құлымжанов Нұрмұқан.

1-жүргізуші:

- *О, махаббат!*

Сен әлі тірі ме едің?

Көзімнен гайып болған күнім едің,

Гүлім едің, елтіген түнім едің,

О, махаббат!

Сен әлі тірі ме едің?- деген сырлы ақынның жастық алау

шағында жазған махаббат, ғашықтық жайындағы өлеңдер топтамасы – бір арна.

«Ғашықпын». Қабдырахимов Мерхан.

2-жүргізуші:

- Туған жерге, елге, халқына, Отанына, ана тіліне деген махаббат сезімі ақын ретінде оның басты тақырыбы еді. Ақындықпен айналысқан 30 жыл ішінде ол көзімен көргендерін, ақындық санамен түйсінгендерін қазақтың қара өлең үлгісімен төгілтіп жырлай берді, жырлай берді.

«Ұлыма». Файноллин Сағынгерей.

1-жүргізуші:

- Ақын шығармаларының үлкен бір саласы – оның поэмалары. Ең асылы, ең биігі – «Аққулар ұйықтағанда». Мұқағали поэзиясындағы табиғатты аялау сезімі, адамгершілік көзқарасы жатыр. Табиғаттың еркесі, сұлулық рәмізі – аққулардың бейнесінде адал сезімдер жырланады. Осы поэмасын оқыған Ғабит Мүсірепов ақынға қатты риза болып, алтын қаламсабын сыйлаған екен. Бұл поэма 1973 жылы «Жалын» жинағында жарияланады. Енді поэмаға кезек берейік.

«Аққулар ұйықтағанда». Көрініс.

2-жүргізуші:

- *Тірлігінде шекпен кимей, шен алмай,
Еңбегінің қызығын да көре алмай,
От боп жанып өтіп кеткен ақынға*

Мәңгілік қып өмір берген өлеңді-ай!- деп Айтақын

Әбдіқал жырлағандай келесі өлеңі – «Өлең деген тумайды жайшылықта». Ізімғалиева Шынар.

1-жүргізуші:

- Қазақ поэзиясының аспанында ерекше нұрланып, жанып, жарқырап өткен біртуар ақын Мұқағали Мақатаев, Яғни, Мұхамедқали, өзі тебіреніп жырлап өткен Қарасаз өңірінде, құнарлы топырақта, қасиетті мекенде 1931 жылы дүниеге келеді.

2-жүргізуші:

- Жеңгелері Пайғамбардың аты аталатын бұл есімді атауға жүрексініп, оны Мұқағали деп атап кеткен. Ақынның өзі де бұл есімін жақсы көретін. Қандай ашуы келсе де, балаларды көргенде майдай ериді екен. Балажан ақынның қабырғасын қайыстырған 10 жасар қызы – Майгүлдің мезгілсіз қазасы болды.

«Майгүлге». Бірлесов Ернұр.

1-жүргізуші:

- *Жалғасы бар жырымның, жалғасы бар,
Жырларым, жырларыммен жалғасыңдар.*

Сел-жырым ақтарылса арнасынан,

Селкілдеп тау мен тасың әрең шыдар,

Жалғасы бар жырымның, жалғасы бар,- деп тебіренген

ақын жырының жалғасындай болып біздің мектебімізде Мұқағали жырларынан үлгі алып, өз сезімдерін жырмен өрнектеген талантты шәкірттердің бірі – Төлебаева Тәттігүлге сөз кезегін береміз.

«Ақынға арнау». Төлебаева Тәттігүл.

2-жүргізуші:

- Ақын жүрегі сезімтал ғой. Ол замандастары мен кейінгі ұрпағының өзін өлеңдерімен бірге еске алып жүрерін алдын ала сезді ме? Осы орайда сазгер Нұрғиса Тілендиевтің мына сөзі еске түседі: «Мұқағали дүниеден өткен соң, қатты күйзелдім. Жүрегім әлсіреп, 2 ай емханада жаттым. Арада 2 ай өткен соң, жұмысқа шықтым. Бешпентімнің қалтасынан хат шықты. Мұқағалидың жазуы: «Аға, мен ғой. Дертім қозып барады. Не боларын білмеймін. Мынаған назар аударып көріңіз», - депті. Бұл «Есіңе мені алғайсың» әні еді.

1-жүргізуші:

- Жылдар өтер... әлі небір ақындар дүниеге келер. Бірақ қара өлеңнің құдіретін аспанға бір-ақ көтерген Мұқағали есімі қашанда биіктен көрінер. Мұқағали поэзиясы әрбір мезгілмен бірге, әр ұрпақпен бірге мәңгілік жасай бермек.

2-жүргізуші:

*- Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім!*

- Иә, өлең өлмейді. Ендеше ақын да өлмейді. Олай болса, Мұқағали Мақатаев та көз жұмған жоқ. Тілін сүйген, халқын сүйген, Отанын сүйген жастардың қатарында, туған жері мен табиғатын, ғашығын сүйген әрбір қазақ жасының жүрегінде! Өлеңін рухани азық еткен, халқына бақыт сыйлаған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың рухына арналған поэзия кешімізді тәмамдаймыз.

Арайлым СЕРІКБАЕВА,
Алматы қаласындағы
№4 оқушылар үйінің
мұғалімі.

ҚҰРҒАҚ СӨЗГЕ ЖОҚ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР

Мақсаты: ұлттық салт-дәстүрімізді жаңғырту, ұлттық сана-сезімін ояту, жан бітіру үшін құрғақ, жаттанды сөздерге бой ұрмау. Ұлттық айшық оюларды, ән-билерді білуді, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаш, өтірік өлеңдерді білуді – оқушылардың санасына құю. Халықтық педагогиканы оқу-тәрбие жұмысына басып бүтін орнықтыру.

Көрнекілік: қанатты сөздер, альбомдар, оқушылардың қолөнерінің көрмесі.

Шарты:

1. Ұлттық киімі.
2. Ана тілінде таза сөйлеуі.
3. Ұлттық айшық, оюларды білуі.
4. Мақал-мәтел, өтірік өлеңді білуі.
5. Ұлттық ән-күйлерді, билерді білуі.

Жүргізуші:

- Ал, құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар!

Халқымыздың әдет-ғұрпы мен дәстүрін, тарихын біліп, оны қастерлеу, бүгінгіміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру – әрқайсымыздың борышымыз. Қазақ халқының ұлттық игілікті дәстүрін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, елдің елдік мәдениетіне кір келтірмеу – міндетіміз.

- «Құрғақ сөзге жоқ ұлттық салт-дәстүр» тақырыбындағы тәрбие сағатымызды бастаймыз.

1. Әділ қазылар алқасын сайлау. Бүгінгі тәрбие сағатымыз тартымды, қызықты өту үшін екі топқа бөлініп, аты, басшылары, ұрандарымен танысайық.

I топтың басшысы – Арина.

Топтың аты – Алғыр.

Ұраны: «Алғырлықты қалаймыз, сайысқа әркез жараймыз».

II топтың басшысы – Яна.

Топтың аты – Білім.

Ұраны: «Сапалы білім, саналы тәртіп».

2. Жеребе тасталынады.

3. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» демекші, қазір қыздарымызды ою оюға шақырамыз.

(5 минут)

4. Үйге берілген екі тақырып бойынша өлең оқу.
(Тақырып: Желтоқсан, Наурыз)

5. Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімі қалыптасып, ой-қиялы дамиды (Екі топ жаңылтпаш айтады).

6. Қазақ халқы – сөз қадірін біліп, қасиетті сөзді қастерлеп, әңгімесін терең мағыналы сөздермен зерлеп келе жатқан халық.

Қазақ мақал-мәтелдерінің көбірек қамтитын тақырыптары: елдік, ерлік, туған жер, өнер-білім, батырлық төрт түлік туралы. (Мақал-мәтел айтамыз).

7. Халық ертеден-ақ жұмбақтардың алуан түрлерін шығарған. Жұмбақ шешеміз.

8. Қазір екі топқа екі сөз беріледі:

I топқа – Ұстазым.

II топқа – Отбасым.

Осы сөзден әр түрлі сөз шығарып, оны орысшаға аудару керек.

9. – Міне, балалар, бүгінгі тәрбие сағатымыз аяқталып келеді.

Оқу мен тәрбие үдерісін ізгілендіру мен демократияландыру, еліміздің егемендік алуы, халқымыздың тәрбиеге ден қойып, халықтық педагогиканың асыл қазынасына бет бұруы, сендерді соның нәрімен сусындату – болашаққа сеніммен қарауға негіз болуда.

Қазақ халқының педагогикасы жаңаша дәстүрлермен, тамаша салт-саналарымен дами береді. Біз оның тәрбиелік мәнін тиімді және жан-жақты пайдаланып, ұлттық тәрбиені өркендете беруге міндеттіміз.

10. Келесі кезекті әділ қазылар алқасына береміз.

11. Сыйлықтарды беру.

12. Хор «Қазақстаным» әнін орындайды.

Балжан ТОЙКЕНОВА,
Семей қаласындағы
№9 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТІЛ ТАҒДЫРЫН ОЙЛАТҚАН – ЕЛ МЕН ЖЕР

Ана тіліміздің орасан байлығы мен қуаты, кемелдігі мен кеңдігі - ешқандай талас тудырмайтыны – ақиқат. Өйткені біздің тіліміз қазақ халқының сан ғасырлар бойы тарихтың тегеурінді сынақтарынан аман-есен өтіп, қаймағы бұзылмай сақталды.

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деп айқын бағдар берген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзіне сүйене отырып, ұлттың ұйытқысына айналған, тілдің тағдырына шынайы жанашырлықпен қарау, оны насихаттау – ұстаздың басты мақсаты. Ендеше, келешекті жасайтын жас буынды тәрбиелеп, мемлекеттік тілде жетік сөйлей білуінде ұстаздың атқаратын орыны ерекше. Орыс тілінде оқитын мектептерде сабақтан тыс өткізілген сахналық-сабақ үлгісін ұсынып отырмын. Бұл сахналық сабақтың мақсаты – оқушыларға Қазақстан мемлекетінің бүгінгі тәуелсіз, саяси болмысын анық түсінуі мен тіліміздің қазіргі халін айқын көрсету үшін, кешегі өткен тарихымызды терең ұғындыра келе, ата-бабамыздың ақырғы қаны тамғанша, осынау ұлан-байтақ жерді найзаның ұшында, қылыштың жүзінде

жүріп қорғағанын көрсету және де Абылай хан бейнесі арқылы оқушыларды Отанға деген сүйіспеншілік, табандылық рухында тәрбиелеу.

(Баяу музыка ойналып тұрады. Сахналық сабақтың музыкалық сүйемелдеуі «Көшпенділер» кинофильмінен алынды.)

1-көрініс: (Сахна ішінде Абылай ханның ордасы безендірілген.)

Автор:

- Атамыз Абылайды үш жүздің игі жақсылары боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ киізге орап, хан ғып көтерген екен. Сол күннің түнінде ол бір ғажайып түс көріп шығыпты (Абылай хан би, батырлардың ортасында).

Абылай:

- Маған Бұқар жырауды шақырындар (Бұқар келеді).

Бұқар:

- Ассалаумағалейкум, хан ием! Сіз шақырыпты деген соң алдыңызға келдім. Өзіңіз ойлы отырсыз ғой, не болды, хан ием?

Абылай:

- Мен бүгін түс көрдім. Бұл түс жай түс емес сияқты. Сол көрген түсімді жорышы, Бұқар (Түсін айтады).

Абылайдың түсі: «Астымда жалын құйрық жүйрігім бар. Сарыарқаны серуендеп келе жатыр едім. Алдымнан бір арыстан тұра қашты. Арыстанды қуып жетіп, ішін жарып жібердім. Оның ішінен бір жолбарыс шықты. Жолбарысты да қуып жетіп, ішін жарып жібердім. Жолбарыстың ішінен бір көкжал қасқыр шыға келді де, тұра қашты.

Көкжал қасқырды да қуып жетіп, ішін тіліп жібердім. Одан бір қызыл түлкі ата жөнелді. Қызыл түлкіні де қуып жетіп, қарынын жарып жібердім. Оның ішінен құрт-құмырсқа, бақа-шаян, жылан-кесіртке ақтарыла түсті. Бірақ бұлар менен қашпады. Олардың бәрі атымның сауырына, жалына жабыса бастады. Шошынғаннан айқалап жіберіп едім, оянып кеттім. Жоруын айтшы осы түсімнің!»,- депті Абылай.

Бұқар:

- Рұқсат етсеңіз, мен жоруымды бастайын (Түсті жоруы).

Сонда Бұқар жырау былай деп жорыған екен: «Жалын құйрыққа мінгенің – хан тағына мінгенің. Ал, алдыңнан арыстан қашса, сенен арыстандай айбарлы ұл туады екен. Одан туған бала да жолбарыстай қайратты, жүректі болады екен. Ал көкжал қасқырдың баласы – төртінші ұрпағың, қызыл түлкідей заманына қарай қу болады. Ал, қызыл түлгіден ары қарай тараған тұқымың бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жылан-кесіртке секілді уақтанып кетеді екен»,- депті.

Жауынгер:

- Уа, хан ием! Алыстан қарақұрттай қаптаған қалмақтар бізге қарай жортып келеді. Не бұйырасыз?!

Абылай:

- Хабар бер! Жинаңдар батыр, билерді. Еліміздің, жеріміздің намысын көтеретін қол жинасын! Ел үшін еңіреген ер жігіт батырларымыз – Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Көкжал Барақ – барлығы Арқадағы Бурабайға жасақтарын ертіп келсін.

(Осы кезде барлығы тұрып, бата беріледі).

Қасиетті, Жер-Ана!

Қасиетті, Су-Ана!

Ата – бабамыздың аруағы қолдай көр! Әумин!

Жүрелік! Жау басынар әйтпесе! Аттан! Аттан!

(Музыка ойналып, сахна ақырын жабылады).

2-көрініс.

Автор:

- Мен – қазақтың қаныммен, сүйегіммен,
Сән-салтанат салтымды сүйемін мен.

Бақ орнатам моланың басына да,
Мұрагермін, оған да иемін мен.

Мен – қазақтың, байтақтың, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.

Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,
Айта бергім келеді, айта бергім.

Мың өліп, мың тірілген қазағымның қазіргі ХХІ
ғасырдағы өмірінен үзінді ұсынамын .

Көрініс. (Дастарқан басындағы жастар: екі ұл, екі
қыз бала)

1-оқушы:

- У нас Еркоша такой умный, он «Машину времени»
изобрел. Давайте поднимем бокалы за нашего Еркошу!

2-оқушы:

- Еркоша, жасаған машинаң жақсы екен. Бізді отыр-
ғызып қыдыртпайсың ба?

3-оқушы:

- А вот родного казахского языка и традиции не знаю.

4-оқушы:

- Ну, ладно, успокойся! У меня идея! Бүгін мына машинаны сынап көрейік, ал егер жараса, болашаққа барайық!

1-оқушы:

- Ал, отырыңдар, дайынсыңдар ма! Кеттік ендеше!

3-көрініс:

Автор:

- Қадалып қайта жау шапқанда,
Сау қалдық найзадан да, қылыштан да.
Қираған көп- көп қала, көп-көп қорған,
Түңілмей үміт күттік аппақ таңнан.
Бір сүйем жерімізді жауға бермей,
Қазақпыз қайсарлығын сақтап қалған!

Абылай хан бастауымен, батыр-билер қостауымен жаудың бетін қайтарып, басқыншыларға ойран сап, жеңіспен оралады. Ақ ордада жеңіс тойы тойланады. (Ақ ордадағы той көрінісі. Би биленіп, ән салынды.)

Абылай (Орнынан тұрып):

- Ата-бабаның аруағымен ант етемін!

Кешегі өлген батырлардың қанымен ант етемін!

Бүгінгі жылаған жесірлердің көз жасымен ант етемін!

Мен сендерді бақытқа, байлыққа, береке-бірлікке жеткізем! Жетісу – жұмақ мекенің болады! Шыңғыстау – құтты қонысың болады. Қазақ жерінің бір тұтамын да ешкімге бермеспіз, қасық қанымыз қалғанша өз жерімізді, елімізді, ана тілімізді қорғаймыз! Келешек қазақ халқы үшін, біздің ұрпағымыз үшін күресеміз, өмір сүреміз.

Жауынгер:

- Уа, хан ием! Дат! Айтар сөзім бар! (Хан рұқсат береді). Қайдан екенін белгісіз, бір жылтыраған үлкен жұлдыз ба әлде тас па, аспаннан жарқ етіп түсті. Ішінен төрт адам шықты. Не қалмақ, не жоңғар, не қытай екенін білмейміз. Өздері шүлдірлеп біресе қазақша, біресе басқаша сөйлейді.

Өзіңізге алып келдік. Киген киімдері, түрлері бір қызық, таңқаларлық! (Екі жауынгер төртеуін итеріп, алып келеді.)

Абылай:

- Иә, қонақтар сөйлендер. Кімсіңдер? Қайдан келдіңдер? Неге келдіңдер? Ал өзімізге келсек, мен - Абылай ханмын. Мынау - кең байтақ қазақ жері, мынау - менің ел-жұртым. Жақсы оймен келсең, біз қонақжай халықпыз. Барынша күтіп, ат мінгізіп, шапан жабамыз. Ал жаман оймен келсеңдер, біз сендерді тұқымдарыңмен құртамыз! Айтыңдар!

2-оқушы:

- Мен – Еркошамын. Біз сонда XVIII ғасырда жүрміз бе? Болашаққа барамыз деп, артқа түсіп кеттік пе? Точно, мынау Абылай хан, это же наш предок!

1-оқушы:

- Сейчас эти дикари нас убьют. Қашу керек. Ма-ма!

2-оқушы:

- Тура тур. Биз оларға озимиз туралы айтайык.

2-оқушы:

- Біз де қазақпыз. Менің атам, әкем, анам: бәрі – қазақ! Сен – біздің атамызсың. Біз Қазақстан мемлекетінде, XXI ғасырда өмір сүреміз. Біз Еркоша

жасаған машинамен болашаққа барамыз деп сіздерге тап болдық.

Абылай:

- Қазақ болсаң мына шұбарланған тілдерің не? Мына киген киімдерің, сұқпыттарың не? Бойжеткен қыздың әсемдігі мен ер-жігіттің намыс, қайраты қайда?

4-оқушы:

- Біздің заманымызда жастар осылай киінеді. Неғұрлым денеңді жалаңаштасаң, соғұрлым әдемі көрінесің. Шашты қырқып, бет-ауызды бояп, тырнақ өсіріп, маникюр жасаймыз.

Абылай:

- Болашақтан болдыңдар ғой, түсіндім. Енді «Ел тағдыры – Тіл тағдыры» дегендей, ел мен тілдің жағдайын айтшы!

2-оқушы:

- Біз қазір тәуелсіз мемлекетпіз. Егеменді ел болдық. Кең-байтақ жеріміз картадан өз орынын алды. Тілге келсек, қазір мемлекеттік тіл – қазақ тілі болғанымен, көбіміз біле бермейміз. Біз орыс тілін, ағылшын тілін үйреніп, сөйлегенді жақсы көреміз. Бізде орысша білмесең «ауылбай» дейді. Барлығымыз компьютер үйреніп, соткамен сөйлесеміз.

Абылай:

- Уа, заман-ай, Қазағым – қайран елім! Жеткен жерің осы ма? Қан төгісіп, ел мен жер тәуелсіздігі үшін қаншама еңіреген ер жігіт жанын қиды. Зарлап жылаған ана үні, жалына жылаған жесір үні, еңіреп жылаған жетім үні зая кеткені ме? Мен өз жерімді, үш жүзді біріктіріп, болашақтың қамын ойлап, қазағымның ұрпағы өссін-өңсін дедім. Сондағы көрем дегенім осы

ма еді?! Міне, алдыма «қазақпын» деп шүлдірлеп, өз елі мен тілін сыйламаған, менсінбеген ұл-қызды көріп отырмын. Бұқар, айтшы, менің түсім бекер болмағаны ма? Расында да, қазақ арыстандай айбарлы ұлдарынан, еліктей еркелеген қыздарынан айырылып, қазіргі кейпі бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жылан-кесіртке болып кеткені ме? (Төртеуі ойланып, қателерін түсініп, төмен қарады.)

3-оқушы:

– Абылай ата, кешіріңіз! Біз қатемізді түсіндік. Расында да, біз сіздер беріп кеткен асыл мұраны бағалай алмай жүр екенбіз. Елге қайтып, егеменді елдің көк байрағын көтеріп, ана тілді құрметтеп, мәртебесін жоғарылатуға уәде береміз! Сіздер «аманат» қып берген қазақтың кең байтақ жерін қорғауға, сақтауға ант етеміз! Өзіміз сияқты жастарға үлгі боламыз. Келешек ұрпақ тәрбиесіне өз үлесімізді қосамыз! Бас иіп кешірім сұраймыз.

Бұқар:

- Иә, Абылай, мына жастарды кешіріп, еліне қайтарайық. Бұлар қателерін түсініпті. Біздің еңбегіміз зия кетпеген сияқты. Қазақ жері егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болыпты. Тілдің де тағдыры түзелер!

«Үмітсіз – шайтан» дегендей, үмітімізді үзбейік.

«Туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас» дегенді естен шығармайық. (Шымылдық жабылып, «Көшпенділер» кинофильмі әуенінен үзінді беріледі.)

Мұғалім рөлдерде ойнаған оқушыларды марапаттайды.

Гүлмира ӘЛІМЖАНОВА,
Теміртау қаласындағы
№6 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

11-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН БАҚЫЛАУ ДИКТАНТТАРЫ

Бақылау жұмыстарының мақсаты: 2010 жылы оқу бағдарламасында қазақ тілі пәні бойынша қамтылған тақырыптар негізінде оқушылардың білімдерін, сауаттылықтарын бақылау, қатесіз жазу біліктіліктерін арттыру, таза және сауатты жазуға тәрбиелеу.

I тоқсан.

Қараша күз белгісі

Қараша күз келді. Солтүстіктен ызғырық жел соғып тұр. Айдың беті қиқулаған құс. Көпті көрген сары тіс аңшы айдындағы құстар тобына аңыра қарап, дүниенің басқа бір қызығын тамашалап кетіп еді. Өзі құс ату саятына көп шықпаса да, қаз-үйрекке қаршыға, ителгі салғанды, бөдене мен шүрегейге қырғи мен күйкентай салғанды талай-талай тамашалаған. Ол ғана емес, құстар дүниесі, олардың өмірі, әсіресе, ұзақ-ұзақ сапарлары, жолдары — Қамбарбек жанының құпиялы ғашығы, ынтазары еді. Міне, бүгін де күн шықпай шығыстан сәуле көтерілген сайын, құстардан тыныштық кете бастады. Олар тағы да ұзақ сапарға тартпақ. Ең алдымен көл бетіндегі аққулар тобы, сапарға шыққан ұшақтардың моторын қыздырғаны сияқты, қанаттарымен көл толқындарын сабалап, бірін-

бірі қуып, қанат-топшысын қыздыра бастады. Аққулардың ұшуға әзірлігін сезгендей, қаздар, үйректер өз тобын жинап жатты. (120 сөз)

Бурабай

Бурабай – Көкшетаудағы әдемі көл. Суы тұщы және мөлдір. Көлдің ең терең жерінде балықтар айқын көрінеді. Көлдің айналасы – сыңсыған қарағайлы, қайыңды орман. Көкшенің әйгілі шоқылары – «Жұмбақтас», «Оқжетпес» көлді ерекше көрікті етіп тұрады. Сол себепті де жұрт оны «Қазақстан Швейцариясы» деп атайды.

Көлде әр түрлі балықтар бар. Бурабай көлінің айналасында көптеген демалыс орындары орналасқан. Ол – таза ауасымен, қымызымен емдейтін курорт. Бурабай табиғатының көркемдігі жөнінен әлем курорттарының ішінде ерекше орын алады.

Бурабай көлі туралы көптеген аңыздар бар. Көкшетаудың, Бурабайдың табиғаты туралы өлеңдер, әсселер, әңгімелер көп. Табиғат – халық қазынасы. Сондықтан біз оның байлығын пайдалана отырып, қорғайда білуіміз керек. Соған байланысты 1966 жылы біздің елімізде «Халықаралық табиғат қорғау қоғамы» құрылды. «Адамдардың табиғатсыз күні жоқ – табиғаттың оны айтар тілі жоқ» деп ақын жырлағандай, адам да – табиғаттың баласы. (120 сөз)

Шұбат

Шұбат түйе сүтінен ашытылады. Бұл – әрі сусын, әрі тағам. Өйткені, бие сүтіне қарағанда, түйе сүті өте майлы келеді. Оның емдік қасиеті мол. Қыр елінде қымыз бен шұбаттан жазылмайтын ауру кемде-кем. Шұбат – өкпе, асқазан, түрлі ішек ауруларына бірден-бір шипалы сусын.

Қымыз ашыту технологиясына қарағанда, шұбатты ашыту оңай. Өйткені, оны бір қорландырып алса, одан әрі аши береді. Оны қымыз секілді мезгіл-мезгіл пісіп отырудың да қажеті жоқ. Тек кісіге кұйып берерде ғана шайқап-шайқап жіберсе, жетіп жатыр. Сонда шұбаттың көпіршігі жақсы араласады.

Шұбатты торсықта немесе ағаш күбінде ашытады. Осы уақыттарда бір тәулік ішінде шұбат бабына келе бастайды. Торсықты көбінесе түйенің терісінен жасайды. Сабада баптаған қымыз секілді торсықта ашытқан шұбаттың иісі аңқып, ерекше дәмді келеді.

Шұбат – ертеден келе жатқан сусын. (120 сөз)

2-тоқсан.

Ауылда

Біздің ауылды «Қызыл кесік» деп атайды. Ауылдың қақ жарып Боғас өзені өтеді. Арқар, киік, елік лақтарын шұбыртып, өзеннен су ішуге келетін. Оны көріп, біз де мәз-мейрам болушы едік. Ал тау етегінде неше түрлі гүлдер өсетін. Әсіресе, сасыр айырықша еді. Кәдімгі Африкада өсетін пальмаға ұқсас. Қолшатыр сияқты басымызды күн сәулесінен, жаңбырдан қорғайтын. Бірде жалаңаяқ жүріп, аяғыма тікен кіріп кетті. Түйетабанның тамырының ұзындығы 18 метрге жетеді. Мөлшермен айтқанда, есік алдындағы құдықтың тереңдігінен 3 есе артық. Ал, мұндай тереңдікте, тіпті, шөлді алқапта да жер асты сулары бар. Сондықтан болар түйетабан Түркімениядағы Қаракұмда да өседі. Кіп-кішкентай ауылдың осындай табиғат байлығы жыл өскен сайын жұтандап барады. Сол өкінішті.

Біз табиғатты аялайық, қорғайық! «Табиғат – біздің қорегіміз» деп айтсақ та артық емес. (120 сөз)

Қыс

Желтоқсан – қыстың басы. Қыста күн қысқарып, түн ұзарады. Күн көзінің қызуы азаяды. Жер ақ мамыққа оранады. Өзен мен көл де қатады. Терең үйшіктерде жатқан жануарларға аяз әсер ете алмайды. Олардың орыны жылы. Қардан суық өтпейді. Тіпті, қар астындағы өсімдіктерге де суықтың зияны тимейді.

Кейде ұйытқып боран соғады. Ашық күндері қар үстінде ойнау қандай жақсы! Аққала соғып, қар лақтырысасындар! Шанамен таудан сырғанап, шаңғы тебесіңдер. Биіктен төмен сырғанағанда өзіңе қанат біткендей сезінесің. Көк мұздың үстінде коньки тебу қызық-ақ!

Қыс бірден түсе қоймайды. Өзен қатқан мезгілден бастап қыс түсті деп айтуға болады, қыста күн суық болады. Сондықтан жоғары көтерілген бу бірден майда мұз түйірлеріне айналады. Онда мұз түйірі нәзік және үшкір болады. Олар бір-біріне жабысып, пішіні жұлдыз тәрізденеді. Сөйтіп қар болып жерге түседі. (120 сөз)

3-тоқсан.

Парламент

Парламент – еліміздің Конституциясына сәйкес заң шығаратын ең жоғарғы өкілетті орган. Оның құрылымы – қос палаталы: жоғарғы палата – Сенат болса, төменгісі – Мәжіліс. Сенатқа депутаттыққа әр облыстан және Астана мен Алматы қалаларынан екі адамнан сайланады. Сенаттың жеті депутатын республика Президенті тағайындайды.

Мәжіліс жетпіс жеті депутаттан тұрады. Алпыс алты депутат бір мандатты округтерден сайланады. Қалған он депутат өкілеттік жүйе бойынша және біртұтас сайлау округінің аумағы бойынша сайланады. Әр палатаның өз

өкілеттігі мен міндеттері бар.

Қазақстан мемлекеті – бүгінгі таңда президенттік жүйемен басқарылатын демократиялық мемлекет. Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Республикамызда мемлекеттік билік біртұтас.

Еліміздегі билік жүйесі мынадай тармақтардан тұрады: Президент. Үкімет және Парламент. Парламент – заң шығарушы, ал Президент және Үкімет – атқарушы билік болып саналады. (120 сөз)

Қазақ театры

1926-1930 жылдары Алматыда, Ақмолада, Семейде, Петропавлда, Оралда, Қостанайда, басқа да қалаларда клубтар, халық театрлары ұйымдаса бастады. 1926 жылы қазақтың тұңғыш ұлттық театры ашылды. Театрдың дарынды режиссер, артист Жұмат Шанин басқарды.

1933 жылы Алматыда тұңғыш ұйғыр музыкалық драма театры, 1937 жылы Қызылордада корей театры ашылды.

1930 жылы Қазақстан кино өнерінің де негізі салынды. «Ленфильм» студиясы арқылы 1938 жылы «Амангелді» киносы жазылды.

Соңғы жылдарда Қазақстанда драма, кино өнерлері де жақсы дамыды. Қазақ мемлекеттік Абай атындағы опера және балет театры – өзінің кәсіби шеберлігі жағынан дүние жүзіне әйгілі болған театр. Оның іргетасын қалаушылар Күләш Байсейітова, Қанабек Байсейітов, Құрманбек Жандарбеков, Роза Жаманова – қазақ операсының қалыптасуына көп еңбек сіңірген қайраткерлер.

Қазіргі кездегі опера өнерпаздарынан Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, Әлібек Дінішевтер өнері мен таланты халық арасында танымал. (120 сөз)

3-тоқсан.

Бұқаралық ақпарат құралдары

Мерзімдік басылымдар – бұқаралық ақпарат құралдарының бір түрі. Мерзімді басылымдарға газет-журналдар жатады.

Газет-журналдардың адам өмірінде алатын орыны зор. Біз газеттен еліміздегі, шетелдердегі оқиғалардан хабардар боламыз, қызықты жайларды білеміз. Сонымен бірге тарихи оқиғалар, атақты адамдар жайында мақалалар оқимыз. Көптеген газеттерде міндетті түрде теледидар бағдарламасы, ауа райы жайында мәліметтер басылады.

Газет-журналдардың түрі көп: орталық, жергілікті, ресми, жеке меншік, балаларға, жасөспірімдерге, спортқа, музыкаға арналған. Бұл күнде елімізде 1500-ден астам газет-журнал шығады.

Әркімнің өзінің сүйікті газет-журналы бар. Маған ұнайтыны – «Ұлан» газеті мен «Ақ желкен» журналы. Оларды қызығып оқимын.

Ахмет Байтұрсынов айтқан төрт қағида бар. Бірінші: газет – халықтың көзі, құлағы, тілі; екінші: газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе; үшінші: газет – халыққа білім таратушы; төртінші: газет – халықтың жоқтаушысы. (120 сөз)

4-тоқсан.

Мамандық

Мамандық таңдау – әрбір мектеп бітіруші түлектің мақсаты. «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» дейді халық. Барлық адам баласының арманы болады.

Арманшыл адам болашақта дегеніне жете алады. Мамандық пен өнерді өз қабілетіне қарай таңдап алады. Өмірде мамандықтың түрі өте көп. Халық алдына шығып ән салатын әнші болу. Адам өмірінің арашасы болатын ақ халатты дәрігер болу. Шәкірттерді білімге жетелейтін ұстаз болу. Адам жас кезінен бастап өзінің жүрегі қалаған мамандығына қарай бейімделе бастайды. Терең білім алуға талпынады. Өз бетінше ізденеді. Көп оқиды. Түрлі мамандықта еңбек етіп жүрген адам керек. Инженер, дәрігер, мұғалім, ғалым, журналист болу үшін оқу керек. Бақташы, сауыншы, егінші, шопан болу үшін ауылда жұмыс істеу керек. Ал жақсы жұмысшы, кенші, құрылысшы болу үшін өндірісте істеу керек.

Балалық шақ пен болашақ әрқашан үндесіп жатады.
(120 сөз)

Интернет – заман талабы

Бұған дейін сен компьютердің не екенінен хабардар болдың. Енді компьютердің арқасында дүниеге келіп, бүкіл әлемге таралған Интернет деген жүйе туралы әңгімелесе аламыз.

Интернет дегеніміз не?

Интернет дегеніміз – бүкіл әлемде орналасқан, өзара кабелмен, радиомен немесе спутниктік байланыспен жалғасқан аса көп компьютерлер жиынтығы. Басқаша айтсақ, бұл – бір компьютерден басқа бір компьютерге мәліметтер беруге болатын әлемдік компьютерлік жүйе.

Мұндай үлкен компьютерлік жүйе құру туралы идеяны американдықтар өткен ғасырда ойлап тапқан. Америкалық ғалымдар барлық компьютерлер тең құқылы болатын бір орталықсыз жүйе жасауды ойлап тапты. Егер бір компьютер белгілі бір себептерден істен шықса,

қалғандары өз міндеттерін атқара алады.

Іске қосылған жүйеге алдымен Американың университеттері, содан кейін үлкен кеңселері қосыла бастады. 1983 жылы осы жүйені тағы да жетілдіріп, әлем Интернет дәуіріне аяқ басты. (120 сөз)

Әл Фараби

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан әл Фараби – ойшыл, философ, социолог, астроном, математик, физик, лингвист, логик, музыка зерттеушісі. Қазіргі Шымкент облысының жеріндегі көне Фараб қаласында туған. Жиырма жасына дейін сонда оқып тәрбиеленіп, кейін Самарқанд, Бұқара, Хиуа, мұсылман шығысының көп жерлерін аралаған, ұзақ уақыт бойы Араб халифатының саяси, мәдени орталығы – Бағдатта тұрған. Арабтың мәдениеті мен ғылымы дәуірленген шақта сонда оқып, білім алып, ғылыми жұмыстармен айналысқан. Өмірінің соңғы жылдарын Каирде, Алеппода, Дамаскіде өткізген.

Фараби есімі дүние жүзі мәдениеті мен ғылымының тарихында берік орын алды. Оны Шығыстың Аристотелі деп атаған. Артында қалған ғылыми мұрасы өте мол: жүз алпысқа жуық трактат жазған. Олар ғылымның алуан түрлі саласын қамтиды.

Әл Фараби шығармаларының біздің заманымызға жеткені – қырық шақты. Туындылар әлемдегі әр түрлі елдің үлкен кітапханаларында сақталған. (120 сөз)

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Р.Баттал. Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы. А., «Жеті жарғы», 2001.
2. Р.Смағұлова, Б.Тауықбаева. Диктанттар жинағы. Аймақтық баспа орталығы, 2006.
3. Ж.Қалиева. Диктанттар жинағы. Қостанай, 2007.

ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДЫҚ КЕСТЕ

1-в.	Мысалдар	Нақ осы шақ	Ауыспалы осы шақ	Болжалды келер шақ	Мақсағты келер шақ	Ауыспалы келер шақ	Бұрынғы өткен шақ	Жедел өткен шақ	Ауыспалы өткен шақ
1	Мен барғанмын.								
2	Мен келермін.								
3	Ол жазды.								
4	Сен кеше оқыдың ба?								
5	Біз күнде демаламыз.								
6	Сіз жазып отырсыз.								
7	Ол тұр.								
8	Ол көлге шомылатын.								
9	Күн суық болды.								
10	Ол тез санайтын.								

11	Қар жауып тұр.								
12	Түсте той болады.								
13	Ауылға кетпекшіміз.								
14	Ол түсінген жоқ.								
15	Мұны енді естімессің.								
16	Кітапты оқырсыз.								
17	Шай ішпекпіз.								
18	Ол ойнамақ.								
19	Ол қалада тұрады.								
20	Жазда мұнда келмейді.								
21	Ол жүретін жол – осы.								
22	Ол келе жатыр.								
23	Сұрақ қиын болмады.								
24	Жел күшейді.								
25	Көктем шықты.								

26	Ол кеш қалған емес.								
----	---------------------	--	--	--	--	--	--	--	--

2-в.	Мысалдар	Нақ осы шақ	Ауыспалы осы шақ	Болжалды келер шақ	Мақсатты келер шақ	Ауыспалы келер шақ	Бұрынғы өткен шақ	Жедел өткен шақ	Ауыспалы өткен шақ
1	Бала ойнап жүр.								
2	Біз кетпекпіз.								
3	Ұшақ ұшады.								
4	Ұшақ бүгін ұшады.								
5	Күн шықты.								
6	Мереке көңілді өтетін.								
7	Ол асханаға бармас.								
8	Осы кітапты оқырмын.								
9	Маған осы ән ұнайды.								
10	Ол бұл әңгімені естіген жоқ.								
11	Киноны көрді.								
12	Ол ерте оянатын.								

13	Ол сөйлеп отыр.								
14	Ол ағасынан сұрамақ.								
15	Ол бәрін түсінеді.								
16	Мен өтпекпін.								
17	Ол тыңдап отыр.								
18	Ол бақыт тілейді.								
19	Біз айтармыз.								
20	Ол ас дайындаған.								
21	Өлең жаттамақ.								
22	Бүгін дүкен аралайды.								
23	Ол саябақта жүр.								
24	Ол мектепте оқиды.								
25	Ол мектепте оқыды.								
26	Ол осы үйде тұратын.								

3-в.	Мысалдар	Нақ осы шақ	Ауыспалы осы шақ	Болжалды келер шақ	Мақсатты келер шақ	Ауыспалы келер шақ	Бұрынғы өткен шақ	Жедел өткен шақ
1	Ол бірдеңе іздеді.							
2	Мен шаршап жүрмін.							
3	Пойыз Көкшетауға барады.							
4	Пойыз ертең Көкшетауға барады.							
5	Мен осы жолмен жүретінмін.							
6	Біз Астанаға бармақпыз.							
7	Ол бүгін қыдырмас.							
8	Ол ертең қаланы аралар.							
9	Әжем сериал көреді.							
10	Олар табиғатқа шыққан.							
11	Біз Бурабайда демалдық.							
12	Қыздар гүл теріп жүр.							
13	Ұлдар балық аулауға кетпек.							

14	Ол жақсы сурет салады.								
15	Бала шаңғы тепті.								
16	Ол фотоға түсірді.								
17	Бала шомылып жатыр.								
18	Ол дәрі әкелер.								
19	Ол дәрі апарған.								
20	Мен газет сатып алдым.								
21	Ата газет оқып отыр.								
22	Биыл үйренеді.								
23	Ол ашты.								
24	Ол жапқан.								
25	Ол кешке кетеді.								
26	Ертең үйге қайтар.								

Реті	Мысалдар	Одағай сөздер				Қыстырма сөздер				Қаратпа сөздер	
		Көңіл-күй	шакыру	жекiру	шошу	Ой тәртiбi	көзқарас	күмән	растау		Көңiл-күй
1-в.											
1	Тыңда, дала, Жамбылды.										

2	Бұл іс, сірә, алға баспайды.																		
3	Менің айтып отырғаным, сіздіңше, дұрыс емес.																		
4	Бәрекелді, достар түгел жиналыпты.																		
5.	Біріншіден, мен бұл жұмысты білмеймін.																		
6	Ойбай, қаштық!																		
7	Марат, сен ауылда демаласың ба?																		
8	Құрау-құрау, қайда кеттің?																		
9	Бәріміз, шынында, жас едік.																		
10	Жә, сөзді тоқтатыңдар.																		
11	Осының бәрін, әрине, жалғыз адам істей алмайды.																		
12	Пұшайт-пұшайт, келе ғой маған, келе ғой.																		

13	Бақытымызға орай, біз оқуда табысқа жетіп жүрміз.										
14	Шіркін, туған жер ыстық қой.										
15	Бәлкім, сенің айтқаның дұрыс болар.										
16	Қысқасы, ертең жолға шығамыз.										
17	Кел, балалар, оқылық.										
18	Тарт тіліңді, тәйт.										
19	Амал қанша, келістім сөзіңе.										
20	Мен не қылдым, япыр-ау?										
Реті	Мысалдар	Одағай сөздер			Қыстырма сөздер					Қарағна сөздер	
2-в.		Көңіл-күй	шакыру	жекiру	шошу	Ой тәртiбi	көзқарас	күмән	растау		көңiл-күй
1	Қазақтың даласы, шіркін, кең-байтақ қой.										

2	Бұларды, әрине, осы жерде тастауға болмайды.																		
3	Ұялма, балам, жоғары шық.																		
4	Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат.																		
5.	Кә-кә, тамағыңды іше ғой.																		
6	Құдай-ай, бұл не?																		
7	Қап, жолымыз болмады-ау.																		
8	Жә, жай отыр, араласпа.																		
9	Бұл, айтпақшы, өте керек нәрсе.																		
10	Ғажап-ай, мұндайды көрмеппін.																		
11	Өкінішке қарай, бүгін кете алмадым.																		

12	Рас, сенің сөзің дұрыс.																		
13	Дүниеде, сірә, сендей адам жоқ.																		
14	Астапыралла, мені қорқыттың ғой.																		
15	Жақсы аға, қайда жақсы іні?																		
16	Сөйтіп, тағы бір жыл өтті.																		
17	Меніңше, оның ауылы осында орналасқан.																		
18	Пай-пай! Киелі неткен жер!																		
19	Осы айда, қысқасы, жұмысты бітіреміз.																		
20	Ағай, қымыз кімде бар?																		



Айнұр НАҒАШЫБАЕВА,
Қызылорда облысының
Арал қаласындағы
Т.Г.Шевченко атындағы
№13 мектептің мұғалімі.

ТЫҢ СӨЗ БЕН ҚИМЫЛҒА БАЙ АКРОБАТИКА

Сабақтың мақсаты: 1) оқушыларға жаңа сабақты толық меңгерту; 2) қимыл-қозғалыс әрекетін дамыту; 3) ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Керекті құрал-жабдықтар: үскірік, төсеніш.

Түрі: жаңа сабақ.

Әдісі: түсіндіру, көрсету, үйрету, жетілдіру.

I. Ұйымдастыру бөлімі: 15 минут.

1. Жалпы сапқа тұру, кезекші мәліметі, сәлемдесу, сабақтың тақырыбын, мақсатын түсіндіру.

Оқушы киіміне назар аудару.

2. Назар аударатын жаттығулар:

а) Оңға бұрыл 1-2

б) Солға бұрыл 1-2

в) Кері бұрыл 1-2

3. Жүру барысында жасалатын жаттығулар:

а) Аяқтың ұшымен жүру, қол – желкеде.

б) Өкшемен жүру, қол – белде.

в) Аяқтың сыртқы қырымен жүру.

г) Отырып жүру, қол – тіздеде.

Спорттық жүріске көшу.

Жәй жүгіріске көшу.

4. Жүгіру барысында жасалатын жаттығулар:

а) Тізені жоғары көтере жүгіру, кеудені тік ұстау.

б) Өкшені жамбасқа тигізе жүгіру, қол – артта.

в) Оң, сол қапталмен жүгіру, қол – белде.

Жәй жүріске көшу

5. Жүру барысында жасалатын жаттығулар:

а) қол – кеуде тұсында, әрбір қадамға кеудені бұру.

б) әрбір аяққа еңкею.

Бір қатарға сап түзеу.

Санақ бойынша 3 қатарға сап түзеу.

6. Жалпы жетілдіру жаттығулары:

а) аяқ – иық кеңдігінде, қол – белде.

Санақ: 1-2, басты оңға айналдыру.

Санақ: 3-4, басты солға айналдыру.

ә) қол – иықта, шынтакпен толық шеңбер жасау.

Санақ: 1-2, шынтакты алға айналдыру.

Санақ: 3-4, артқа айналдыру.

Жауырынға, белге, аяққа арналған жаттығуларды орындау.

3 қатардан 1 қатарға сапқа тұру.

II. Негізгі бөлім: 25 минут.

Арнайы икемділікті қалыптастыру жаттығулары:

- 1) Шалқалап жатып дене көтеру, әр оқушы 10 реттен.
- 2) Етпетінен жатып дене көтеру, әр оқушы 10 реттен.
- 3) Оң қапталмен жатып дене көтеру, әр оқушы 10 реттен.

- 4) Сол қапталмен жатып дене көтеру, 10 реттен.

5) Шынтақты жерге тіреу арқылы жауырынға тұру.

Шалқалап жату қалпынан аяқтың ұшын бастан асыра еденге тигізуге тырыса отырып, бел еденнен көтерілген кезде алақанмен мықынды қаусыра ұстап, қолды белге тіреу керек және қолды шынтақтан бүгіп, оны дененің астына қарай көбірек жіберіп, бұдан кейін аяқты жоғары қарай созады да, шынтақты тірей көтерілу арқылы жауырынға тұру қимылы орындалады. Жауырынға тұру тәсілін орнықтыра түсу үшін аяқпен мынадай әр түрлі қимылдар жасау ұсынылады: аяқты бүгу, алшақ ұстау, бір аяқты алға, екінші аяқты артқа қарай жіберу және т.б. Бұл жаттығуды бастапқы қалыпты өзгерту арқылы қиындатуға болады, яғни, екі аяқты бірге соза ұстап отырып, жауырынға тұру керек. Аяқты сүйемелдеп ұстау қауіпсіздендірудің және оған көмек берудің элементі болып табылады.

- 6) Оқушыларды жекелеп жауырынға тұрғызып бағалау.

III. Қорытынды бөлім: 5 минут.

Жалпы сапқа тұрғызу. Сабақ барысын қорытындылау. Қателіктерін айту. Жақсы және нашар орындаған оқушыларды атау.

Үйге тапсырма беру. Оқушылармен қоштасу.

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.**

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 05.04.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1554. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – “Према” ЖШС.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№4, 2013 ж., 144 бет, Алматы.